

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Б.БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Н.Т.САХАНОВА;
Н.Б. МАЙЛЫБАЕВА**

**ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ СОТҚА ДЕЙНГІ ТЕРГЕП-
ТЕКСЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

ҚАРАҒАНДЫ 2016

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ Б.БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Н.Т.САХАНОВА;
Н.Б.МАЙЛЫБАЕВА**

**ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ СОТҚА ДЕЙНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

ҚАРАҒАНДЫ 2016

Оқу құралында Қазақстан Республикасының жаңа ҚПК тұжырымдамасы мен қылмыстық іс жүргізу жүйесін қайта құруды зерделеу аясында қазіргі кезеңдегі сотқа дейінгі мәселелері, қылмыстық істерді тергеудің негізгі теориялық және практикалық аспектілері баяндалады.

Оқу құралы құқықтану мамандығы бойынша жоғарғы оқу орындарында білім алатын студенттер мен курсанттарға, сондай – ақ оқытушылар мен құқық қорғау қызметкерлеріне арналған.

Оқу құралында материалдарын жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісі кезінде «қылмыстық процестік құқығы» курсына оқыту барысында, сонымен қатар тергеу және заң шығару тәжірибесінде қолдануға болады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
1.СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ	9
1.1. Тергеулік түсінігі мен оның белгілері.....	9
1.2. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің органдары мен нысандары.....	23
1.3.Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі, оның маңызы мен ұзарту тәртібі.....	33
2. ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮРГІЗУ	38
2.1. Тергеу әрекеттерінің түсінігі, түрлері және жүйесі.....	38
2.2. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы шарттары мен ережелері.....	45
2.3.Қарап-тексеру: түсінігі мен түрлері. Оны жүргізудің негіздері мен жалпы ережелері.....	50
2.4. Күдіктінің іс-әрекетін саралауды анықтаудың түсінігі мен маңызы..	66
2.5. Қазақстан Республикасындағы ҚПК процесілік келісім туралы.....	74
2.6.Анықтаудың, алды ала тергеудің және хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуының түсінігі мен түрлері.....	85
2.7.Айыптау актісімен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтау және қылмыстыөк істі тоқтату негіздері, процессуалдық тәртібі.....	93
2.8. Қылмыстық істің тоқтатылуының негізі мен оның процесілік тәртібі.....	100
ҚОРЫТЫНДЫ	110
ҚОСЫМША	112

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның құқықтары мен бостандықтарының басымдылығын жариялай отырып, құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен дамуына қажетті жағдайлар жасады. Бұл демократиялық идеялар мен қағидаттар республикамызда жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформада, қылмыстық қудалау органдарының және соттың істерді тергеп-тексеру және сотта қарау, жасалған қылмыстық-жазаланатын әрекеттің мән-жайларын дәлелдеу қызметін жүзеге асыруға байланысты құқықтық қатынастарды реттейтін, халықаралық-құқықтық талаптарға сәйкес келетін заңдарды қабылдауда көрініс тапты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын айқындайтын Қазақстан халқына Жолдауында іске асырылуы заңның абсолютті басымдылығын және заңға бағынатын азаматтарды қылмыстылықтан қорғауды белгілеу арқылы жүзеге асырылуы тиіс ұлттық қауіпсіздікті, қылмыстылыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті нығайтуға байланысты бірқатар міндеттерді белгілеуі кездей соқтық емес¹.

Сонымен қоса, қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы заңнамада болған елеулі реформалау ғана емес, сонымен қатар қылмыстылық құрамында болып жатқан күрделі өзгерістерге байланысты қоғамның криминалдану деңгейінің өсуі де республикамыздағы қазіргі кездегі криминалдық жағдайға тән ерекшелік болып табылады. Соның ішінде, қылмыстық пирамидада қылмыскерлердің жаңа санаты – жалдамалы қылмыскерлер пайда болды. Криминалдық құрылымдардың қару-жарақпен және техникалық жабдықталуы өсті, ұлтаралық қылмыстылықтың тұрақсыздандырушы әсері артты. Осыған байланысты қылмыстық қудалау органдарына көптеген қылмыстық қол сұғушылық белгілерін табу, олардың жасалғаны туралы дәлелдемелерді жинау,

¹ Назарбаев Н.А. Казахстан-2030: Прогноз, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана.-Алматы, 1998.- 52 б.

кінәлілерді әшкерелеп, қылмыстық жауапкершілікке тарту барған сайын күрделі әрі қиын болып барады.

Біздің елімізде сот реформасы жалғасуда. Құқықтық мемлекетке барабар қылмыстық сот ісін жүргізуді құруда көп нәрсеге қол жеткіздік, алайда бұдан да көп зат жасау қажет. Ең бастысы – сотқа дейінгі іс жүргізуді реформалау. Дәл осы салада кейінгі уақытта құқық қорғау органдары тарапынан азаматтардың құқықтарын бұзу, сонымен қатар аса қауіпті қылмыстарды аша алмау, қиын істерді тергеп-тексере алмау сияқты жағымсыз құбылыстар көп орын алып жатыр. Тергеулік сотқа дейінгі іс жүргізу кемшіліктері сот дәлелдеуіне әсерін тигізеді, онда соттың фактілерді анықтаудағы жарысу қабілеті, әділдігі, тәуелсіздігі өзгеріске ұшырайды.

Біздің қылмыстық процестің созылмалы ауруының себебі тұжырымдамалық, көзқарастық деңгейде жатыр, демек оның негізі дәлелдемелер теориясында – қылмыстық процестің жанында болып отыр. Біздің дәлелдемелік құқығымыздың формальды болуына куә болған дәлелдемелерге жол беру туралы мәселе көп жылдар бойы өзекті болып келеді. Жедел-ізвестіру жолымен алынған деректерге; адвокаттық тергеп-тексеру нәтижелеріне, процеске қатысушылардың – жәбірленушінің, күдіктінің, айыпталушының және т.б. өзге де өзіндік дәлелдемелік қызметіне дәлелдемелік мағына беруге байланысты мәселелер бұрынғысынша реттелмеген. Дәлелдемелер теориясының негізгі ережелерін қайта қарамайынша, процестің сотқа дейінгі бөлігін реформалау мүмкін емес, қылмыстық қудалаудың тиімділігін арттыру мүмкін емес, кейбір құқықтық жаңалықтарды (ынтымақтастық туралы сотқа дейінгі келісім сияқты) түсіндіру мүмкін емес.

Қазіргі кезеңде заңдылықты нығайту, экономикалық және қоғамдық қатынастарды дамыту ең негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Қылмыспен күрес жолында құқық қорғау органдарының қызметкерлері — тергеушілер заңдылықты бұлжытпай орындау үшін Қылмыстық процестік кодексін басшылыққа ала отырып, жұмыс жүргізулері тиіс.

Мемлекеттік құқық қорғау органдарының қызметкерлері бұқара халықтың, еңбек ұжымдары мен қоғамдық ұйымдарының қолдауы мен көмегіне сүйене отырып, адам мен азаматтардың, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрлысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін; бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін қорғау жолында қылмыстың алдын алу шараларын жүзеге асырулары тиіс.

Алдын ала тергеу жүргізу органдары, прокурор мен сот мекемелері қылмыстық іс жүргізу шараларын жүзеге асыру арқылы өздерінің алдарында тұрған міндеттерін орындайды.

Қылмыстық істер қалайша тексеріледі, алдын ала тергеу қалай жүргізіледі, сот қылмыстық істерді қалай қарайды деген сұрақтарға қылмыстық іс жүргізу заңнамаларынан жауап табылады.

1. Қылмыстық іс жүргізу дегеніміз не?
2. Бұл ұғымды қалай түсінуге болады?

Қылмыспен күрес жолындағы қылмыстық іс жүргізу органдарының алдында тұрған міндеттер мыналар болып саналады:

1. Қылмыстық қол сұғушылықтан мынадай объектілерді қорғайды:
 - аадам құқығын, бостандықтары мен заңды мүдделерін;
 - меншікті;
 - ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін;
 - қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті;
 - қоршаған ортаны;
 - Қазақстан Республикасының конституциялық құрлысы мен аумақтық тұтастығын қорғау;
 - қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін.
2. Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін қорғау.
3. Қылмыстың алдын алу шараларын жүргізу.

Қылмыстық іс жүргізу — күрделі, ауқымы кең, аса маңызды үрдіс. Оның негізгі мақсаты — қылмыспен күрес, қылмыстың алдын алу, ал қылмыс бола қалған жағдайда тергеу жүргізіп, оны ашу, айыпкерді жауапқа тарту, қылмыстық іс бойынша әділ үкім шығару.

Қылмыстық іс жүргізу — сот, прокурор, тергеуші, анықтау органдарының дайындалған қылмысты жасатпауға, жасалған қылмысты тексеріп, қылмыс жасаған адамды әшкерелеп, оған әділ жаза қолдануға бағытталған заңмен реттелген әрекеті және іс жүргізуге қатысушылар арасындағы құқықтық қарым-қатынасы.

Ескеретін жай, қылмыстық іс жүргізу анықтау және тергеу органдарының, прокурор мен соттың қылмысты ашу, қылмыскерлерді жауапқа тарту, оған жаза қолдану жолындағы әрекеті.

Қылмыстық іс жүргізуге мемлекеттік органдар қызметкерлерімен бірге басқа да азаматтар қатысады. Тергеуші мен анықтаушы тергеу жүргізгенде қылмысты ашуға, қылмыс жасаған адамды іздеп табуға, сонымен бірге қылмысқа себеп болған мән-жайлар мен жағдайларды анықтау үшін сезіктіні, айыпталушыны, қорғаушы мен айыптаушыны, жәбірленушіні, азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкерді және олардың өкілдерін, сондай-ақ кез келген азаматтар мен ұйымдарды қатыстырады, олар дәлел бола алатын ауызша да, жазбаша да нысандағы мәліметтерді, сондай-ақ заттар мен құжаттарды ұсынуға құқылы

Қылмыстық іс жүргізуге осы айтылған қатысушылар заң бойынша өздеріне тапсырылған істі ойдағыдай орындап, жүктелген міндеттерді бұлжытпай атқаруға тиіс.

1. СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ.

1.1. Тергеулік түсінігі мен оның белгілері.

Қылмыстық істің тергеулігі атты құбылысты зерттеуді бастамас бұрын оған ғылымды қажет ететін анықтама беру қажет. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде қылмыстық сот өндірісінің аталған институтының нормативтік түсінігі бекітілген. Бұдан басқа аталған құбылысты теоретикалық (ғылыми) және тәжірибелік (құқық қолданушы) жақтарынан қарастыру қажет.

ҚР ҚПК 7 б. 46 т. сәйкес «Тергеулік» - осы қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеруді қандай да бір қылмыстық қудалау органының құзыретіне жатқызатын, осы Кодексте белгіленген белгілердің жиынтығы.

Тергеулік – белгілердің жиынтығына сәйкес қылмыстық істің белгілі бір органның тергелуіне жататындығы түсініледі. Жасалған қылмыстың түріне, оны жаслу орнына, оны кім жасағанын куәландыратын жағдайларына байланысты тергеулік түрлері ажыратылады: заттық (түр), жеке, аймақтық, істердің байланысы, баламалы.

Тергеулік түсінігіне ой-пікірлер:

1) қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу немесе анықтау жүргізуді нақты қай алдын ала тергеп-тексеру органы, сонымен қатар қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі өндіріс қандай нысанда жүргізілуі міндетті екенін анықтауға мүмкіндік беретін заңмен бекітілген қылмыс белгілерінің жиынтығы²;

²Белоусов С.А. Подследственность в уголовном процессе и вопросы ее совершенствования. Автореф. дис. канд. юрид. наук. - Ташкент, 1994. С. 74.

2) қылмыс белгілерінің жиынтығына байланысты заң оны тергеу үшін алдын ала тергеу немесе анықтау органының құзыретіне жатқызады³;

3) қылмыстық істі алдын ала тергеу мәселесі бойынша тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар арасында туындайтын қатынастарды реттейтін нормалары бар қылмыстық іс жүргізудің жеке институты⁴;

Жоғарыда көрсетілген тергеулік түсінігіне ой-пікірлерді анализдеу қылмыстық істің тергеулігі институтының сипаттамалық ерекшеліктерін бөліп шығаруға болады:

а) қылмыстық істің тергеулігі институты қылмыстық іс жүргізу құқығының жеке институты болып табылады;

ә) қылмыстық істің тергеулігі институты қылмыс белгілерінің жиынтығы болып табылады;

б) қылмыстық істің тергеулігі институты осы қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу нысанын анықтайды;

в) қылмыстық істің тергеулігі институты алдын ала тергеу органдарының құзыретін ажыратады.

Тергеулік құқықтық институт болып табылады. Құқық институты біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін және тиісті құқық саласының құрамына кіретін жекелеген заң нормаларының тобы болып саналады.

Институт құқық саласының құрамды бөлігі болып табылады. Олардың айрмашылығы институт барлық қоғамдық қатынастардың түрлік жиынтығын реттемейді, ол тек олардың жеке жақтары мен ерекшеліктерін реттейді.⁵

Тергеулік институты Қазақстандық қылмыстық іс жүргізуде заңдылықты нығайту құралдарының бірі ретінде көрініс табады. Тергеулікті дұрыс анықтау қылмыстық іс бойынша тергеуді жүзеге асыруға міндетті құзыретті сотқа дейінгі өндіріс органының бекітілуіне бағытталған. Тергеулікті дұрыс анықтау

³Викторов Б.А. Общие условия предварительного расследования в советском уголовном процессе. М., 1971. С. 128.

⁴Зинатуллин З. З. Подследственность уголовного дела. Казань, 1986. С. 12.

⁵ Григорьев В.Н. Предварительное расследование (понятие, значение и формы): Лекция. М.: ЮИ МВД России, 1998. С. 37.

қылмыстық сот өндірісі қатысушыларының құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Ресей Әлеуметтік Федеративтік Кеңес Республикасының (РӘФКР) ҚПК бойынша тергеулік ережелерін бұзуы қылмыстық істің қосымша тергеуге қайтуына әкеп соғатын. Қазіргі уақытта тергеулік ережелерін бұзу тергеулік ережелерінің бұзылуымен алынған дәлелдемелерді жарамсыз деп есептеуге әкеп соғады. Тергеулік ережелердің бұзылуымен алынған дәлелдеме жарамсыз деп танылады, себебі ол заңсыз субъектімен алынған. Мысалы, ҰҚК тергеу органдарының тергеулігіне жататын қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттерін ПМ анықтау органы жүргізсе, тергеулік ережелерінің бұзылғандығы айқын.

Тергеулік институты қылмыстық істерді сапалы тергеуді қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл заттай белгісі бойынша айтарлықтай ауыр санаттағы істер Қазақстан Республикасының ПМ Тергеу комитетінің тергеулігіне жататындығымен шартталған. Бұл органның қызметкерлері айтарлықтай жоғары кәсіби дайындыққа ие. Ауыр емес санаттағы қылмыстық істер анықтау органдарының тергеулігіне жатады.⁶

Тергеулік институтының бар болуы тергеу органдары арасында даудамайды жоюға және былықты болдырмауға бағытталған. Бұл тергеу органының тергеулік ережелеріне сәйкес қылмыстық істі іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға міндетті органға жолдау міндеттілігімен шартталған.

Құқықтық институттар келесі белгілермен сипатталады: фактілік мазмұнының біркелкілігі, заңдық бірізділік, заңнамалық дербестік.

Фактілік мазмұнының біркелкілігі оның нақты бір саланың түрін немесе қоғамдық қатынастардың тарабын реттеуге арналғандығын түсіндіреді.⁷

Тергеулік институтын тағайындаудың маңызы барлық қылмыстық істерді тергеу бойынша барлық тергеу органдарының құзыреттерін анықтау және бөлу

⁶Власов В.И. Расследование преступлений. Проблемы качества. Саратов, 1988. С. 230.

⁷Гусева Л.Н. Подследственность и подсудность в советском уголовном процессе. М., 1974. С. 94.

және әр қылмыстық істің тергеулігін анықтауға мүмкіндік беру, яғни сол істі қай тергеу органы тергеуге өкілетті екенін анықтау.

Осылайша, тергеулік институты тек нақты қылмыстық іс бойынша тергеуді жүргізуге құзыретті тергеу органын анықтау барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеумен айналысады. Тергеулік институтының мазмұны қылмыстық іс бойынша өндірісті жүргізу бойынша нақты тергеу органының құзыретін анықтайтын процесстік тәртібін бекітетін нормалар мен нақты қылмыстық істі сипаттайтын тергеулік белгілерінің өзгеруі туралы мәселелер туындаған сәтте оны бір сотқа дейінгі тергеп-тексеру органынан екіншісіне жолдау тәртібін реттейтін нормалардан құралады.⁸

Тергеулік институтымен байланысты құқықтық қатынастар тек сотқа дейінгі сатыларда туындайды: сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы мен қылмыстық істі нақты тергеу органына беру мәселесі шешілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысы. Тергеу институтының фактілік мазмұнының біркелкілігі қылмыстық іс бойынша нақты қай орган өндіріс жүргізуге тиіс мәселесін шешу мен тергеуліктің құрамын құрайтын белгілер мен шарттардың бар-жоғын қарастыруда көрінеді. Осыған қарамастан, барлық жағдайларда тергеулікке қатысты мәселе жалпы белгілерге сәйкес шешіледі.

Құқықтық институттың белгісі нормативтік актілерде жеке тараулар мен бөлімдер ретінде оның сыртқы жекелеген бекітілуі болып саналады.

РӘФКР ҚПК-дегі тергеулік 126 бабымен анықталған, онда тергеулік туралы барлық ережелер бір бапқа біріктірілген болатын. Алайда, тергеулік мәселелерін реттейтін нормаларды құрайтын тараулар мен бөлімдер РӘФКР ҚПК-де көзделмеген. Қазақстан Республикасының ҚПК де сол жолмен келе жатыр. Онда тек 187 бап «Тергеулік» қарастырылған, алайда тергеуліктің нақты түрлерін және оны анықтаудың процесстік ережелер туралы нормаларды біріктіретін тарау не бөлім қарастырылмаған.

⁸Доля Е.А. Судебно-правовая реформа и проблемы обеспечения процессуальной самостоятельности и независимости следователя. //Информационный бюллетень Следственного комитета МВД РФ. 1993. № 2. С. 96-102.

Осылайша, тергеулік институтының болмысы анықталып отыр, ол мынада көрінеді:

- қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға құзыретті лауазымды адамдар қызмет ететін органдардың өкілеттіктерін бөлу;
- алдын ала тергеуді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың міндеттерін нормативтік бекіту;
- бірқатар жағдайларда лауазымды адамдарға сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысанын таңдауға мүмкіндік беру;
- алдын ала тергеу не анықтау органымен жүргізілетін қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілерін бекіту.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі аса ауыр емес қылмыстық істер бойынша анықтау нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуге құқық беріп отыр. Анықтау нысаны алдын ала тергеуден тек субъектісі бойынша ғана емес, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі бойынша, оны жүргізудің процестік тәртібі бойынша, тергеу субъектісінің құзыреті және басқа да маңызды белгілер бойынша ажыратылады⁹. Осында қылмыстық істің тергеулігі институтының негізгі ерекшеліктерінің бірі көрінеді: анықтау нысанындағы тергеу жүргізу мүмкін қылмыстық істерді қоспағанда, алдын ала тергеу барлық қылмыстық істер бойынша жүргізу міндетті. Басқа сөзбен айтқанда, алдын ала тергеу жүргізу барлық тергеу органдары үшін міндетті, алайда бір уақытта анықтау алдын ала тергеуге балама болады.

Осыған қоса, қылмыстық-процестік заңмен алдын ала тергеу жүргізуге уәкілетті лауазымды тұлғалар анықталған. Оларға жатады:

- прокурор
- тергеуші
- тергеу бөлімінің бастығы
- анықтау органының бастығы

⁹Рыжаков А.П. Предварительное расследование. М., 1997. С.136.

- анықтаушы

Жоғарыда келтірілген тізімге сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуге уәкілетті лауазымды тұлғалардың субъектілік құрамы нақты көзделген. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бөтен тұлғалардың жүргізу мүмкіндігі жойылған. Осылайша, тергеулік институты қылмыстық сот өндірісінің қатысушыларының заңды мүдделері мен құқықтарына кепіл беруге ұқсас болып келеді, бұл оның заңи табиғатында қылмыстық сот өндірісінің институционалдық қағидаттарына жатқызатын белгісінің барын куәландырады.¹⁰

Осылайша: тергеулік дегеніміз - осы қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеруді қандай да бір қылмыстық қудалау органының құзыретіне жатқызатын белгілердің жиынтығы. Жасалған қылмыстың түріне, оның жасалу орнына, оны кім жасағандығын куәландыратын жағдайларына байланысты тергеулік түрлері анықталады: заттық, жеке, территориалдық, істердің байланысы бойынша, баламалы және аралас.

Тергеулік—бұл алдын ала тергеу не анықтауды жүргізуге міндетті және құқылы нақты орган бекітілетін заңда бекітілген заң белгілерінің жиынтығы.

Тергеуліктің келесі түрлерге ажыратылады:

- заттық (тектік);
- жеке;
- баламалы;
- территориалдық (жергілікті);
- істердің байланысы бойынша;
- аралас (жеке-заттық).

Заттық белгісі:

Осы белгілердің негізінде қылмыстық істің қай нақты іс жүргізуге құзыретті органның тергеулігіне жататындығы анықталады.

¹⁰Ларин А.М. Расследование по уголовному делу: процессуальные функции. М.: Юридическая литература, 1986. С. 140.

Заттық (тектік) белгі жасалған қылмыстың сипатымен анықталады, ол өз көрінісін қылмыстық құқық бұзушылықты саралау барысында табады. Аталған белгі алдын ала тергеу мен анықтау органдары арасында, сонымен қатар түрлі ведомстволардың тергеу органдары мен түрлі органдардың анықтау органдары арасында тергеулікті ажырату үшін қолданылады.

Тергеуліктің заттық белгісінің көмегімен қылмыстық істі нақты құқық қорғау органының қай тергеу органы тергеуге құзыретті екені анықталады. Тергеуліктің заттық белгісі заңның нақты тапсырмасы бойынша қылмыстық істердің қай санаттары қай тергеу органының жүргізілуіне жататындығымен анықталады.

Тергеуліктің заттық белгісінің өтпелі ережелері Қазақстан Республикасының ҚПК 187, 189 және 191 баптарында қарастырылған.

Қазақстан Республикасының ҚПК 189 бабында анықтау органдары қай қылмыстық құқық бұзушылықтың санаттары бойынша анықтау нысанындағы тергеп-тексеруді жүргізетіні айқындалған. Қазақстан Республикасының ҚПК 187, 191 баптарында нақты ведомствоның тергеу органымен қандай қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу жүргізуге және нақты ведомствоның анықтау органымен қандай қылмыстық істер бойынша анықтау жүргізу керектігі айқындалған. Нақты қылмыстық құқық бұзушылық бойынша қылмыстық істі қай алдын ала тергеу органы тергеуге міндетті екенін заң нақты анықтайды.

Қылмыстық істің санаты бойынша алдын ала тергеу жүргізу заңмен көзделген болса, онда сол қылмыстық іс бойынша анықтау нысанындағы тергеп-тексеру жүргізуге тыйым салынады. Осылайша, қылмыстық құқық бұзушылықтың санаты тергеуліктің заттық белгісінің мазмұнын айқындайды.

Тергеуліктің аталған белгісін қарастыра отырып, оның ең өзгермелі белгісі екеніне аса назар аударған жөн, себебі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басында қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы бір, бастапқы айып тағу барысында саралануы екінші реті және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтау барысында саралау үшінші рет ауысуы мүмкін. Егер де қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы тергеулік мәселелерін қозғамаса, онда қылмыстық іс

бір лауазымды адаммен жүргізіле берілуі мүмкін. Алайда, егер қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы тергеулік мәселелерін қозғайтын болса, онда қылмыстық істі бір органнан екінші органға беру мәселесі қарастырылады. Аталған жағдайда шешілуге жататын бірқатар мәселелер пайда болады.

Қылмыстық істі тергеп-тексеруге кіріспес бұрын, тергеуші не анықтаушы сол қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеруді жүргізуге құзыретті не құзыретті емес туралы мәселені анықтауы қажет, яғни қылмыстық істің тергеулігін анықтауға міндеті. Осы мәселені шешілуіне қылмыстық істің әрі қарай қозғалысы байланысты. Егер де тергеуші не анықтаушы тергеулігі бойынша қылмыстық іс бойынша оңды шешім алса, онда ол қылмыстық істі өз өндірісіне қабылдап тергеп-тексеруді бастайды. Ал егер тергеуші не анықтаушы бұл мәселе бойынша теріс жауап алса, онда Қазақстан Республикасының ҚПК ережелеріне сәйкес қылмыстық істі тергеулігі бойынша жолдайды.

Әр құқық қорғау органы өз құзыретіне берілген қылмыстық істерді шешу мақсатына қажетті құқықтық құралдар жиынтығымен қамтамасыз етілген. Сондықтан әр тергеу органы өзінің құқықтарының шегінен асып кетпегендігін тексеруі, яғни келіп түскен әр қылмыстық істің тергеулігін анықтауы қажет.

Тергеуліктің заттық (тектік) белгісі қылмыстық процестік заңнама бойынша қылмыстық құқықтың нормаларына сәйкес фактінің заңи бағалауымен анықталады. Тергеуші немесе анықтаушы нақты тергу органының құзыретіне жататын қылмыстық істің қылмыстық жазалау әрекетінің белгілерінің бар-жоғын анықтауы қажет. Бұл белгілер қылмыстық құқықпен белгіленеді.

Осылайша, қазіргі уақытта тергеуліктің заттық белгісі екі элементпен сипатталады: а) жасалғаны қылмыстық құқық бұзушылықтың санатымен; ә) әрекеттің заңи қасиеттерімен.

Тергеуліктің заттық белгісі жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен деңгейіне байланысты анықталады.

Территориалдық (жергілікті) белгісі;

Тергеуліктің территориалдық (жергілікті) белгісі – тергеу жүргізуге міндетті сансыз алдын ала тергеу органдарының ішінен бір органды анықтаумен айқындалады.

Тергеуліктің территориалдық белгісі дегенде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың орнын, яғни территориясын түсінуіміз қажет – тұрғылықты пункт, аудан, облыс, республика.

Заттық тергеулік туралы ережелер барлық қылмыстық істерді түрлі құқық қорғау органдары арасында үйлестіре алады, бірақ ол ережелер көптеген құқық қорғау органдары арасында нақты бір қылмыстық істі қайсысына беру керек деген мәселені шешуге көмектеспейді. Сондықтан да заттық тергеулік ережелерін территориалдық тергеулік ережелерімен толықтыру қажеттігі анық.

Егер де бірінші ережелердің маңыздылығы түрлі құқық қорғау органдары арасында барлық қылмыстық істерді үйлестіруде болса, онда екіншілері қылмыстық істерді тергудің мақсаттарына қол жеткізілуіне қызмет етеді. Территориалдық тергеулік туралы ережелердің арқасында қылмыстық істердің барлық саны тең құқықтар мен процестік мүмкіндіктерге ие тергеу органдары арасында үйлестіріледі.

Қылмыстық іс бойынша сапалы әрі уақтылы тергеу процесін қамтамасыз ету мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін нақты органның құзыретінің кеңістіктегі әрекетін нақты анықтау қажет. Қылмыстық істі тергудің орнын дұрыс анықтау, оның қатысушыларына іс бойынша өндіріс жүргізу барысында мейілінше тәрбиелік ықпал етуді, мемлекеттің шығыстарын максималды түрде қысқартуды, сонымен қатар тергеуге кететін уақытты қысқартуды қамтамасыз етеді. Тергеуліктің территориалдық белгісі қылмыстық процесс қағидаларымен тығыз байланысты, яғни қылмыстық сот өндірісінің қойған талаптарына қол жеткізуге өз үлесін қоса отырып қылмыстық істі тез әрі толық тергудің арқасында қылмыстық сот өндірісінің қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етеді.

Аталған белгіні сақтау күдіктінің заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған, себебі көп жағдайларда нақты күдікті өзіне қатысты қылмыстық

істің тергелуін өзі туралы білетін және қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға ықпал еткен объективтік және субъективтік мән-жайларды есепке алатын жерде тергегенінде мүдделі болады.

Тергеулік белгісі бойынша қылмыстық істің тергеулігін анықтаудың негізгі санаты болып қылмыстық құқық бұзушылықты жасау орны табылады. Іс бойынша тергеу жүргізу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу орнына байланысты кедергілердің туындау мүмкіндігіне байланысты тергеуліктің территориалдық белгісінің түрлі санаттары бөліп шығарылады. Аталған санаттар территориалдық соттылықтың санаттарына ұсқас бөлініп шағады. Қылмыстық іс бойынша соттылық бойынша территориалдық белгісін анықтаудың қосымша негіздерге жатады:

1. Күдіктіні ұстау не анықтау орны.
2. Жәбірленушіні анықтау орны.
3. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау орны.
4. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталу орны.
5. Бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды әр түрлі уақытта және әр түрлі жерде жасауына байланысты – соңғы қылмыстық құқық бұзушылық жасау орны.
6. Бір уақытта түрлі қылмыстарды жасаса – ішіндегі ең ауыр қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу орны.
7. Созылмалы және жалғаспалы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаса – қылмыстық құқық бұзушылықтың аяқталу орны.
8. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау орнымен сәйкес келмеген қылмыстық құқық бұзушылықтың зардаптары келу орны.
9. Қылмыстық әрекетсіздік барысында – қылмыстық әрекетсіздікпен келтірілген зардаптың келу орны немесе жасауға міндетті, бірақ жасамаған әрекеттерді жасау керек орны.

Осылайша қылмыстық заң бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын құрайтын барлық әрекеттер жасалған жергілікті жер қылмыстық құқық бұзушылық жасалған орын болып есептеледі. Егер де қылмыстық құқық

бұзушылық жасалу орны мен оның зардаптары келген орын бір-бірімен сәйкес келмесе, онда қылмыстық құқық бұзушылық жасалған орынды қылмыстық құқық бұзушылық орны деп санауымыз керек. Егер де олар бір-бірімен сәйкес келсе, онда ондай сұрақ туындамайды.

Қылмыстық құқық бұзушылық өз бастауын бір территорияда, ал аяқталуы екінші территорияда орын алған жағдайда, қылмыстық құқық бұзушылық орны деп қылмыстық құқық бұзушылық аяқталған орынды есептейміз.

Қос орындаушылар болған кездегі қылмыстық құқық бұзушылық орны туралы мәселе туындайды. Авторлардың бірқатары қылмыстық құқық бұзушылық орнын орындаушы өз қылмыстық әрекеттерін жасаған орын деп тану қажет деп есептейді, себебі орындаушының әрекеті барлық қатысушылардың әрекетін саралауды шарттайды және дәлелдемелер, әдеттегідей, орындаушы әрекет еткен жерден табылады.

Қылмыстық істен қатысушылардың басқа территорияда қылмыстық әрекеттер жасауына байланысты бөлектеп шығарса, онда бөлінген қылмыстық іс олар жасаған қылмыстық әрекетті жасау орнына байланысты тергеледі.

Тергеуліктің территориалдық белгісінің негіздері ретінде қылмыстық құқық бұзушылық жасалған орынды анықтаудың негізгі ережелерін түсіндіре отырып, оның жергілікті тергеуліктің негізгі белгісі болса да ол жалғыз белгі болып табылмайтынына айта кеткен жөн. Кейбір жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылық жасалу орны бүкіл процесс барысында анықталмауы да мүмкін.

Мұның барлығы заңның қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу орнымен қатар істі тергеудің орнын дұрыс анықтауға алып келетін қосымша белгілерді анықтауды талап етеді. Жергілікті тергеуліктің қосымша белгісі – сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу ауданы, алайда бұл белгі тек қылмыстық құқық бұзушылық жасалған орнын анықтауға мүмкіндік болмағанда қолданылады. Қылмыстық құқық бұзушылықты анықтау орны деп қылмыстық әрекеттер жасалмаған, алайда қылмыстық құқық бұзушылық фактісі анықталған жер танылады. Егер де қылмыстық құқық бұзушылықты

жасау орны мен қылмыстық құқық бұзушылық фактісі анықталған орын бір құқық қорғау органы қызмет ететін әкімшілік ауданның территориясында орналасса онда қылмыстық істің тергеулігі туралы мәселе туындамайды. Ал егер қылмыстық құқық бұзушылық жасау орны мен қылмыстық құқық бұзушылық фактісі анықталған орын әр түрлі территорияларда орналасса, онда қылмыстық істің тергеулігі туралы мәселе туындайды.

Осылайша, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу барысында қылмыстық құқық бұзушылық жасалу орны анықталмайтын болса, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық құқық бұзушылық фактісі анықталған орны бойынша жүргізілуі қажет. Егер тергеу жүргізу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу орны анықталып жатса, онда қылмыстық істі тергеулік ережелеріне байланысты құзыретті органға жіберілуге жатады.

Жеке белгі.

Тергеуліктің жеке белгісі қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің ерекше қасиеттерімен байланысты (әскери қызметкер, кәмелетке толмаған және т.б.)

Тергеуліктің міндетті белгілерінің бірі арнайы субъект белгісі болып табылады. Аталған белгінің қарастыра отырып әрбір арнайы субъекті тергеулікті өзгертуді талап етпейтінін айта кету керек. Арнайы (жеке) тергеулікті бөлектеп көрсетудің негізінде арнайы білімдерге ие болуын ескере отырып болған оқиғаларға тиісті баға беруге қабілетті басқа тергеу органымен сотқа дейінгі өндірісті қарастыруды қажет ететін өз қызметтік міндеттеріне қатысты қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің сипаттамасы жатыр.

Жеке белгі бойынша Қазақстан Республикасының депутаттарымен, суыяларымен, прокурорлармен, тергеушілермен, адвокаттармен жасалған, сонымен қатар осы аталған тұлғаларға олардың кәсіби қызметіне қатысты жасалған қылмыстық істердің тергеулігі анықталады. Аталған тұлғаларға қатысты алдын ала тергеу Қазақстан Республикасының ІІМ, мемлекеттік

қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің және Қазақстан Республикасының прокуратурасының тергеушілерімен жүргізіледі.

Алайда, мемлекетке опасыздық жасау, шпионаж, мемлекеттік құпияны жариялау мен мемлекеттік құпияларды құрайтын құжаттарды жоғалту қылмыстық істері бойынша, егер де жоғарыда аталған қылмыстық әрекеттер әскери қызметкерлермен не жоғарыда аталып кеткен тұлғалармен жасалса, онда бұл істер ҰҚК органдарының құзыретінде болады. Жоғарыда айтылғанның негізінде жеке (арнайы) тергеулік белгісіне жататын екі қылмыстық істер санатын анықтауға болады:

1. Әскери қызметкерлермен не әскери жиындарды өтіп жатқан азаматтармен жасалған барлық қылмыстық істер;
2. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлғалармен жасалған барлық қылмыстық істер;

Жеке тергеуліктің мазмұнын қарастыра отырып бір маңызды аспектіге назара аударған жөн. Заң шығарушы тергеуліктің жеке белгілерін қолданудың негіздерін айқындау барысында нақты тұлғалардың лауазымдық өкілеттіктерін атқаруы мен олардың қызметтік әрекетінің ерекшеліктеріне көңіл аударған. Қылмыстық істің жеке (арнайы) белгісі күдіктінің өз тұлғасымен, оның қызметтік және лауазымдық жағдайымен анықталады. Мысалы, лауазымдық қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған тұлға судья ма, әлде әскери қызметкер ма.

Жеке белгі бойынша істердің тергеулігі Қазақстан Республикасының ІІО, Қазақстан Республикасының прокуратурасының түрлі тергеу бөлімдері арасында шектеледі.

Қылмыстық істердің тергеулігін анықтаудың ең мәселелі сұрақтарының бірі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қылмыстық істердің тергеулігі болып саналады. Аталған санаттағы қылмыстық істер жеке санаттарға жатады, оларға дәлелдеудің арнайы заты тән және психотикалық деңгейдегі психикалық ауытқулары бар тұлғаларды қосымша

кепілмен қамтамасыз ету қажеттілігіне сәйкесбұл санаттағы қылмыстарға міндетті түрде алдын ала тергеу жүргізіледі.

Баламалы белгі.

Тергеуліктің баламалы белгісі түрлі ведомстволардың тергеушілерімен бірдей санаттағы қылмыстық істер бойынша алды ала тергеу жүргізуге жол береді. Тергеулік бұл жерде, қылмыстық істің қай органына бірінші түссе, сол органда әрі қарай сотқа дейінгі өндіріс жалғасумен анықталады (мысалы, пара алуды жауапты мемлекеттік лауазымда отырған адаммен жасалмаса, ол бойынша қылмыстық істі ішкі істер органдары да, МҚ және СЖҚКА тергеуді жүргізуге құқығы бар).

Істердің байланысы бойынша (факультативті)

Істердің байланысы бойынша тергеулік Қазақстан Республикасының анықталған баптарымен бекітілген, осы қылмыстық құқық бұзушылық бойынша алдын ала тергеу негізгі қылмыстық құқық бұзушылық қай органның құзыретінде болса, сол орган қалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық істерді тергейді.

Аралас.

Аралас (жеке-заттық)тергеулік тек қазақстандық қылмыстық-процестік заңнамаға тиесілі, ол тек қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы және оны жасаған субъектінің ерекшеліктеріне ғана емес алды ала тергеуді жүргізуші органға да байланысты анықталады.

Істің оның құзыретіне жатпайтындығын анықтап, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші орган кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындап, бес тәулік ішінде жиналған материалды прокурорға оны тергеулігі бойынша жолдауға жібереді (Қазақстан Республикасының ҚПК 186 б. 3 б.). Алдын ала тергеудің әртүрлі органдардың құзыретіне жататын бірнеше қылмыстық істерді

бір өндіріске біріктіргенде біріктіргенде тергеулікті Қазақстан Республикасының ҚПК 187 б. 8 б. сәйкес прокурор анықтайды.

1.2. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің органдары мен нысандары.

Сотқа дейінгі тергеп тексеру қылмыстық істі сотқа дейін тергеушінің, анықтау органының және анықтаушының ашу тәртібін түсіндіреді. Ол сотқа дейінгі өндірістің бір бөлігі болып табылады. Оған дейін қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілерін анықтау мен сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық істердің көп бөлігі бойынша жүргізіледі және сотқа дейінгі қылмыстық құқық бұзушылық жағдайларын анықтайтын негізгі нысаны болып табылады. Тек жеке айыптау тәртібімен қудаланатын қылмыстық құқық бұзушылықтар ғана жатпайды. Басқа тәртіпте алынған фактілік мәліметтер, оның ішінде жедел іздестіру қызметінің нәтижелері нәтижесінде алынса да істің сотта қаралуы үшін негіз болмайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тергеушілер, анықтау органы мен анықтаушылар жүргізеді, бұл адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың және қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманың дұрыс қолданылуының кепілі болады.

Тергеушінің, анықтау органының және анықтаушының қызметінің негізін алдын ала тергеу құрайды. Оның негізі болып олармен заңда көзделген шараларды қылмыстық құқық бұзушылықтың жағдайларын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кінәлі тұлғаларды анықтау және оларды жазалауға дейін жеткізуді бекіту табылады. Көп жағдайларда бұл жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың қызметін көрсетеді. Алайда, жедел-іздестіру шараларының нәтижесінде алынған мәліметтер заңдық маңызға тек қылмыстық-процестік қызметтен кейін ие болады.

Қылмыстық құқық бұзушылықты ашу дәлелдеуге жататын жағдайларды анықтаудың уақыттағы созылмалылығын түсіндіреді. Барлық анықталған

жағдайлар дәлелденген сәтен бастап қылмыстық құқық бұзушылық ашылды деп есептеледі. Қылмыстық құқық бұзушылық жағдайларын, оны жасаған тұлғаның кінәсі мен ниеттерін, күдіктінің тұлғасын сипаттайтын жағдайларды, қылмыстық құқық бұзушылық әрекетімен келтірілген зардаптың сипаты мен көлемін, және басқа да сондай сияқты жағдайларды бекітетін қажетті және жеткілікті дәлелдемелердің жиынтығы қылмыстық құқық бұзушылықтың толық ашылуын түсіндіреді. Қылмыстық құқық бұзушылықты толық ашу сотта қылмыстық істі қарастырудың дұрыс шешім қабылдауына, әділетті укім шығарылуына және сотталушының кінәсін тиісті анықтауына алп келеді.

Кінәлілерді анықтау қылмыстық құқық бұзушылықты расында жасаған тұлғалардың кінәсін дәлелдеуді көздейді. Сонымен қатар, ол қылмыстық құқық бұзушылық жасағанына кінәлі емес тұлғаларды жауаптылыққа тартпауына жағдай жасайды.

«Сотқа дейінгі іс жүргізу» - қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаннан бастап оны прокурор мәні бойынша қарай не іс бойынша іс жүргізуді тоқтату үшін сотқа жібергенге дейін іс бойынша іс жүргізу, сондай-ақ жекеше айыптаушының және қорғаушы тараптың қылмыстық іс бойынша материалдар дайындауы.

Тікелей сұрақты қарастыруға кіріспес бұрын сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қылмыстық қудалау органдарының жүзеге асыратын функциялары бойынша сұрақты нақтылауымыз қажет.

Көп авторлардың Р.Д. Рахунов, В.Г. Даев, М.Л. Якуба, Б.Х. Толеубекова пікірінше сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында қылмыстық қудалау органдары екі негігі функцияны жүзеге асырады:

- 1) қылмыстық істі тергеу;
- 2) қылмыстық қудалау (айыптау).

Қазақстан Республикасының ҚПК заң шығарушы негізгі функцияларын жүзеге асыратын үш мүшелік құрылымды нақты бекіткен. Осылайша, Қазақстан Республикасының ҚПК 7 б. 9, 19, 22, 41, 52 т.т. қылмыстық істі шешу сотпен жүргізіледі, тергеу түріндегі қылмыстық процесті жүргізетін

орган және соңғысы – Қазақстан Республикасының ҚПК 7 б. 23 т. сәйкес соттан басқа – прокурор, тергеуші, анықтаушы, анықтау органы жатады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ҚПК 7 б. 17 және 22 т.т. айыптау мен қорғау туралы айтылған. Яғни, заң функция дегенде нақты анықталған субъектілердің заңнамалық бекітілген мақсаттарды жүзеге асыру барысындағы процестік қызметін түсінеді.

Осылайша, заң қылмыстық қудалау органына екі функция жүктеп отыр – қылмыстық істі шешу функциясы (заңда әдейі қарастырылмаған тергеу функциясының негізгі бөлігі ретінде) және қылмыстық қудалау не айыптау функциясы (егер бұл қатысушылар айыптау тарабының өкілдері болса, олар айыптау функциясын орындайды). Заң шығарушы «айыптау» мен «қылмыстық қудалау» түсініктерін ажыратпайды, бұл оларды синоним ретінде түсінуге жол береді.

Заң әдебиеттерінде кейбір функциялар араласып орындары алмастырылады. Осылайша, мысалы, М.А. Чельцов және Д.С. Карев қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыру барысында тек қылмыстық қудалау (айыптау) жүргізуді көздеген, алайда онда қылмыстық істі тергеу функциясын қосады. Біздің ойымызша, бұл екі функцияны араластыруға болмайды.

Тергеу функциясының қылмыстық қудалау (айыптау) функциясынан негізгі ерекшелігі қылмыстық тәртіпте қылмыстық құқық бұзушылық барысы емес оны жасаған тұлға қудаланады. Қылмыстық іс бойынша тергеу қылмыстық құқық бұзушылық туралы фактінің сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай Тізіліміне тіркелген сәттен басталады және күдіктіге қатысты қылмыстық істің сотқа жіберілуімен аяқталады.

Осылайша, тергеу функциясы тиісті органдырының алдын ала тергеу жүргізу арқылы жүзеге асырылады.


*Процессуалистердің көбісі «алдын ала тергеу сатысы» сотқа дейінгі іс жүргізуін барлық қылмыстық істер үшін **міндетті** деп есептейді.* Ерекшелік ретінде, әрине, жекеше айыптау істері болып келеді, бұл істерді тікелей

соттың өзі қарастырады, алайда осы істер бойынша да кейде алдын ала тергеу жүргізілуі мүмкін (Қазақстан Республикасының ҚПК 32 б. 4 б.).

- Қолданыстағы Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасы бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу үш нысанда жүргізіледі.

- -алдын ала тергеу, - анықтау, - хаттамалық нысан

Кесте түрінде көрсетеуге болады



Алдын ала тергеу – бұл процеске қатысушылардың құқықтарын жүзеге асырудағы және әділетті орнатудағы кепілді максималды түрде қамтамасыз ететін сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мейілінше толық нысаны. Алдын ала тергеу үшін толық көлемде тергеудің жалпы шарттары әрекет етеді, онда оның барлы қинституттары жүзеге асырылған және жоғарыда көзделген барлық сатылар нақты бөлінген. Осыған қоса, алдын ала тергеудің процестік тәртібі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы, кәмелетке толмағандарға қарсы және артықшылықтары мен иммунитеттері бар тұлғаларға қатысты қылмыстық істермен күрделенуі мүмкін екенін есепке алып отырған жөн.

Алдын ала тергеу – тергеудің негізгі нысаны. Ол анықталады:

- біріншіден, заң шығаруша тергеп-тексерудің бұл нысанына қылмыстық істердің көп бөлігін жатықзады (Қазақстан Республикасының ҚПК 187 б.);

- екіншіден, егер прокурор қажетті деп таныса, алдын ала тергеуді анықтау органының құзыретіне кіретін қылмыстық істер бойынша да жүргізіледі (Қазақстан Республикасының ҚПК 193 б. 1 б. 12 т.);

- үшіншіден, Қазақстан Республикасының ҚПК 189 б. 5 б. Көзделген талаптарының бар болуына байланысты анықтау органы да қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу жүргізе алады.

Алдын ала тергеу (тергеу субъектісіне байланысты) түрлерге жіктеледі:

- ҰҚК, ПО және МҚ және СЖҚКА тергеушілерімен жүргізілетін алдын ала тергеу (Қазақстан Республикасының ҚПК 60 б. 1 б.)

- ҚПК көзделген қаулылар мен хаттамаларды шығарумен анықтау органының бастығымен бекіту шартының болуымен тергеушінің өкілеттіктерін жүзеге асыра отырып анықтау органы немесе анықтаушымен жүргізетін алдын ала тергеу (Қазақстан Республикасының ҚПК 189 б. 5 б., 62 б. 5 б.).

Ескерту. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі арыз бен хабарды Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркелген кезден бастап қылмыстық іс айыптау актісімен немесе істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулымен прокурорға жіберілген күнге дейін не іс бойынша іс жүрогізуді тоқтату туралы қаулы шығарылған күнге дейін есептеледі.

Анықтау істері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру бір айдан және алдын ала тергеу істері бойынша екі айдан аспауы тиіс (Қазақстан Республикасының ҚПК 192 б. 2 б.)

Анықтау — іс бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес анықтау органымен немесе анықтаушымен жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысаны. Аталған нысанды жүргізудің негіздері мен шарттары: қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік деңгейінің төмен болуы (анықтау,

әдеттегідей, тек ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жүргізіледі). Тергеудің аталған нысаны анықтау жүргізудің өндірісінде де анықтаушылардың құқықтық мәртебесінде де көрініс тапқан, анықтаудың қысқартылға мерзімі (кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттері 5 тәулік).

Анықтау жіктеледі (алдын ала тергеуге қатыстылығына байланысты):

- алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес қылмыстық істер бойынша анықтау (Қазақстан Республикасының ҚПК 196 б.). Анықтау мерзімі 5 тәулікке дейін.

- алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша анықтау (Қазақстан Республикасының ҚПК 191 б., 192 б. 2 б.). Анықтау мерзімі – бір ай.

Ескерту: Анықтау органының бастығы Қазақстан Республикасының ҚПК 192 б. 2 б. Көзделген мерзімде қылмыстық істің тергеудің толықтығы мен жеткіліктігін қамтамасыз етуге мүмкіндік болмаған жағдайда іс бойынша алдын ала тергеу тағайындауға құқылы.

Сотқа дейінгі іс жүргізу **қылмыстық-процестік заңнаманың талаптарын қатаң сақтауымен** жүргізіледі. Н.С.Алексеевтің және В.З.Лукашевичтің пікірі бойынша заңдылықты сақтаудың кепілі болып танылады:

- *сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын қылмыстық-процестік заңмен бекітілген лауазымды тұлғалар мен органдардың шеңбері;*

- *анықтау органдарының басшылары мен тергеу бөлімдерінің бастықтары тарапынан процестік бақылау мен көмек;*

- *тергеудің дұрыс жүргізілуін қадағалайтын прокурордың әрекеті;*

- *процестік шешімдерді қабылдаудың заңдылығын сот бақылауы мен қадағалауы;*

- *сотқа дейінгі іс жүргізу барысында заңдылықты бұзғаны үшін жауаптылықтың болуы.*

Хаттамалық нысан.

Қылмыстық процестегі материалдарды сотқа дейінгі дайындаудың хаттамалық нысаны – кейбір (заңда көзделген) қылмыстық құқық бұзушылықтардың жағдайларын анықтау органдарымен анықтаудың арнайы тәртібі.

Хаттамалық нысан істің мән-жайлары алдын ала тергеу не анықтау нысанындағы тергеп-тексеру жүргізусіз-ақ анықтала алатын қылмыстық істер бойынша қолданылады. Бұл қылмыстар бойынша іс жүргізу жалпы ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықта хаттамалық нысан жүргізу белгілерін анықтаған кезде анықтау органы үш тәулік ішінде тергеу әрекеттерін жүргізбей, қылмыстық құқық бұзушылық жағдайларын және құқық бұзушының тұлғасын анықтайды, құқық бұзушыдан және куәлардан сұрау алады, құқық бұзушының соттылығының бар-жоғы туралы анықтаманы, жұмыс орнынан не оқу орнынан мінездемені және қылмыстық істі сотта қарастыруға маңызы бар құжаттарды талап етеді.

Жасалған құқық бұзушылықтың жағдайлары туралы хаттама толтырылады онда құқық бұзушы туралы мәліметтер, қылмыстық құқық бұзушылық орын алған жері, уақыты, себептері, әдістері және зардаптары, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылықтың орын алғанын және құқық бұзушының кінәсін дәлелдейтін фактілік мәліметтер келтіріледі. Қылмыстық кодекс бойынша қылмыстық құқық бұзушылық сараланады. Хаттамаға барлық материалдар және сотқа шақырылатын адамдар тізімі қоса тіркеледі. Анықтау органының бастығы хаттаманы және қоса тіркелген құжаттарды зерттеп мақұлдайды, кейіннен барлық материалдар күдіктіге танысу үшін ұсынылады, бұл туралы тиісті белгі қойылады. Бұл белгі күдіктінің және қорғаушының (егер бар болса) қолдарымен расталады. Күдікті іс материалдарымен танысқаннан кейін анықтау органының бастығы дереу істі прокурорға жолдайды. Қылмыстық істерді хаттамалық нысанда тергеу барысында адам және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау кепілдігі қамтамасыз етіледі.

Жаңа заңда 2010-2020 ж.ж. Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты Тұжырымдамасының қылмыстық әрекеттерге екі векторлық тәсіл туралы ережелері жүзеге асырылған.

Жекелей айтқанда, халықаралық тәжірибені есепке ала отырып, қылмыстық-жазалаушы әрекеттердің екі бөлімдік жүйесі енгізілген, ол қылмыстық құқық бұзушылықтан және қылмыстық теріс қылықтан тұрады.

Қылмыстық теріс қылықтар қатарына әкімшілік құқық бұзушылық пен қазіргі уақытта қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексте қарастырылған қоғамдық қауіптілік деңгейіне дейінгі қылмыстар шегінде орналасқан әрекеттер жатады.

Бұл мемлекет Басшысының тәртіпсіздікке деген шыдамдылықтың жоқтығы қағидасы туралы бекітілуіне сәйкес келеді және күрделі қылмыстардың алдын алады.

Бұдан басқа әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарын қылмыстық теріс қылық деңгейіне ауыстыру жауаптылыққа тартылатын тұлғалардың қорғалуын қамтамасыз етеді. Бұл міндетті түрде қорғаушының – кәсіби адвокаттың шақырылуы және қылмыстық-процестік кодексімен бекітілген барлық процестік кепілдер кешенін қолдануы.

Бұл теріс қылықтарды әкімшілік құқық бұзушылық мәртебесінен ауыстыру негізі болып олардың санкциясында әкімшілік қамаудың қарастырылуы немесе әкімшілік қамаудың болу-болмауына қарамастан істің тек сотта қарастырылу мәселесі болды.

Қылмыстық теріс қылықтар құрамына, сонымен қатар кейбір жаңа әрекеттер қосылған. Олар алдын қолданыстағы қылмыстық заңнамада да әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте де көзделмеген болатын. Мысалы, бұл балық қорын қорғау ережелерін бұзу және т.б.

Қылмыстық теріс қылықты процестік рәсімдеу мәселесіне келетін болсақ, анықтау органы күдіктіге, егер ол анықталған болса, қатысты қылмыстық теріс қылық туралы хатама толтырады. Тұлға анықталмаған болса, онда хатама жауаптылыққа тарту мерзімінің ескіруін есепке ала отырып, ол анықталған

сәттен бастап толтырылады. Қылмыстық теріс қылықтың жағдайларын анықтау, оны жасаған тұлға туралы мәліметтер жинау немесе оның тұрған жерін анықтау қажеттілігі туындағанда қылмыстық теріс қылық туралы хаттама үш тәулік ішінде толтырылады.

Егер де сараптама тағайындау немесе маманның қоырытндысын алу қажеттілігі туындаса, онда олардың қоырытындыларын алған сәттен бастап бір тәулік ішінде қылмыстық теріс қылық туралы хаттамасы толтырылады.

Анықтау органының бастығы хаттаманы және қоса тіркелген құжаттарды зерттеп мақұлдайды, кейіннен барлық материалдар күдіктіге танысу үшін ұсынылады, бұл туралы тиісті белгі қойылады. Бұл белгі күдіктінің және қорғаушының (егер бар болса) қолдарымен расталады. Күдікті іс материалдарымен танысқаннан кейін анықтау органының бастығы дереу істі прокурорға жолдайды.

Прокурор қылмыстық істі зерделей отырып – бір тәуліктен кешіктірмей, ал күдікті ҚР ҚПК-тің 128-бабының тәртібімен ұсталған істер бойынша сегіз сағаттан кешіктірмей, мынадай әрекеттердің бірін жүргізеді:

- 1) қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекітеді және қылмыстық істі сотқа жібереді;
- 2) хаттаманы бекітуден бас тартады және қылмыстық істі ҚР ҚПК-тің 35 және 36-баптарында көзделген негіздер бойынша тоқтатады;
- 3) анықтау не алдын ала тергеу жүргізу үшін қылмыстық істі қайтарады;
- 4) қылмыстық істі жекелеген күдіктілерге қатысты тоқтатады, ол туралы тиісті қаулы шығарып, оның көшірмелерін мүдделі тұлғаларға жібереді және қылмыстық істі сотқа жібереді.

Күдікті ҚР ҚПК-тің 128-бабының тәртібімен ұстап алынған жағдайда, қылмыстық теріс қылық туралы іс күдікті нақты ұстап алған кезден бастап отыз алты сағаттан кешіктірілмей прокурорға жіберіледі.

Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер сотқа келіп түскен сәттен бастап он бес тәулік ішінде қарастырылуға жатады.

Процсс қатысушылардың өтініші немесе іс бойынша қосымша жағдайларды анықтау қажеттілігі негізінде істі қарастыру мерзімі бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Жазалау ретінде Қазақстан Республикасының аумағына тыс шығару, сонымен қатар егер күдікті ҚР ҚПК 128 бабының талаптарымен ұсталған болса, қылмыстық теріс қылықтар бойынша қылмыстық істер сотқа келіп түскен күі қарастырылады.

Қылмыстық теріс қылықтар бойынша қылмыстық істерді сотта қарастырылу барысында прокурордың қатысуы міндетті.

Іс сотқа келіп түскеннен кейін судья істі іс жүргізуге қабылдап және қылмыстық теріс қылық туралы істі қарауға кірісе отырып:

1) істі кімнің қарайтынын, қай істің қаралуға жататынын, кімнің және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің қай бабының негізінде жауаптылыққа тартылатынын жариялайды;

2) сотталушының, сондай-ақ істі қарауға қатысатын өзге де адамдардың келгеніне көз жеткізеді;

3) іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жеке басын анықтайды және заңды өкілдері болған кезде – олардың, қорғаушының өкілеттігін тексереді;

4) іс бойынша іс жүргізуге қатысатындардың келмеу себептерін анықтайды және істі көрсетілген адамдардың қатысуынсыз қарау туралы не істі қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

5) қажет болған жағдайларда істі қарау кезінде қатысуы міндетті болып табылатын адамды күштеп әкелу туралы қаулы шығарады, аудармашы тағайындайды;

6) істі қарауға қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

7) мәлімделген қарсылық білдірулер мен өтінішхаттарды шешеді;

8) қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы, ал қажет кезде істің өзге де материалдарын жария етеді;

9) мыналарға: егер судьяға қарсылық білдіру істің мәні бойынша каралуына кедергі келтіретін болса, оның өздігінен бас тартуы немесе оған қарсылық білдіру туралы мәлімдеуге; егер қорғаушыға, уәкілетті өкілге, сарапшыға немесе аудармашыға қарсылық білдіру істің мәні бойынша каралуына кедергі келтіретін болса, көрсетілген қарсылық білдіруге; істі карауға қатысатын адамдардың келуі немесе іс бойынша қосымша материалдар талап етіп алдыру қажеттігіне байланысты істі карауды кейінге қалдыру туралы қаулы шығарады. Қажет болған жағдайда, судья сараптама тағайындау туралы қаулы шығарады.

Судья қылмыстық теріс қылық туралы істі қарап шығып:

1) ҚР ҚПК-тің 46-тарауында көзделген тәртіппен айыптау немесе ақтау үкімін шығарады;

2) ҚР ҚПК-тің 35 және 36-баптарында көзделген мән-жайлар болған кезде істі тоқтатады;

3) қылмыс белгілері анықталған кезде істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу туралы мәселені шешу үшін тиісті прокурорға жібереді.

Қылмыстық теріс қылық туралы соттың шешімі ҚР ҚПК көзделген жалпы мерзімдер және тәртіп бойынша тараптармен шағымдалуы мүмкін.

Қылмыстық теріс қылықтар жасағаны үшін Қылмыстық кодекспен күзетпен ұстау жазалау шарасы қарастырылған.

1.3. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі, оның маңызы мен ұзарту тәртібі.

Алдын ала тергеудің жалпы екі айлық мерзімі заңмен қарастырылған. (Қазақстан Республикасының ҚПК 192 б. 2 б.), осы мерзім анықтау органымен жүргізілетін алдын ала тергеуге де қатысты (Қазақстан Республикасының ҚПК 189 б. 5 б.).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі арыз бен хабарды Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркеген кезден бастап қылмыстық іс

айыптау актісімен немесе істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулымен прокурорға жіберілген күнге дейін не іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарылған күнге дейін есептеледі.

Анықтау істері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру бір айдан және алдын ала тергеу істері бойынша екі айдан аспауға тиіс.

Алдын ала тергеудің шекті мерзімін қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнама бекітпейді.

Прокурор істі қосымша тергеп-тексеру үшін қайтарған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру прокурор белгілеген, бірақ іс қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын адамға келіп түскен кезден бастап бір айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі. Мерзімді одан әрі ұзарту жалпы негіздерде және осы бапта көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнама сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімін бекітеді. Яғни, тергеп-тексеру дәлелдеу затына жататын бардық жағдайлар анықталмайынша жүргізілетінін байқаймыз. Осыған қоса, қылмыстық істің дұрыс шешілуіне ықпал ететін дәлелдемелерді өз уақытында анықтап бекіту мақсатында тергеп-тексеру тез жүргізілуі керек. Осыған сәйкес қылмыстық-процестік заңнама сотқа дейінгі тергеп-тексерудің қысқартылған мерзімдері қарастырылғ.

Қазақстан Республикасының ҚПК 192 б. сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру екі ай ішінде аяқталуы тиіс. Бұл мерзімге сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы мен қылмыстық іс айыптау актісімен немесе істі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулымен прокурорға жіберілген күні кіреді.

Тергеп-тексеруді екі ай ішінде аяқтау мүмкіндігі жоқ болған жағдайда аудандық прокурор не оған теңестірілген прокурор қылмыстық істің мерзімін қисынды мерзімге, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

Аса күрделі қылмыстар бойынша немесе қылмыстық іс материалдарын қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін шет ел мемлекетіне жіберу туралы

мәселені шешу барысында – облыс прокуроры не оған теңестірілген прокурормен, не олардың орынбасарларымен қисында, бірақ он екі айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Кейіннен олардың мерзімі облыс прокурорымен, оған теңестірілген прокурормен не олардың орынбасарларымен – алты айға дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кейінгі ұзартылуы тек ерекше жағдайларда және Қазақстан Республикасының Бас прокурорының не олардың орынбасарларымен қисынды, бірақ Қазақстан Республикасының ҚПК 192 б. 1 б. көзделген мерзімнен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Сотта қылмыстық істің болу уақыты сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзіміне кірмейді. Прокурор істі қосымша тергеп-тексеру үшін қайтарған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру прокурор белгілеген, бірақ іс қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын адамға келіп түскен кезден бастап бір айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі. Мерзімді одан әрі ұзарту жалпы негіздерде және көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеру жргізу барысында күзетпен ұстау мерзімі екі айдан аспауы тиіс. Бұл мерзім тұлғаны ұстау сәтінен бастап Қазақстан Республикасының ҚПК 17 тарауының тәртібімен прокурормен қылмыстық істі сотқа жібергенге дейін есептеледі.

Егер де тергеп-тексеруді аяқтауға мүмкіндік болмаса және бұлтартпау шарасын өзгертуге негіз болмаған жағдайда күзетпен ұстау мерзімі аудан прокурорымен не оған теңестірілген прокурормен Қазақстан Республикасының ҚПК 192 б. сәйкес үш айға дейін ұзартылуы мүмкін.

Одан әрі күзетпен ұстау мерзімі ұзартылмады, күзетпен ұсталып отырған күдікті дереу босатылуға жатады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруің мерзімін ұзарту мен күзетпен ұстау мерзімін ұзарту тергеушінің негізді қаулысы бойынша жүзеге асырылады. Егер де тергеп-тексеру мерзімі күзетпен ұстау мерзімімен бірге аяқталып жатса, бірақ прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін ұзарту туралы шешім

қабылдау құқығын қолданса, онда күзетпен ұстау мерзімін сот ұзартады. Бұл жағдайда тергеуші мерзімдерді ұзарту бойынша екі түрлі қаулы шығарады.

Сонымен, сотқа дейінгі тергеп-тексеруге де сотқа да ортақ болып табылатын процестік мерзімдерді қарастырайық:

1. Процестік мерзімдер – бұл заңмен бекітілген немесе оған сәйкес прокурормен, тергеу судьясымен не сотпен бекітілген уақыта аралығы, сол уақыт ішінде қылмыстық процесс қатысушылары процестік шешімдер қабылдау мен процестік әрекеттер жасауға міндетті (құқылы). ҚПК белгіленген мерзімдер сағаттармен, тәуліктермен, айлармен, жылдармен есептеледі.

Процестік мерзімдер түсінігін аша отырып, бұл процестік терминнің нақты түсінігі жоқ екенін атап өткен жөн. Кейбіреулерін ғана көрсетіп өтейік:

1) Процестік мерзім – қылмыстық-процестік әрекеттер не шешімдер орындалуға тиіс не олардан бас тарту әрекеттері орындалатын уақыт аралығы.

2) Процестік мерзімдер – бұл қылмыстық-процестік институт, яғни қылмыстық сот ісін жүргізудің белгілі бір субъектісіне бекіту құқығын беретін немесе нормаларды бекітетін, сонымен қатар мерзімдерді есептеудің ережелері мен тәртібін реттейтін қылмыстық-процестік нормалардың жиынтығы.

Бұл институтты тағайындау Қазақстан Республикасының ҚПК қойылған талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар қылмыстық сот ісін жүргізу қатысушыларымен қабылданатын шешімдер мен әрекеттерін реттеуге негіз болып келеді. Бұл институттың негізгі мақсаты болып, біздің ойымызша, қылмыстық істерді тез әрі тиімді тергеп-тексеруі, қарастырылуы мен шешілуі табылады.

Алайда, қарастырылып отырған институт тек Қазақстан Республикасының ҚПК ғана шектелмейді. Онда Қазақстан Республикасының ҚПК нормаларынан басқа халықаралық келісімшарт нормаларыда кіреді (Адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы Еуропалық конвенция, азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пакті және басқалар). Қылмыстық істерді тез әрі тиімді тергеп-тексеруін, қарастырылуын және шешілуін қамтамасыз етуге көздейтін Халықаралық актілер:

- Адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы Еуропалық конвенциясының 6 б. 1 т. азаматтық құқықтар мен міндеттерді анықтау не қылмыстық айыптау ісін әділетті жариялы қарастырылуға қисынды мерзімде бекітілген деп айтылған;

- Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық Пактінің 14 б. 3 т. қылмыстық және азаматтық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді негізделмеген кідірусіз жүзеге асыру көзделген.

Қылмыстық істерді тез әрі тиімді тергеп-тексеруін, қарастырылуын және шешілуін қамтамасыз ету келесі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді:

- адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау;

- қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарын сақтау;

- қылмыстық қудалауды, қылмыстық іс бойынша тергеу мен шешілу бойынша қызмет атқаратын органдар қызметінің реттелгендігі мен тапсырмаларының келісімділігін шешу;

- жазаның негізді болу мәселесі мен негізсіз жазаланған тұлғаны ақтау мәселесін шешу;

- күдіктінің, сотталушының ниетімен не құқық қорғау органдарының бастауымен қылмыстық істің әдейі созуы, қарастыруы не шешілуін алдын алу;

- жәбірленушіге қатысты қысқа мерзім ішінде әділеттің орнатылуы.

Осы тапсырмаларды шешу мақсатында қылмыстық-процестік институт мерзімдердің екі түрін қарастырады:

1) біртектес құқықтық қатынастардың пайда болуының барлық жағдайларына қарастырылған және заңмен бекітілген мерзімдер;

2) нақты құқықтық қатынастар шегінде сотқа дейінгі іс жүргізу жүзеге асыратын органдардың (олардың лауазымды тұлғаларының) бекітілетін мерзімдер.

2. ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮРГІЗУ.

2.1. Тергеу әрекеттерінің түсінігі, түрлері және жүйесі.

«Тергеу әрекеттері» термині нені білдіреді? Қылмыстық-процестік кодексте жиі айтылатын бұл түсінік заңнамалық түрде анықталмаған. Жеке нормаларды салыстыру барысында бұл терминге көлемі бойынша кең және тар мағына беріледі. Бір жағдайларда бұл терминді қолданғанда заң шығарушы процестік қызметтің субъектісін айтады, ал тергеу әрекеттері дегеніміз тергеушінің процестік маңызы бар барлық актілер.

Мұндай кең және тар мағыналық түсініктерге бөлуді, біз «тергеу әрекеттері» түсінігіне ғылыми ұстанымдардың негізін қалаушы С.А. Шейфердің еңбектерінде көреміз. Бұл түсінікті Н.В. Жогин мен Ф.Н. Фаткуллин қолдайды, ал А.К. Гаврилов тек нақтылайды, яғни тергеу әрекеттері – заңмен қарастырылған және мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілген қылмыстық іс бойынша дәлелдеу барысына маңызы бар фактілік мәліметтерді анықтау, бекіту және тексеру мақсатында қылмыстарды тергеу барысында қажетті әдістер мен операциялар жиынтығы.

Тергеу әрекеттерін кең мағынада түсінігін қолдайтындардың арасынан И.М. Лузгинді атап кетпеуге болмайды. Ол осы терминді кез келген тергеушінің процестік әрекетін түсінеді. Лузгин оларды ажыратады:

- а) ең басты құрылымы дәлелдемелерді анықтау, зерттеу және бағалау бойынша әрекеттер;
- ә) құрылымы тергеп-тексеру процесін басқару, оны жүргізудің шектері мен тәртібін анықтау бойынша әрекеттер.

Заң әдебиеттерінде тек басқа әрекеттерге қарағанда (істі жіберу туралы қаулы шығару, бұлтартпау шарасын таңдау туралы қаулы шығару және т.б.) дәлелдемелерді анықтауға, тексеруге және бекітуге бағытталған тергеушінің, анықтаушының процестік әрекеттерін **тергеу** әрекеттері деп атау қалыптасқан.

Профессор А.С. Кобликовтың беделді пікірі бойынша:

- Тергеу әрекеті – бұл қылмыстық істің жағдайларын анықтауға маңызы бар фактілік мәліметтерді анықтау мен бекітуге бағытталған қылмыстық-процестік заңнаманың талаптарына сәйкес тергеушімен жүргізілетін процестік әрекеті.

- А.М. Ларин және И.Е. Быховский және т.б. процессуалистердің пікірі бойынша

- Тергеу әрекеттерін қылмыстық-процестік заңмен және мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілетін қылмыстық іс бойынша дәлелдеу үшін маңызы бар фактілік мәліметтерді анықтау, бекіту және тексеру үшін қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру барысында жүзеге асырылатын әдістер мен операциялардың жиынтығы деп анықтауға болады.

Процессуалистер Р.Х. Якупов пен В.Н. Галузо келесідей пікірде:

- Тергеу әрекеттеріне қылмыстық-процестік заңмен қарастырылған дәлелдемелерді жинау бойынша процестік әрекеттер жатады және олар іс үшін маңызы бар фактілік жағдайларды анықтауға бағытталған, ал бірқатар жағдайларда – заңмен қойылған мақсаттарға қол жеткізу мен іс жүргізу рәсімін өз бетінше және егжей-тегжейлі жүргізу мен оның барысы мен нәтижелерін рәсімдеу бойынша талаптарды орындау бойынша процестік әрекеттер жатады.

Келтірілген пікірлер процессуалист қауымның көпшілігінің тергеу әрекеттерінің арнайы бағытталғандығы, яғни ең алдымен дәлелдемелерді жинауға бейімделгені және осының тергеушімен, анықтаушымен, прокурормен және сотпен жүргізілетін басқа процестік әрекеттерден ерекшелейтіні туралы пікірлерінің ұқсас екенін байқаймыз.

Тергеу әрекеттерінің басқа ерекшелейтін белгісі болып міндетті түрде тергеу әрекетінің хаттамасын құрумен жүргізілетін заңмен көзделген іс жүргізуді өз бетінше және егжей-тегжейлі жүргізу (процестік нысан).

Тергеу әрекеттерінің міндетті белгісі болып оларды сотқа дейінгі іс жүргізу барысында оған құзыретті қылмыстық процесті жүзеге асыратын лауазымды тұлғалармен (тергеуші, анықтаушы, прокурор) жүргізілетіні табылады.

Бас сот талқылау барысында алынған дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге және бағалауға бағытталған процестік әрекеттер сот әрекеттері деп аталады.

Тергеу әрекеті тек жеткілікті негіздердің болуымен ғана жүргізіледі, яғни азаматтардың конституциялық құқытары аясына кірумен байланысты жеке тергеу әрекеттерін жүргізу үшін заң санкцияланатын негізді қаулының шығарылуын талап етеді.

Тергеу әрекеттерінің негізін екі элемент құрайды:

- 1. іздестіру (танымдық);
- 2. куәландыратын.

Әрбір нақты тергеу әрекеті белгілі бір элементтердің қолдануын болжайды: сұрау, салыстыру, өлшеу, эксперимент, үлгілеу, суреттеу және т.б.

• Отандық заңнама тергеу әрекеттеріне жатқызады:

- қарап-тексеру (оқиға болған жерді, жергілікті жерді, заттарды, құжаттарды, мәйітті, жануарларды және басқа да объектілерді) (Қазақстан Республикасының ҚПК 219-222 б.б.);

- сараптама тағайындау мен жүргізу (Қазақстан Республикасының ҚПК 270-277 б.б.);

- жауап алу (куәдан, жәбірленушіден (Қазақстан Республикасының ҚПК 214 б.), күдіктіден (Қазақстан Республикасының ҚПК 216 б.), ал кейбір жағдайларда сарапшы мен маманнан (Қазақстан Республикасының ҚПК 285 б.);

- беттестіру (Қазақстан Республикасының ҚПК 218 б.);

- тану үшін көрсету (тірі адамдарды, заттарды, құжаттарды, жануарларды, құрылыстарды, жергілікті жердің учаскелерін, тұлғалардың фотобейнелерін) (Қазақстан Республикасының ҚПК 229-230 б.б.);

- тінту (Қазақстан Республикасының ҚПК 252, 254, 256, 258 б.б.);

-алу (қарапайым заттар мен құжаттарды, мемлекеттік құпияларды құрайтын заттар мен құжаттарды, пошта-телеграф корреспонденциясын) (Қазақстан Республикасының ҚПК 253, 254, 256 б.б.);

-куәландыру (күдіктіні, айыпталушыны, куәні, жәбірленушіні (Қазақстан Республикасының ҚПК 223-224 б.б.);

- тергеу эксперименті (Қазақстан Республикасының ҚПК 258 б.);
- эксперттің (Қазақстан Республикасының ҚПК 225-228 б.б.);
- айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау (Қазақстан Республикасының ҚПК 257 б.);
- сараптамалық зерттеу жүргізу үшін үлгілерді алу (Қазақстан Республикасының ҚПК 262-269 б.б.).

Көптеген авторлар осы тізімді толық деп есептейді. Басқа авторлар бұл тергеу әрекеттерінің тізімін қысқартады не кеңейтеді.

Д.И. Платонов, Ю.М. Громов сияқты бірқатар процессуалистер жоғарыда аталған тергеу әрекеттеріне басқа да процесстік әрекеттердің тығыз жанасады деп есептейді. Оларға: мүлікке тыйым салу, тұлғаны сараптама жүргізу үшін медициналық мекемеге орналастыру, жәбірленушіні, азаматтық талапкерді не жауапкерді тиісті қаулылармен таныстыру және басқалар жатады. Олардың ойынша, аталған әрекеттер дәлелдемелерді жинауға бағытталған қосалқы ұйымдастырушылық басқару белгілеріне ие және олар бірлесіп қарастырылуы керек, ал кейбір авторлар (М.И. Бажанов, Ю.М. Грошевой, К.Ф. Гуценко) оларды тергеу әрекеттеріне жатқызады.

Кейбір ғалым-процессуалистер, мысалы В.Я. Дорохов, тергеу әрекеттеріне: тұлғаның дәлелдемелерді ұсынуы, сонымен қатар іс бойынша фактілік мәліметтерді анықтауға септігін тигізетін заттар мен құжаттарды сұрап алуды жатқызады.

Аталған процесстік әрекеттерді тергеу әрекеттеріне жатқызуға болмайды, себебі оларда негізгі элемент – дәлелдемелерді жинауға бағытталғандық жоқ және оларды дәлелдемелік ақпаратты алуына көмектесетін қамтамасыз ету сипаттағы процесстік әрекеттер деп тануға болады.

Келтірілген ережелерді есепке ала отыра, тергеу әрекеттерінің екі топқа жіктелетінін көздейтін қылмыстық іс жүргізу теориясында ұстаным бар:

1. ғылыми әдебиеттерде және қылмыстық-процестік заңнамада жалпымен танылған тергеу әрекеттері;
2. жалпымен танылғанның қатарына жатпайтын тергеу әрекеттері.

Жалпымен танылған тергеу әрекеттері – бұл қылмыстық-процестік заңнамада бекітілген және оларды барлық процессуалистер тергеулік деп есептейтін әрекеттер.

Профессор К.Ф.Гуценко барлық тергеу әрекеттерін (осы әрекеттерді жүргізу барысында шешілетін тапсырмаларға байланысты) екі дербес топқа жіктейді:

1. Сотқа дейінгі іс жүргізу барысында дәлелдемелерді анықтау, бекіту және зерттеумен байланысты анықтау органы, тергеуші немесе прокурор жүзеге асыратын зерттеу сипатындағы тергеу әрекеттері.

2. Іске қатысушы тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тергеу әрекеттері (күдіктіні күдікті ретінде тану қаулысымен таныстыру, оған тиісті құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, тиісті қаулылармен жәбірленушіні, азаматтық талапкер мен жауапкерді таныстыру, осы тұлғаларға құқықтарын түсіндіру мен қамтамасыз ету және т.б.).

Осыған қатысты, жоғарыда айтылғандай, екінші топты тергеулік деп есептеуге болмайды, олар тек процестік әрекеттер болып саналады, себебі олар дәлелдемелерді жинауға бағытталмаған және қабылданған процестік шешімді (хаттамамен не қаулымен таныстыру) жүзеге асыру мақсатында немесе қандай да бір тергеу әрекетінің элементі ретінде (тергеу әрекетін жүргізбес бұрын құқықтарын түсіндіру) жүргізіледі.

Қандай да бір тергеулік әрекетті жүргізудің кейінге қалдырылмауы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кез келген сатысында туындауы мүмкін. Кейінге қалдыруға болмайтын тергеу әрекеттерінің қатарына жатпайтын әрекеттерді кейінгі деп атауға болады және оларды кім жүргізетіндігіне байланысты болмайды (мысалы, хабарламаларды ұстау, сөйлесулерді тыңдау мен жазу).

Келтірілген ережелерді есепке ала отыра, процессуалист ғалымдардың тобы (М.С. Строгович, М.А.Чувилев, Т.Н. Добровольская, және басқалар) жүргізілу уақытына байланысты тергеу әрекеттерінің келесі түрлерге жіктейді:

- 1. Бастапқы кейінге қалдырылмайтын (жедел);

- 2. Кейінге қалдырылмайтын;
- 3. Кейінгі.

Басқа авторлар (С.В. Бородин, А.С. Кобликов) тергеу әрекеттерін келесі түрлерге жіктеуге ұсынады:

- 1. Бастапқы;
- 2. Қосымша;
- 3. Қайталама.

Р.Х. Якупов барлық тергеу әрекеттерін жіктейді:

1. Мәжбүрлі тергеу әрекеттері (оларды жүргізу барысында мәжбүрлеуді қолдану немесе азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін шектеуге жол беріледі).

2. Басқа да тергеу әрекеттері.

Зерттеу объектісіне байланысты С.А. Шеффер тергеу әрекеттерін үш топқа бөледі:

1. Вербалды (ауызша ақпарат арқылы алынған);
2. Нонвербалды (кеңістіктегі заттық белгілермен сипатталған: нысаны, көлемі, өлшемі және т.б. – тікелей объектіні бақылау жиынтығы арқылы);
3. Аралас (нәтижесінде екі түрдің ақпараты да көрінетін кешенді сипаттағы әрекеттер, тану үшін көрсету, сараптама және т.б.).

- Сол сияқты әрбір жіктеме шартты екенін және бір де біреуі екіншісінің алдында артық екендігін айта кеткен жөн.

Тергеу әрекеттерін жүргізудің тәртібін анықтайтын нормалар дәлелдемелерді жинау барысында процеске қатысушылардың жүріс-тұрыс ережелерінің егжей-тегжейлі регламенттелген жүйесін көрсетеді.

Тергеу әрекеттері институтының ішкі құрылымы үш өзара байланысты ережелер тобынан тұрады:

Біріншісі, гипотезаны анықтайды, яғни қандай да бір тергеу әрекетін жүргізуге мүмкіндік туындататын шарттар.

Екіншісі, норманың диспозициясын және тергеу әрекеттерінің басқа да қатысушыларының жәнек тергеушінің жүріс-тұрысын тікелей реттейтін ережелерді анықтайды. Бұл ережелер анықтайды:

1. тергеу әрекетіне қатысатын тұлғалар шеңбері, олардың құқықтары мен міндеттері;
2. тергеу әрекеттерінің қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілі;
3. іздестіру, танымдық операциялардың негізі мен оларды жүргізудің шарттары;
4. куәландыратын операциялардың мазмұны.

Үшіншісі, тергеу әрекеттерінің қатысушыларына жүктелген міндеттерін орындауға мәжбүрлеу үшін қолданылатын мәжбүрлеу шаралары, яғни санкциясын анықтайды.

Көрсетілген ережелердің жиынтығы тергеу әрекеттерін жүргізудің заңдылығы мен тиімділігін, іздестіріліп отырған дәлелдемелік ақпаратты алу мүмкіндігін және қатысушыларының құқықтық мәртебесі мен іс жүргізудің танымдық қызметінің қағидаларына сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Қорытынды:

1. Тергеу әрекеті – бұл қылмыстық-процестік заңнаманың талаптарына сәйкес мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілетін уәкілетті тұлғамен жүргізілетін қылмыстық істің жағдайларын анықтауға маңызы бар фактілік мәліметтерді анықтау, бекіту және тексеруге бағытталған және оларды жүргізудің дербес және егжей-тегжейлі рәсімімен және олардың барысы мен нәтижелерін рәсімдеумен сипатталатын процестік әрекеті.

2. Тергеу әрекеттерінің негізін екі элемент құрайды: іздестіру (танымдық) және куәландыратын.

3. Қылмыстық-процестік заңнама Қазақстан Республикасының ҚПК 26-35 тарауларында көзделген тергеу әрекеттерінің толық тізімін және оларды жүргізудің тәртібін бекітті.

4. Тергеу әрекеттерін жүргізу тәртібін реттейтін нормалар гипотеза, диспозиция және санкциядан құралған тергеу әрекеттері қатысушыларының жүріс-тұрыс ережелер жүйесін көрсетеді.

2. 2. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы шарттары мен ережелері.

Қазақстан Республикасының ҚПК 111 б. 2 б. тергеу әрекеттерінің басым бөлігінің нәтижесінде анықталатын қылмыстық істің дұрыс шешілуіне маңызы бар нақты деректердің тізімі келтірілген, нақты айтқанда: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғалуға құқығы бар куәнің, сарапшының, маманның айғақтары; сарапшының, маманның қорытындысы; процестік әрекеттердің (тінту, алу, куәландыру және т.б.) хаттамалары.

- Тергеліп отырған іске байланысты орындалатын, бірақ қылмыстық-процестік заңнамамен бекітілген тәртіпті бұзумен, өмір мен денсаулыққа қауіп төндіретін заңсыз шаралардың қолдануымен не зорлау мен қорқыныш сезімін келтіру арқылы жасалған тергеу әрекеттерін дәлелдеменің қайнар көзі ретінде қарастыруға және дәлелдемені алу мен тексерудің құралдары ретінде қарастыруға болмайды. Бұл туралы заң шығарушы Қазақстан Республикасының ҚПК 197 б. 4 б. нақты ашып көрсеткен, ал Қазақстан Республикасының ҚПК 112 б. дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректер тізімін келтірген.

Тергеу әрекеттерін заңды және негізді жүргізу, сонымен қатар дәлелдеі ақпараттарды алу мақсатында қылмыстық-процестік заңнама оларды жүргізу барысынджа сақтауға қажетті шарттар мен талаптарды бекітті. Кейбір талаптар тек жеке тергеу әрекеттеріне таралады, бірақ барлық тергеу әрекеттері институтына қатысты жалпы шарттар да қарастырылған. Бірінші талап, кез келген тергеу әрекетіне қойылады және оларды жүргізуге жеткілікті негіздердің болуымен сипатталады. Тергеу әрекеттерінің негізділігі жекелей алғанда кім де кімнің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасау тек нақты жағдайдың шарттарымен ақталады, яғни олардың қажеттілігінің шегінде орындалуға жол

беріледі. Басқа сөзбен айтқанда, тергеу әрекеті тек құқықтық және нақты негіздің бар болғанда ғана жүзеге асырылуы тиіс.

- Құқықтық негіз – бұл тергеушіге кез келген тергеу әрекетін жүргізу құқығын беретін қылмыстық-процестік заңнамамен көзделген шарттардың жиынтығы.

- Нақты негіз іс бойынша әділетті орнату мүддесінде нақты әрекеттерді орындау қажеттілігін көрсететін нақты деректерді түсіну қажет.

Екінші талап, тергеу әрекеттеріне қойлатыны – олардың міндетті түрде заңды болуы. Ал бұл дегеніміз тергеу әрекетін жүргізу барысында рұқсат берілген және тыйым салынғанның шегін қарастыратын заңмен бекітілген процестік тәртіптің қатаң сақталуы. Осымен тек тергеу әрекетіне қатысушы тұлғалардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуының кепілі ғана болмай, сонымен қатар нақты қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде келтірілген нақты деректердің іске жататындығы мен қатыстылығын процестік сапалылығы бір уақытта қамтамасыз етіледі.

Тергеу әрекетінің жүргізілуі адамгершілік қағидаттар мен нормаларға негізделуі тиіс. Бұны қолданыстағы әрекет етуші қылмыстық-процестік заңнама да талап етеді. Онда азаматтардың жеке өмірі туралы анықталған жағдайларын жариялауға тыйым салынады (Қазақстан Республикасының ҚПК 240 б.); тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде азаптауға, зорлық-зомбылық көрсетуге, қорқытуға және өзге де шараларды, қатыгез қарым-қатынасты қолдануға, сол сияқты оған қатысатын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге жол берілмейді (Қазақстан Республикасының ҚПК 197 б. 4 б.) нақты ашып көрсеткен.

- Қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес тергеу әрекеттерін жүргізу тек келесі процестік шарттары болған жағдайда ғана жүзеге асырылады:

1. осы әрекетті жүргізуге уәкілетті тұлғаның болуы (тергеуші, анықтаушы, прокурор);

2. қылмыстық –процестік заңнамада құқықтық мәртебесі бекітілген тергеу әрекеттерінің белгіленген қатысушылардың шеңбері болуы (куәгерлер, маман, аудармашы, педагог, тану үшін көрсетілетін тұлғалар – куә, туысқандар, жақын туысқандар);

3. тергеу әрекеттерінің барасы мен нәтижелері тиісті хаттамаларда бекітілуге міндетті (Қазақстан Республикасының ҚПК 199 б.);

4. тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы және қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері мен заттай дәлелдемелерді анықтаудың, тіркеу мен алудың ғылыми негізделген тәсілдері пайдаланылуы мүмкін (Қазақстан Республикасының ҚПК 197 б. 3 б.). Ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланудың нәтижелері тергеу әрекетінің хаттамасына қоса тіркеледі: фотосуреттер, кинотаспалар, дыбыс және бейне жазбалар;

5. жеке тергеу әрекеттерін жүргізу үшін тиісті үлгіде рәсімделген, қаулы деп аталатын процестік шешімдерді қабылдау қажеттілігі (Қазақстан Республикасының ҚПК 198 б.) .

6. әр тергеу әрекеті белгілі бір мақсатқа жету үшін жүргізіледі. Әр тергеу әрекетін жүргізудің мақсаты ҚПК нормаларында тікелей көрсетілген. (мысалы, қарап-тексерудің мақсаты – қылмыстық құқық бұзушылық іздерін анықтау мен іс үшін маңызы бар жағдайларды анықтау (Қазақстан Республикасының ҚПК 219 б.), алудың мақсаты – іс үшін маңызы бар заттар мен құжаттарды анықтау мен алу (Қазақстан Республикасының ҚПК 253 б.). Егер тергеу әрекеті өз мақсатына жетпесе, онда бәрібір оның орындалуымен байланысты процестік құжаттар қылмыстық іске қосылуы қажет;

7. кейінге қалдырылмайтын мән-жайларды қоспағанда, тергеу әрекетін түнгі уақытта жүргізуге жол берілмейді (Қазақстан Республикасының ҚПК 197 б. 2 б.). Мысалы: оқиға болған жерді қарап-тексеру, ұстау барысында жеке тінту және т.б.;

8. тергеуші тергеу әрекеттеріне анықтау органының қызметкерін тартуға құқылы (Қазақстан Республикасының ҚПК 197 б. 5 б.) немесе оны жүргізуді

анықтау органына тапсыра алады (Қазақстан Республикасының ҚПК 196 б. 3 б.) олар бұл жағдайда өз міндеттерін тек тергеушінің нұсқаулары мен тапсырмалары шегінде ғана орындайды (Қазақстан Республикасының ҚПК 60 б. 7 б.).

Қылмыстық іс бойынша барлық шешімдер, оның ішінде тергеу әрекеттерін жүргізу туралы шешімдерді (заңмен соттың шешімі мен прокурордың санкциясын алу көзделген жағдайларды қоспағанда) тергеуші дербес қабылдайды және олардың заңды және сапалы орындалуына толық жауапты болады (Қазақстан Республикасының ҚПК 60 б. 7 б.).

Егер де тергеуші өзі тергеу әрекетін жүргізуге мүмкіндігі болса және анықтау органы не басқа жергілікті жердің тергеушісіне тапсыру қажеттілігі туындамаса, онда тергеуші тергеу әрекетін ешкімге қайта тапсыруға құқығы жоқ. Осыған қоса, тергеушінің тапсырмасын он тәулік ішінде орындалуға жатады (Қазақстан Республикасының ҚПК 60 б. 7 б.).

- Ішкі істер органдарының анықтау органдарының өкілдері ретінде тергеу әрекетін жүргізуге құқығы бар:

- алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша ғана толық көлемде жүргізе алады(Қазақстан Республикасының ҚПК 191 б.);

- алдын ала тергеу жүргізу міндетті істер бойынша, олар СДТБТ тіркелген сәтінен бастап тек кейінге қалдыруға болмайтын тергеу әрекеттерін жүргізе алады (Қазақстан Республикасының ҚПК 196 б.);

- анықтау органдарынан тергеушіге берілген немесе тергеушінің өндірісіндегі істер бойынша – оның тапсырмасымен жүргізе алады.

- Тергеушінің өндірісіндегі қылмыстық іс бойынша жеке тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысуға прокурордың құқығы бар (Қазақстан Республикасының ҚПК 193 б.).

- Тергеу әрекеттері тек тергеушінің бастамасымен ғана жүргізілмейді, олар прокурордың, тергеу бөлімінің бастығының нұсқауымен немесе қылмыстық іске қатысушы тұлғалардың: күдіктінің, оның қорғаушысыны,

жәбірленушінің, азаматтық талапкер және азаматтық жауапкердің, сонымен қатар олардың өкілдерінің өтінішімен жүргізіледі.

Аталған тұлғалардың өтініштері бойынша тергеу әрекеттерінің жүргізу қажеттілігін тергеуші анықтайды. Тергеу әрекетін жүргізу туралы өтініштен бас тартуын тергеуші өзінің қаулысымен негіздей алады.

Қандай да бір тергеу әрекеттерін жүргізуін таңдау қылмыстық істі сипатына байланысты болады, алайда заң кейбір жағдайларда олардың міндетті жүргізілуін талап етеді. Мысалы, Қазақстан Республикасының ҚПК 271 б. егер іс бойынша: өлімнің себептерін; денсаулыққа келтірілген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін; іс үшін маңызды болып, бірақ жасы туралы құжаттар болмаған немесе күмән туғызған жағдайларда, күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің жасын; күдіктінің, айыпталушының есінің дұрыстығы немесе қылмыстық процесте өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін өзі қорғау қабілеті күмән туғызғанда, олардың психикалық немесе физикалық жай-күйін; жәбірленушінің, куәнің іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдау және олар туралы айғақтар беру қабілеті күмән туғызған жағдайларда, олардың психикалық немесе физикалық жай-күйін; істің басқа дәлелдемелерімен анық белгіленбейтін өзге мән-жайларын анықтау қажет болғанда, сараптаманы тағайындау және жүргізу міндетті делінген. Бұдан басқа, кейбір тергеу әрекеттерінің жүргізу міндеттілігі алдын тергеушімен жүргізілген процестік әрекеттермен шартталады. Осылайша, Қазақстан Республикасының ҚПК 128 б. талаптарына сәйкес ұсталған тұлға міндетті түрде күдікті ретінде жауап алынуға тиіс.

Екінші сұрақ бойынша қорытынды:

1. Кез келген тергеу әрекеті жеткілікті негіздер болғанда ған жүргізіледі.

Құқықтық негіз - бұл тергеушіге кез келген тергеу әрекетін жүргізу құқығын беретін қылмыстық-процестік заңнамамен көзделген шарттардың жиынтығы.

Нақты негіз іс бойынша әділетті орнату мүддесінде нақты әрекеттерді орындау қажеттілігін көрсететін нақты деректерді түсіну қажет.

2. Тергеу әрекетін жүргізу барысында заңмен бекітілген оны жүргізудің процесік тәртібі қатаң сақталуы міндетті.

3. Тергеу әрекеттерін жүргізу тиісті адамгершілік нормалар мен қағидаларға негізделуі қажет.

4. Тергеу әрекеттерін қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнаманың талаптарын сәйкес жүргізілуі тек белгіленген процесік шарттардың болуымен ғана жүзеге асырылуы тиіс.

2.3. Қарап-тексеру: түсінігі мен түрлері. Оны жүргізудің негіздері мен жалпы ережелері.

Қазақстан Республикасының ҚПК 220 б. 3 б. сәйкес сотқа дейінгі тергеу-тексеруді жүзеге асыратын адамның уақтылы келуі мүмкін болмаған жағдайда, қарап-тексеруді арыз немесе хабар келіп түскен анықтау органының анықтаушысы немесе өзге қызметкері жүргізуге міндетті.

Тергеулік қарап-тексеру қылмыстық іске маңызы бар объектілерді және олардың белгілерін, қасиеттерін, жағдайын, орналасуын, қалпын, өзара орналасуын тергеушімен (анықтаушымен) тікелей анықтау және зерттеуді түсінеді.

Қарап-тексерудің мәні тергеуші (анықтаушы) өз сезім органдары арқылы дәлелдемелік маңызы бар деректердің барында және олардың сипатына илануында (убеждаться).

Қарап-тексеру барысында тергеушімен объектілер мен болмыстарды сезімдік (эмпирикалық) тануы логикалық оймен, анализбен және қаралап отырғанның бағалауымен бірігеді. Тергеуші қаралып отырған объектінің байланыстарын, сонымен қатар сол объектілердің тергеліп отырған объектімен және іс бойынша жиналған нақты деректердің байланысын анықтауы қажет.

Қылмыстық-процестік заңнама қарап-тексерудің ұғымын бермейді, алайда оны жүргізудің мақсаттарын атап кетеді (Қазақстан Республикасының ҚПК 219 б.).

Процестік ғылымда аталған тергеу әрекетіне бірегей түсініктеме беріледі.

Профессора А.С. Кобликова пікірінше:

- қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін және іс үшін маңызы бар басқа да жағдайларды анықтау мақсатында тергеушінің түрлі объектілерді тікелей қарауынан тұрады.

Қылмыстық іс жүргізу теориясында бұған В.П. Колмаковпен берілген толық түсінігі бар:

- Іс бойынша әділетті орнату үшін маңызы бар нақты деректерді (дәлелдемелерді) анықтау мен жағдайларды айқындау мақсатында тергеліп отырған оқиғамен байланысты материалдық объектілердің жағдайын, қасиеттерін және белгілерін анықтау, тікелей қабылдау, зерттеу, бағалау және бекіту барысында тергеушінің заңда көзделген тұлғалардың қатысуымен процестік әрекетті жүргізуі тергеулік қарап-тексеру деп түсіну қажет.

- Қарап тексеру – бұл тергеушінің іс бойынша әділетті орнату үшін маңызы бар нақты деректерді (дәлелдемелерді) анықтау мен жағдайларды айқындау мақсатында тергеліп отырған оқиғамен байланысты материалдық объектілердің жағдайын, қасиеттерін және белгілерін анықтау, тікелей қабылдау, зерттеу, бағалау және бекіту бойынша тергеу әрекеті.

Қарап-тексерудің мақсаты болып қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін және өзге де материалдық объектілерді табу және анықтау, оқиғаның жағдайын анықтау және іс үшін маңызы бар мән-жайларды айқындау табылады (Қазақстан Республикасының ҚПК 219 б.).

Жеке ғалым-процесуалистердің пікірінше қарап-тексеруді қарастыру қажет:

- біріншіден, дербес тергеу әрекеті ретінде;
- екіншіден, қосалқы сипатта болатын тергеу әрекеттерінің құрамды бөлігі ретінде.

- Қарап-тексеру дербес тергеу әрекеті ретінде келесі негізгі жақтарымен сипатталады:

- 1) ол тек соған уәкілетті тұлғалармен ғана жүргізіледі: тергеуші, анықтаушы, анықтау органының аға қызметкерлерінің біреуі.

- 2) оны жүргізу барысына прокурор, терегу бөлімінің бастығы, анықтау органының бастығы қатысуға құқылы.

- 3) қарап-тексеруді жүргізу барысына міндетті түрде куәгерлер қатысады (Қазақстан Республикасының ҚПК 220 б.).

- 4) адамның мәйітін ол табылған жерде сыртынан қарап-тексеру оның жалпы қағидалары сақтала отырып және сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің, ал оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда өзге дәрігердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі (Қазақстан Республикасының ҚПК 222 б. 1 б.).

- 5) қарап-тексеру жүргізуге тергеуші аудармашыны, күдіктіні, айыпталушыны, жәбірленушіні не куәні, сонымен қатар маманды тарта алады.

- 6) тергеулік қарап-тексеру барысындағы нақты деректер тікелей тергеушімен анықталады, қабылданады, зерттеледі және бағаланады.

- 7) Қазақстан Республикасының ҚПК 224 б. көзделген талаптарды сақтай отырып қарап-тексерудің нәтижелері міндетті түрде бекітілуі тиіс.

- Екінші жағдайда қарап-тексеру (танымдық әдіс түрінде) басқа тергеу әрекеттерінің құрамдас бөлігі бола алады: ұстау, тінту, мүлікке тыйым салу, айғақтарды сол жерде тексеру мен нақтылау. Осылайша, мысалы, тінту барысында алынған қылмыстық іс үшін маңызы бар қылмыстық құқық бұзушылық қаруы, қылмыстық жолмен алынған заттар мен бағалы заттар, сонымен қоса басқа да заттар және құжаттар қарап-тексеруге жатады.

Тергеулік қарап-тексерудің түрлері.

Қазақ КСР қылмыстық-процестік заңнамасында қарап-тексерудің тек түрі қарастырылатын:

- оқиға болған жерді қарап-тексеру (221 б.),

- адам мәйітін қарап-тексеру (222 б.),

- заттар мен құжаттарды қарап-тексеру (221 б.).

• Қазақстан Республикасының ҚПК 27 тарау 219 бабында қарап-тексерудің жеті түрі қарастырылған:

- жергілікті жерді қарап-тексеру;
- үй-жайларды қарап-тексеру;
- заттарды қарап-тексеру;
- құжаттарды қарап-тексеру;
- тірі адамдарды қарап-тексеру;
- мәйіттерді қарап-тексеру;
- жануарларды қарап-тексеру.

Оқиға болған жерді қарап-тексеру.

- Қылмыстық-процестік мағынадағы оқиға болған жер деп тергеліп отырған оқиғаның (қылмыстық құқық бұзушылық, жазатайым оқиға, табиғи апат) болған жері не тергеп-тексерудің басында оқиға болған жер деп саналған жер саналады.

Алайда, сот-тергеу тәжірибесі көрсеткендей оқиға болған жер болып барлық жағдайларда мәйітті табылған жер не заттай дәлелдемелер анықталған жер болмайды.

- Оқиға болған жерді қарап-тексеру ондағы қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа да іздерінің өзгеру қаупі, заттай дәлелдемелер анықталу мүмкіндігі болған барлық жағдайларда қажетті. Оларды зерттеу тергеушіге оқиғаның сипатын анықтауға, субъектінің кінәсінің нысанын анықтауға, қылмыстық құқық бұзушылықтың дәлелін анықтауға мүмкіндік береді.

Жергілікті жерді қарап-тексеру.

Жергілікті жерді қарап-тексеру қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін жасыруға бағытталған әрекеттердің нәтижелері, сонымен қатар, мысалы

ұрланған мүлік, бағалы заттар сақталуы мүмкін белгіленген территорияны (жер бетінің учаскесі не су беткейі) зерттеп қарауда тұрады.

Үй-жайларды қарап-тексеру.

Оқиға болған жерден үй-жайларды қарап-тексеру басқа қарастырылып отырған тергеу әрекетінің дербес түрі ретінде шектелген жағдайларда ғана жүргізіледі. Бұл қарап-тексеру түрін жүргізу үшін үй-жай иесінің рұқсатын алу қажет, бұл туралы кейіннен егжей-тегжейлі қарастырамыз. Себебі, тергеулік қарап-тексерудің бұл түрі тұрғын үй-жайға қол сұғылмаушылық қағидасын бұзумен байланысты (Қазақстан Республикасының Конституциясының 25 бабы).

Үй-жайды қарап-тексеру келесілерді анықтау мақсатында жүргізіледі: заттай дәлелдемелер; қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері; ұрланған бағалы заттар; қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның орналасу жері; күдіктінің, айыпталушының, куәнің немесе жәбірленушінің айғақтарын тексеру.

Заттарды қарап-тексеру.

Қарап-тексерілуге жаттатын заттар дегенде біздер қылмыстық іске қатысы бар материалдық объектілерді түсінуіміз қажет. Оларға түрлі бұрын қылмыстық қызметтің объектісі болған заттар мен бұйымдар, қылмыстық құқық бұзушылық қаруы, күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің киімі жатады. Оларды қарап-тексеру іс бойынша әділетті орнату үшін қажетті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Заттар қарап-тексеруден кейін, әдеттегідей Қазақстан Республикасының ҚПК 118 б. сәйкес тиісті қаулының шығуымен (Қазақстан Республикасының ҚПК 221 б. 2 б.)

Жеке тұлғаны күдікті ретінде танудың негіздері.

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы басылымнан шыққан және қазіргі уақытта күшін жойған қылмыстық іс жүргізу кодексі бойынша күдікті ретінде келесі тұлғалар танылатын:

- тергеуші, аңқтаушы қылмыс жасады деп күмән келтірілгендігін хабарлап, соған байланысты қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген негіздерде және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған;

- не оны күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған;

- не ұстау жүзеге асырылған;

- не айып тағылғанға дейін жолын кесу шарасы қолданылған адам.

2015 жылдың 1 қаңтарында өз күшіне енген Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 64 бабы күдікті түсінігін береді.

Күдікті болып танылады:

- өзіне қатысты күдікті ретінде тану қаулысы шығарылған;

- осы Кодекстің 131- бабының тәртібімен ұстап алынған;

- өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шағарылған;

- қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам.

Жеке тұлғаны күдікті деп тану үшін сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы қаулы шығарады. Бұл жөнінде жеке тұлғаға хабарлайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші тұлға күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған тұлғаға күдіктінің құқықтарын түсіндіруге міндетті, бұл туралы қаулыда тиісті белгі қойылады. Сонымен қатар тергеп-тексеруді жүргізуші тұлға келесі реквизиттері нақты көзделген қаулының көшірмесін күдіктіге ұсынуға міндетті:

- оны құрудың орны мен уақыты; қаулы кіммен құрылған; күдікті тұлғаның (егер ол бар болса)тегі, аты, әкесінің аты; оның туылған жылы, айы, күні және жері; қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасағанына күдік келтіріп тұлғаны.

Адвокатты, прокурорды, тергеушіні, анықтаушыны, тергеу бөлімінің бастығын, анықтау органының бастығын кәсіби және қызметтік міндеттерді

орындаумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны туралы күдікті ретінде тану туралы қаулысын прокуратура басшысы бекітеді.

Аталған қаулының көшірмесі 24 сағаттың ішінде прокурорға жолданады.

Күдікті түсінігінің кейбір аспектілерін қарастырайық.

Қылмыстылықпен күрестің мүдделері қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік келтірген тұлғаларға қатысты жедел әрі нақты шараларды қолданылуын талап етеді.

Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының ҚПК 131-бабына сәйкес тұлғаны ұстау оны күдікті ретінде танудың негіздерінің бірі болып есептеледі.

Ұстау жүргізу негіздерін қатаң реттеудің мақсаты – кез келген мемлекет азаматтарының бас бостандығын заңсыз айыруға жол бермеу.

Заң шығарушы құқық қорғау органдарына қылмыстық сот ісін жүргізу тапсырмаларын орындауға мүмкіндік беретін түрлі құқықтық әдістердің ішінде күдіктіні ұстау сөзсіз негізгі орын алады.

Ұстау бұл тиімді шара болып табылады, ол ұсталған тұлғаны құқық бұзушылыққа қатысын анықтаудың маңызды шарттарын қамтамасыз етеді және ол тұлғаға қатысты тиісті бұлтартпау шарасын қабылдау мәселесін тікелей шешуге жәрдем береді.

Өз уақытында жүргізілген ұстау күдіктінің анықтау органдарынан және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарынан жасырынуға мүмкіндік бермейді, сонымен қатар әрі қарай өзінің қылмыстық қызметін жалғастыруға жолын кеседі.

Қазақстан Республикасының ҚПК 128-бабы қылмыстық құқық бұзушылық жасағанына күдік келтірген тұлғаны ұстаудың негіздерін атап кеткен.

Олардың кейбіреулерін қарастырып өтейік.

Жәбірленуші де басқа тұлғалар да күдіктінің жүріп-тұруын шектеу, қылмыстық қудалау органы немесе мемлекеттік биліктің басқа органына жеткізу немес беру мақсатында, екі жағдайда да оның қылмыстық құқық

бұзушылық әрекетін жүргізу мүмкіндігін жолын кесу мақсатында ұстау жүргізуге құқығы бар.

Мысалы, И.В. Кузнецов алкогольдық мастықта бола тұра өзінің танысы З. Петрованы балағаттап қадір-қасиетін қорлап жиһазды бұзды, сонымен қатар оны сабасына келтіргісі келген тұлғаларға дене жарақатын келтірген. Жатақхана әкімшілігінің хабарлауымен оқиға болған жерге келген қызметкерлер Кузнецовқа қатысты ұста жүргізіп, нәтижесінде қылмыстық жауаптылыққа тартты.

Келесі ұстаудың негізі –көзімен көргендер (куәлар) оның ішінде жәбірленушілер қылмыс жасаған адам ретінде осы адамды тікелей көрсетуге не ол адамды Қазақстан Республикасының ҚПК 130-бабының тәртібімен ұстауға құқық.

Нақты мысалмен қарастырайық.

Жәбірленуші Н.П. Клочкова ішкі істер органдарына пойызда өзінің чемоданының ұрланғанын хабарлады, сонымен қатар ол чемоданның сырт белгілерін және ішіндегі заттардың тізімін айтты. Ал вагон жолсерігі вагоннан шыққан әйел мен оның жанындағы үш ер кісіні суреттеп берді.

Криминалды полиция қызметкері аталған стансаның ешкім аяқ баспайтын аймағында әйел мен үш ер кісінің жәбірленуші суреттеген чемоданың ішін қарап отырғанын байқап, Қазақстан Республикасының ҚПК 128- бабының тәртібімен ұстау жүргізіп полиция бөліміне алып келді.

Қазақстан Республикасының ҚПК 128-баптың 2 б. 3 т. сәйкес осы адамда немесе оның киімінде, өзінің бойында не тұрғын-жайында қылмыстың анық іздері табылған жағдайда ұстау жүргізуге құқық бар.

Басқа сөзбен айтқанда, аталған іздер анық, қылмыстың іздері екендігіне күмән тудырмайтын және күдікті тұлғамен қылмыс жасау барысында немесе одан кейін қалдырылғанын анық көрсетуі тиіс.

Өкінішке орай, тәжірибеде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жоғарыда аталған талаптарға мән бермей кететін жағдайлары жиі кездеседі.

Полиция бөлімдерінің бірінің тергеушісі И.А. Иванов И.К. Мотовкинді кісі өліміне әкеп соққан жол-транспорттық оқиғаны жасағанына күдік келтіргенінде ұстап алған.

Оның ЖТО жасағаны туралы тек куәлардың айғақтарында Мотовкин жұмыс істейтін автокөліктің таксокомбинатқа қанға ұқсас іздерінің және ішіне қарай майысқан жерлерімен қайтқаны туралы ғана айтылған.

Автокөлікті егжей-тегжейлі қарау барысында оның сыртында расында да ішіне қарай майысқан жерлерінің бар екендігі анықталды, бірақ олар ЖТО қатысы жоқ болатын, ал анықталған қанға ұқсас дақтар қан емес екені айқындалды.

Бұл жағдайдағы тергеушінің қателігі – автокөліктегі ішіне қарай майысқан жерлерін ЖТО жасағанның нәтижесінде пайда болған деп ойлағанында.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың анық іздері болып қан іздері немесе басқа да биологиялық дақтар табылады (мысалы, зорлау қылмысын жасағаннан кейінгі анықталған ұрық дақтарының анықталуы).

Әрине, қылмыстық құқық бұзушылықтың анық іздеріне тек көзбен көретін іздер ғана емес техникалық құралдардың көмегімен алынған іздер де жатады.

Осыған қоса, аса ауыр қылмыстар қатарына жататын қылмыстық құқық бұзушылық жасағанына күдік келтірген жағдайда, жағдайдың барлық мән-жайларын анықтамайынша тұлғаны ұстау жүргізуге құқықты қолданудан бас тартпауымыз қажет.

Мысалы, И.В. Антонов ешқайда жұмыс істемейді, екі рет сотталған, соңғы рет мерзімінен тыс шартты түрде босатылған. Ол өз достарымен бұрыңғы әйелі Л.Антонованы көруге барады. Ал Антонова ол уақытта басқа кісімен тұрмыс құрған. Алкоголь ішімдігін ішу барысында Антонов бұрыңғы әйелін балағаттап қорлап отырған және өлтіремін деп қорқытқан.

Кейіннен ол пәтерден шығып кеткен. Бір тәуліктен кейін сол пәтерде Л.Антонованың мәйіті анықталды. Барлық жағдайларды анықтау мақсатында И.Антонов ұсталды. Антонов өзінің пәтерде болғанын мойындады, бірақ ол

достарымен шығып кеткенін және сол күні құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен ұсталып медициналық айықтырғышқа отырғызғаны туралы мәлімдеді.

Оның айғақтарының растығын аталған арнайы мекеменің тіркеу журналында және куәлар базасының айғақтары, яғни оның мәйіт табылғанға дейін достарымен шығып кеткені дәлелдеді.

Осыған байланысты Антонов жеткізу уақыты аяқталғаннан кейін – 3 сағатта жеткізу туралы анықтама ұсынылып босатылды. Бұл жағдайда Антоновты айғақтарды тексері мақсатында ұстау негізді болды.

Қылмыстық-процестік заң ұстаудың қатаң тәртібін бекітеді, бұл – заңдылықты сақтаудың кепілі болыптабылады.

Ұстау туралы осы шараны қолданудың негіздері мен мотивін көрсете отырып хаттама толтырылу тиіс (Қазақстан Республикасының ҚПК 131-бабы).

Және сол бойынша соттың санкциясысыз тұлға 72 сағатқа ұсталына алады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жүргізілген ұстап алу туралы прокурорға ұстап алу туралы хаттамасы жасалған сәттен бастап он екі сағаттың ішінде жазбаша хабарлауға міндетті.

Ұсталған тұлғалар уақытша ұстау изоляторларында (әрі қарай – УҰИ), ал әскери қызметкерлер және бас бостандығын айыру жазасын өтейтіндер гауптвахталарда немесе қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталуы мүмкін.

Шет ел азаматтарына қатысты заңмен бекітілген қосымша кепілдер де бар.

Шетел азаматын ұстау туралы дереу, мүмкіндік болса 24 сағаттың ішінде осы тұлғаның өкілі болып табылатын СІМ арқылы елшілікке немесе консулдыққа Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және Қазақстан Республикасының ІІМ бекітілген қатаң тәртіпте хабарлауға тиіс.

Қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнама ұстауды жүргізудің негіздерін ғана емес, ұстаудан кейінгі босатудың негіздерін де қарастырып кеткен (Қазақстан Республикасының ҚПК 133-бабы).

Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған адам, егер:

- 1) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік расталмаса;
- 2) ұстап алынған адамға күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын не қамаққа алу не Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жазаны қолдануға негіздер болмаса;

- 3) ұстап алу ҚПК кодекстің 131-бабының талаптарын елеулі түрде бұза отырып жүргізілген болса;

- 4) ұстап алу үшін заңды негіздер болмаса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырып жатқан адамның немесе прокурордың қаулысы бойынша босатылуға жатады.

Егер нақты ұстап алынған кезден бастап жетпіс екі сағаттың ішінде ұстап алынған адамды ұстау орнының бастығына күдіктіні күзетпен ұстауды санкциялау туралы сот қаулысы келіп түспесе, ұстап алынған адамды ұстау орнының бастығы оны өзінің қаулысымен дереу босатады және ол туралы іс жүргізуінде іс жатқан адамға және прокурорға хабарлайды.

Заң шығарушы аталған баптың бөлігін елеулі түрде бұзғаны үшін лауазымды тұлғаларды жауаптылыққа тартуды қарастырған.

Егер де қарастырылып отырған баптың екінші бөлігінің талаптарын орындамаған жағдайда тұлғаның ұсталынып отырған мекемесінің әкімшілігінің басшысы заңмен бекітілген жеке жауаптылықта болады.

Ұстап алынған адам босатылған кезде оған оны кімнің ұстап алғаны, ұстап алудың, жеткізудің негіздері, орны мен уақыты, босатудың негіздері мен уақыты көрсетілген анықтама беріледі.

Қарастырылып отырған баптың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақтарына сәйкес заңсыз ұсталынған күдіктінің қатысуымен тергеу әрекеттері жүргізіліп алынған мәліметтерді дәлелдеме ретінде қолдануға тыйым салынады.

Тұлға тек өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулысы шыққан сәттен бастап күдікті болып танылады.

Аталған процестік құжатта міндетті тәртіппен нақты тұлғаның анкеталық мәліметтері, оның ішінде туылу туралы мәліметтер (қашан және қай жерде), сонымен қатар оны күдікті ретінде танудың негіздері көзделеді.

Күдікті ретінде жауап алу тұлғаны күдікті ретінде танудың негіздерінің бірі болып келеді.

Күдікті ұстап алынған жағдайда ұстап алу туралы хаттама жасалған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей, оның өзі таңдаған немесе тағайындалған қорғаушымен алғашқы жауап алуға дейін оңаша және құпия кездесу құқығы қамтамасыз етіле отырып, одан жауап алынуға тиіс.

Сонымен қатар, ұстап алынған күдікті өзінің тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына өзінің ұсталғандығы және ұсталып отырған жері туралы телефон арқылы немесе өзге де тәсілмен дереу хабарлауға құқылы. Ұстап алу туралы хабар сотқа дейінгі тергеп-тексеруге кедергі келтіруі мүмкін деп пайымдауға негіздер болған кезде, ұстап алуды жүзеге асырған қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы ұстап алынған адамның кәмелетке толған отбасы мүшелерін, жақын туыстарын өзі хабардар ете алады. Мұндай хабарлау кейінге қалдырылмай жасалуға тиіс.

Осындай хабарлау фактісі туралы ұстап алу хаттамасында белгі жасалады, онда ұстап алынғаны туралы хабарлаудың уақыты мен тәсілі көрсетіледі.

Күдікті:

1) ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алуға;

2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге;

3) өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы

ҚПК кодекстің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;

4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға;

5) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесуге;

6) күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге;

7) күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға;

8) айғақ беруден бас тартуға;

9) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алуға;

10) дәлелдемелерді ұсынуға;

11) өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге;

12) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге;

13) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

14) өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысуға;

15) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға;

16) тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процестік келісімді жасасуға;

17) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беруге;

18) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге;

19) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға;

20) сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде ҚПК-тің 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға;

21) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін ҚПК-те белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіруге;

22) қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіруге;

23) жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алуға;

24) өзіне қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беруге құқылы.

Күдіктінің кейбір құқытарын егжей-тегжейлі қарастырайық.

Неде күдіктеліп отырғанын білу құқығы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының күдіктіге қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасағанына күдіктеліп отырғанын түсіндірумен қамтамасыз етіледі.

Күдіктің негізі қарапайым және нақты түрде, күдіктінің жеке ерекшеліктерін ескере отырып түсіндірілуі тиіс (мысалы, жасы, білімі, өмірлік тәжірибесі және т.б.).

Күдіктінің өзіне қарсы күдік жөнінде білу құқығы күдіктінің өзіне қарсы күдік жөнінде, сол сияқты өзіне белгілі, іс бойынша маңызы бар өзге де мән-жайлар мен дәлелдемелер туралы айғақтар беруге құқығы тығыз байланысты (Қазақстан Республикасының ҚПК 115 б.)

Егер күдікті бірінші жауап алу басталғанға дейін өзінің айғақтар беруден бас тарту құқығын пайдаланбаса, оған өзінің айғақтары қылмыстық процесте, оның ішінде кейіннен ол осы айғақтардан бас тартқан кезде де дәлелдемелер ретінде пайдаланылуы мүмкін екендігі туралы ескертілуге тиіс.

Сонымен қатар, күдікті заттай болсын, түрлі құжаттар болсын дәлелдемелер ұсынуға құқығы бар (Қазақстан Республикасының ҚПК 111 б.).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы ұсынылған құжаттармен танысуға және олардың қылмыстық іске тіркелу туралы мәселені шешуге міндетті.

Өз шешімін қылмыстық қудалау органы қаулымен шығарады.

Дәлелдемелерді қылмыстық іске тіркеуден бас тарту шешімі негізді болуы тиіс. Қылмыстық іске дәлелдемені тіркеуден бас тарту туралы қаулыны қылмыстық қудалау органы сезіктіні таныстырады.

Заң күдіктіге өз құқықтарын дербес қорғау құқығын берді: ол қылмыстық сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кез келген сатысында прокурорға процестік келісімге тұру туралы өтінішпен мәлімдеуге құқығы бар.

Өз кезегінде күдікті жоғары тұрған прокурорға прокурордың қабылдаған шешіміне шағым жазуға құқылы (Қазақстан Республикасының ҚПК п 105 б.).

Күдікті өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар беруге құқығы бар.

Бұл түрлі тергеу әрекеттерін жүргізу барысында аудармашыны шақыртуды және күдіктінің аудармашының ақысыз көмегін пайдалану құқығын түсіндіреді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күдікті қылмыстық процеске қатысушы барлық тұлғалар, оның ішінде қылмыстық процеске қатысушы басқа тұлғаларға қатысты қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтініші мен қарсылық білдіру өтінішін бідіруге құқылы.

Мысалы, күдікті сарапшыға қарсылық білдіруді немесе сот сараптамасы органын сараптама жүргізуден шеттету туралы өтінішхатты мәлімдеуге құқығы бар (Қазақстан Республикасының ҚПК 274 б.).

Күдіктінің өзі қылмыстық қудалау органының келісімімен оның өтініші немесе қорғаушының не заңды өкілдің өтініші бойынша жүргізілгелі отырған тергеу әрекетіне қатысу құқығы бар.

Осылайша, ол өзі тануға ұсынған тұлғаны тануда өзі қатыса алады.

Тануға ұсынылып отырған күдікті танылатын адамдардың арасынан өзі орын таңдауға құқығы бар, бұл туралы хаттамаға тиісті белгі қойылады (Қазақстан Республикасының ҚПК 230 б.).

Егер тергеуші танудың объективтілігін қамтамасыз ететін бұл тәртіпті бұзатын болса, онда күдікті бұл тергеу әрекетіне шағымдана алады және бұл жағдайда бұл тергеу әрекетінің хаттамасы күшін жояды.

Күдікті тінту барысына да қатыса алады (Қазақстан Республикасының ҚПК 254 б.).

Тінту жүргізудің бекітілген тәртібі қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғаларын күдіктіге ең алдымен өз еркімен заттар мен құжаттарды беру туралы ұсыныс жасауға міндеттейді.

Егер заттар өз еркімен берілген болса және басқа да заттардың жасырынып қалу қаупі болмаған жағдайда тергеуші ұсынылған заттарды алумен шектелуге құқығы бар.

Тергеу эксперименті тергеу әрекеті ретінде Қазақстан Республикасының ҚПК 258-бабында көзделген. Және бұл тергеу әрекеті тек күдіктінің келісімімен ғана жүргізіледі, мәжбүрлеп жүргізуге тергеушінің құқығы жоқ.

Тергеу экспериментін, егер бұл ретте оған қатысатын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірілмесе, олардың абыройы мен қадір-қасиеті кемсітілмесе, оларға материалдық залал келтірілмесе, жүргізуге жол беріледі.

Адамның күдікті жағдайында болуы ол айыпталушы мәртебесін алған немесе оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылған кезден бастап тоқтатылады.

Осылайша, күдікті –қылмыстық құқық бұзушылық жасауына нақты көрсетіп отырған дәлелдемелердің бар болуымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында тартылуға жататын тұлға, алайда бұл тек тиісті қаулының шығуымен жүзеге асырылады.

Адамды күдікті ретінде тану үшін күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының шығарылуы мүмкін.

2.4. Күдіктінің іс-әрекетін саралауды анықтаудың түсінігі мен маңызы.

Қылмыстық заңды тәжірибелік тұрғыда қолданудың маңызды бөлігін күдіктінің іс-әрекетін саралау алады.

«Саралау» термині латын тілден «сапа» дегенді білдіреді.

Сәйкесінше, күдіктінің іс-әрекетін саралау түсінігін қарастыру белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылықтың түріне, дәрежесіне жататын сапалы белгілеріне қарауды түсіндіреді.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау түсінігі – бұл жасалған әрекетті бағалау мен оның негізді белгілерін Қылмыстық кодекстің нақты баптарын қолдану мақсатында сол баптардың белгілерімен салыстыру.

Осылайша, күдіктінің іс-әрекетін саралау заң теориясы мен тәжірибесі арасындағы байланыстырушы буыны болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықты саралағаннан кейін ғана қылмыстық кодекстің тиісті бабын қолдануға рұқсат етіледі.

Осындай маңызды рөлге ие болғандықтан, күдіктінің іс-әрекетін саралауды анықтау белгілі бір аспектілерге ие болатыны сөзсіз.

Бұл аспектілер: заңи, психологиялық, логикалық және әлеуметтік.

Олардың түсініктері қарапайым.

Мысалы, заңи аспекті күдіктінің іс-әрекетін саралау қылмыстық заңнаманы тек қана нақты оқиғаға қатысты қолдануға ғана емес, қылмыскерге әділетті жаза тағайындауға мүмкіндік берумен байланысты. Оның жауаптылық

өлшемін анықтауға мүмкіндік береді, яғни заңи аспекті күдіктінің іс-әрекетін қалай сараласа, соның нәтижесінде тиісті жауаптылық өлшемі де анықталуымен байланысты болып келеді.

Психологиялық және логикалық аспектілер қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеруді жүргізіп отырған тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылықты саралау барысындағы ой қызметімен тікелей байланысты.

Бұл қызметтің нәтижесі ретінде тиісті түрде рәсімделетін заңи тапсырманың шешімі болады.

Ал әлеуметтік аспекті әділеттік ұғымымен тікелей байланысты. Күдіктінің іс-әрекетін дұрыс саралау дұрыс және әділетті жаза тағайындауға итермелейді. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаның барлық ерекшеліктері ескеріледі.

Осылайша, барлық ұсынылған аспектілерді қарастырып шығып күдіктінің іс-әрекетін саралау түсінігінің орындайтын барлық міндеттерін анықтауға болады:

Ол белгілі бір жағдайларды қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалмағанын дәлелдейді, себебі, кейбір қоғамдық қауіпті жағдайлардағы қоғамға қауіпті әрекет қылмыс болып табыламайды.

Мысалы, аффект жағдайындағы адам өлтіру. Субъективтік жағындағы кінә белгісінің жоқтығына байланысты қылмыстың құрамы жоқ болғандықтан оны біз қылмыстың қатарына жатқыза алмаймыз.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау кінәлінің заңға сәйкес тиісті жазасын алатынына кепіл болады. Қылмыскердің жауаптылығын жүзеге асырады және әділетті жазалау міндетін атқарады.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау екі түрлі болады:

- Легалды немесе заңды. Аталған күдіктінің іс-әрекетін саралау қылмыстық қудалаудың уәкілетті мемлекеттік органдарымен жүргізіледі: тергеуші, судья, прокурор.

- доктриналды немесе жеке.

Бұл ресми емес тұлғалармен жүргізіледі тек ғылыми не оқу процесіне арналып жүргізіледі. Ол жеке ғалымдар мен оқытушылардың жеке жағдайларға қатысты пікірлері болып табылады.

Ресми түрде бұл түр қолданылмайды, алайда кейбір түсініксіз және күрделі жағдайларда көптеген тәжірибедегі қызметкерлер қолданады.

Күдіктінің іс-әрекетін дұрыс саралауға көптеген құқықтық салдарлар тәуелді болады:

Мысалы, тұлғаны жасалған қылмыстық құқық бұзушылықта кінәлі деп тану; қылмыстық жауаптылықтан босату (босатудан бас тарту) мүмкіндігі; соттың үкімімен тағайындалатын жазалаудың түрі мен мөлшері; адам бас бостандығынан айырылған жағдайда өз жазасын өтейтін мекеменің түрі; қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылықты қайталап жасаудың орын алуы; жазаны мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың шарттары; тергеулігі мен соттылығы.

Осыдан күдіктінің іс-әрекетін саралау (қылмыстық құқықтық бағалау) анықтау - әділеттіктің дұрыс қызмет етуі мен күдіктінің болашағы тәуелді болатын өте жауапты акті болып келетіні анық.

Бұл процесс барысында тұлға жасаған қоғамға қауіпті әрекет пен Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімінде, қажет болған жағдайларда – Қазақстан Республикасының ҚК Жалпы бөлімінде көзделген баптарының біреуінде сипатталған қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің сәйкестігі анықталады.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау дегеніміз – оған құқықтық баға беру мен Қазақстан Республикасының ҚК тиісті бабымен сәйкестендіру, сәйкесінше адам жүріс-тұрысының нақты актісі мен заңнамалық құрылымын ұқсастыру.

Күдіктінің іс-әрекетін нақты саралау заңдылықты сақтау талаптырының негізгісі болып келеді, себебі ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі болып келеді.

Саралаудың негізі – қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар әрекет жасау.

Күдіктінің іс-әрекетін саралаудың алғышарты болып істің барлық жағдайларын анықтау мен Ерекше бөлімдегі тиісті баптың диспозициясында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының барлық белгілерінің болу-болмауын анықтау табылады.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау барысында анықталады:

–аталған әрекет қылмыстық әрекетке жататындығы анықталады (Қазақстан Республикасының ҚК бабы);

–қылмыстық қол сұғушылықтың объектісі (кейбір жағдайларда заты) анықталады;

–объективтік және субъективтік жақтарына жататын белгілерді анализдеу жүргізеді;

–қылмыстың субъектісіне қойылатын қажетті құқықтық талаптар анықталады.

Адамның қылмыс жасағаны туралы күдікті растайтын оған қатысты жеткілікті дәлелдемелер болған кезде прокурор, Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы уәжді қаулы шығарады. Іс-әрекетті саралау туралы қаулы қисынды мерзімде шығарылуға тиіс. Прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктіге оған күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жарияланатын күн туралы хабарлайды және сонымен бір мезгілде оған қорғаушы шақыру не оның қатысуын қамтамасыз ету туралы өтіну құқығын түсіндіреді.

Күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындаған кезде іс материалдарына, егер ол бұрын жасалмаған болса, жеке басты куәландыратын құжаттың прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәландырған көшірмесі қоса беріледі.

Күдіктінің, айыпталушының жеке басын куәландыратын құжаты болмаған не жоғалған, оны жоғалтқан жағдайда, оны құжаттауды уәкілетті орган сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен келісу бойынша белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстыға қылмыстық-процестік кодексі 25 тарауда күдіктінің іс-әрекетін саралауын анықтау бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының жұмысының ұйымдастырылуын анықтады.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының көшірмесі ол шығарылғаннан кейін жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы, егер қорғаушының қатысуы заң бойынша міндетті болса немесе бұл туралы күдікті өтінішхат берсе, қорғаушының қатысуымен және қаулы шығарылған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей жария етіледі. Күдікті немесе оның қорғаушысы келмей қалған жағдайда, қаулы жиырма төрт сағат өткеннен кейін де жариялануы мүмкін.

Күштеп әкелінген күдіктіге қаулы ол күштеп әкелінген күні жарияланады. Бұл ретте сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жариялау кезінде қорғаушының қатысуы заң бойынша міндетті болған жағдайларда қорғаушының қатысуын қамтамасыз ету шараларын қолдануға тиіс. Күдікті не оның қорғаушысы келмей қалған жағдайда аталған қаулы оларға жиырма төрт сағаттың ішінде хабарлануы тиіс.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктіге күдік келтірудің мәнін түсіндіруге міндетті.

Жоғарыда айтылып кеткен әрекеттерді орындау фактісі күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жариялау күні мен сағаты көрсетіле отырып, осы қаулыға күдіктінің, қорғаушының және тергеушінің қойылған қолдарымен куәландырылады.

Күдікті қол қоюдан бас тартқан жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам және егер ол күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жариялау кезінде қатысқан болса қорғаушы күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда күдіктіге қаулы мәтінінің жария етілгенін куәландырады.

Күдіктінің өзіне күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының көшірмесі табыс етіледі.

Күдікті Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде болған және қылмыстық қудалау органдарына келуден жалтарған жағдайда – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам, ал қорғаушы келген жағдайда – қорғаушы да, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда оның Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде болуына және сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына келуден жалтаруына байланысты күдікті деп жариялау мүмкін еместігін куәландырады.

Егер күдіктінің тұрып жатқан жері белгілі болса, қаулының көшірмесі оған байланыс құралдарын пайдалану, оның ішінде пошта арқылы да жіберіледі. Қажет болған жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам прокурордың келісімімен республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, күдіктінің тұрып жатқан жері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ жалпыға қолжетімді телекоммуникациялық желілерде күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы хабарламаны жариялауды ұйымдастыруға құқылы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы тұлға тек прокурордың келісімімен мұндай шешімді орындай алады.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда:

1) оның жасалған уақыты мен орны; хаттаманы кімнің жасағаны; күдіктінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні, айы, жылы және туған жері;

2) қылмыстың жасалған уақыты, орны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ҚПК 113-бабына сәйкес дәлелденуге жататын өзге де мән-жайларды көрсете отырып, осы адам жасады деп күдік келтірілген қылмыстың сипаттамасы;

3) адамға оны жасады деп күдік келтіріліп отырған қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заң (бап, бөлік, тармақ) көрсетілуге тиіс.

Бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген кезде күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда қылмыстық заң баптарының (бөліктерінің, тармақтарының) әрқайсысы бойынша адамның

нақты қандай әрекеттер (әрекетсіздік) жасады деп күдік келтірілетіні көрсетілуге тиіс.

Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу кезінде күдіктінің іс-әрекетін саралауды өзгерту және толықтыру үшін негіздер туындаса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам Қазақстан Республикасының ҚПК 204-бабының талаптарын сақтай отырып, күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы жаңа қаулы жасауға және оны Қазақстан Республикасының ҚПК 205, 206-баптарында белгіленген тәртіппен күдіктіге жариялауға міндетті.

Күдіктінің іс-әрекетінің түпкілікті саралануы соңғы қаулының шығарылған күні бойынша айқындалады.

Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жария етілген күдік қандай да бір бөлігінде расталмаса, тергеуші өзінің қаулысымен осы бөлікте қылмыстық қудалауды тоқтатады, бұл туралы қабылданған шешімнің көшірмесін табыс ете отырып, күдіктіні және процестің басқа да қатысушыларын хабардар етеді.

Күдіктінің іс-әрекетін саралауды анықтау жоғары маңыздылыққа ие және қылмыстық-құқықтық және әлеуметтік маңызға ие болады.

Күдіктінің іс-әрекетін саралаудың жалпы әлеуметтік маңыздылығы әлеуметтік-құқықтық жүйенің жағдайын сипаттай отырып, бір жағынан жалпы мемлекеттегі заңдылықты сақтаудың іргетасы болуында, ал екінші жағынан құқықтық мемлекетті құрудағы орталық орынға ие болатындығында.

Күдіктінің іс-әрекетін саралауды анықтаудың қылмыстық-құқықтық маңызы көпжақты және бірқатар жағдайларда көрінеді.

Олардың арасынан негізгілері мен нақтылайтындарды бөліп шығарғанда, күдіктінің іс-әрекетін дұрыс әрі нақты саралауын анықтауды белгілеу қажет:-

- заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді;
- жасалған іс-әрекетті заңи және әлеуметтік-саяси тұрғыдан бағалайды;
- Қазақстан Республикасының ҚК Жалпы және Ерекше бөлімдерінің нормаларына қатаң сәйкестікте қылмыстық жауаптылық пен жазаның

жекеленуіне әрекет ететін кінәлінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына кепіл болады;

- соттылықты жоюды, қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатуды реттейтін қылмыстық заңнаманың Жалпы бөлімінің нормалары;

- қылмыстық-процестік заңнамамен бекітілген қылмыстарды тергеудің процестік тәртібін шарттайды;

- қылмыстылықтың жағдайын, құрылымын және қозғалысын дұрыс сипаттауға және онымен күресудің тиімді және әсерлі шараларын өңдеуге мүмкіндік береді.

Күдіктінің іс-әрекетін дұрыс саралауды нақты анықтау сотпен және атқарушы биліктің құқық қорғау органдарымен конституциялық принципін және одан туындайтын қылмыстық құқықтың қағидаларын қатаң сақтауын қамтамасыз етеді.

Күдіктінің іс-әрекетін саралауды анықтаудың қылмыстық-құқықтық маңыздылығы анық көрсетілген маңызды жалпы ережеге Қазақстан Республикасының ҚК 4-бабы жатады: «Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Дәл сол бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қылмыстық жауаптылыққа қайталап тартуға болмайды. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді».

Жасалған әрекетті саяси-әлеуметтік және заңи бағалай келе, күдіктінің іс-әрекетін саралауды нақты анықтауға жатады:

- мемлекетпен және қоғаммен жасалған әрекетті қоғамдық қауіптілік деңгейі мен ауырлығын есепке ала отырып қылмыстық деп танудың теріс бағалауы;

- бұзылған қоғамдық қатынастардың мазмұнын және олармен қамтамасыз етіліп отырған әлеуметтік құндылықтарға келтірілген зардаптың сипаты мен бағытталғандығын, кінә нысанын және т.б. бекітеді;

- жасалған әрекеттің белгілерін Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімінде көзделген нақты бабының диспозициясындағы қымыстың белгілерімен ұқсастыру.

Күдіктінің іс-әрекетін нақты саралауды анықтау барысында қылмыстық жауаптылық пен жазаны жекелеу және оның нәтижесінде болатын құқықтық салдардың арқасында кінәлінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына кепіл болады, себебі келесілерді қолдану қамтамасыз етіледі:

Біріншіден, Қазақстан Республикасының ҚК нақты бабының жасалған әрекеттің белгілерімен сәйкес келуі;

Екіншіден, қылмысқа дайындалу үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігін реттейтін Қазақстан Республикасының ҚК Жалпы бөлімінің нормалары, нақты жасалғанның қоғамға қауіптілік деңгейін және кінәлінің тұлғасын есепке ала отырып жаза тағайындау, жекелей алғанда, аталған әрекет үшін көзделген жазадан мейілінше жұмсақ жаза тағайындау және т.б.

Күдіктінің әрекетін дұрыс саралауды анықтау күдіктінің Қазақстан Республикасының ҚПК Жалпы бөлімімен қарастырылған қылмыстық жауаптылықтан және жазадан заңды және негізді босатылуы мен соттылықты жоюды алдын ала анықталады.

Бұл да өркениетті мемлекеттің адам және азаматтың конституциялық құқықтарын сақтауға жатады.

2.5. Қазақстан Республикасындағы ҚПК процестік келісім туралы.

2015 жылы Қазақстан Республикасында адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға шақырылған жаңа Қылмыстық-процестік кодексі күшіне енді.

Аталған кодексте «процестік келісім» атты жаңа түсінігі бар (ағылш. *Plea bargain*), немесе басқа сөзбен айтқанда «тергеумен келіссөзге келу институты».

Бұл жаңа енгізілім қылмыстық топтар мен қылмыстық қоғамдастықтың құрамындағы тұлғаларға қылмыстық жазаның өлшемін азайту мен мемлекеттік

қорғауды қамтамасыз ететін шартымен құқық қорғау органдарының келіссөзге келу арқыла ұйымдасқан қылмыстылықтың барлық нысандарына қарсы күреске бағытталған.

Ынтымақтастық туралы келісім (әділеттілікпен келісім жасау) таяу және қиыр шет елдерінің қылмыстық-процестік заңнамаларында кеңінен және ұзақ уақыт бойы қолданылады.

Мысалы, АҚШ, Англия, Уэльс, Үндістан, Италия, Франция, Эстония, Израиль, Грузия, Украина, Ресей.

Италияда аталған келісім терроризммен күреске қатысты – 1970 жылдан бері, ал мафиямен күреске қатысты – 1980 жылдардан қолданылады.

Қылмыскерлер өз сыбайластары жөніндегі ақпараты үшін негізгі жазасының үштен бір бөлігін өтеуге, ал майда қылмыскерлер тіпті қылмыстық жауаптылықтан босатылуы қамтамасыз етіледі. Ал «өз кінәсін мойындағандар» үшін куәларды қорғау бағдарламасы көзделген.

Бірінші мафияға қарсы «өз кінәсін мойындаған» Томаззо Бускетта болды, кейіннен ол АҚШ көшіп кеткен болатын, оның көмегімен сициялық қауымның 350 мүшесі қамалды.

Алайда бұл институтты жақтаушылардың оппоненттері де бар.

Бұл жүйені жақтамаушылар қылмыскерлердің өз мақсаттарын көздейтіндерін айтады: мысалы, кек алу, түрмеден жалтару мақсатында жалған айғақтар беру және т.б.

АҚШ-да әділеттікпен келісімге келудің екі мәселесі бар, олар сотпен бекітілуі қажет тек осы сәттен бастап қана екі тарап үшін келісім талаптары міндетті болып есептеледі.

Бірінші мәселе, айыпталушы онымен жасалған қылмыстық ауырлық дәрежесіне қарамастан жазаны 35%-ға жұмсартуды талап етуі.

Және екіншісі, айыпталушы қылмыстық жауаптылықтан толық немесе ішінара босатылуы үшін болған оқиғаның куәсі мәртебесін алуы.

АҚШ-да осы келісімге келудің арқасында аса ауыр қылмыстардың 90% дейін ашылады.

Францияда прокурор ауырлығы онша емес қылмыс жасаған тұлғаға өз кінәсін мойындағаны үшін бір жылға дейінгі бас бостандығын айыру жазасын өтеуге алмастыру туралы ұсынуға құқығы бар. Келісім сотпен бекітіледі.

Бұл жағымды заң Францияда әлге дейін дау-дамай туындатады.

Оппоненттер – адвокаттар мен сол жақ партиялардың өкілдері әділеттікпен келісімді қорғалуға құқықты, объективтік тергеуді, ал соның нәтижесінде кінәсіздік презумпциясы институтын бұзып отыр деп есептейді.

Үндістандағы аталған институт 2006 жылдан бері қарай қолданылуда. Жазасын жұмсарту мүмкіндігі жаза мерзімі жеті жылдан артық емес қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға ұсынылады.

Мысалы, ұрып-соғу, жалған құжаттар жасау, көлікті қауіпті айдау және т.б.

Алайда әйелдер мен балаларға қарсы жасалған қылмыстары үшін келісім жасауға тыйым салынған.

Грузияда бұл келісім 2004 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында пайда болды.

Келісімге келу туралы ұсынысты айыпталушы да прокурор да бере алады.

Прокурор айыпталушыға жазаны жұмсарту немесе істі қысқарту, оның ішінде елдің бюджетіне ақшалай айыппұлды төлеу туралы ұсыныс жасай алады. Айыппұл сомасы жеке анықталады.

Келісімді сот айптаудың бары мен еркінділіктің бар болуын тексергеннен кейін бекітеді.

Грузиндік процестік келісімнің «ерекшелігі» Қылмыстық кодексінің 42-бабымен байланысты.

Оған сәйкес, процестік келісім негізінде Қылмыстық кодекстің ондай жаза көзделмеген баптары үшін де айыппұл тағайындай алады.

Беларусь Республикасында қылмыстық-процестік заңнамаға жаңа енгізілім кірді, оған сәйкес кінәліге «әділеттікпен келісім» үшін сомасы 300 базалық шамадан (\$60 мың) 5 мың базалық шамаға дейін көзделген. Оны тағайындау құқығы мемлекеттік айыпталушыға берілген.

60 мың АҚШ доллары көлеміндегі айыппұл экономикалық қылмыстарды жасауға жол бермейді. «Әділеттікпен келісім» 28 түрлі зорлық-зомбылықсыз қылмыстың құрамдарын өзіне қосады және олардың қатарына сыбайлас жемқорлық қылмыстары кірмейді.

Қылмысты жасағанын толық мойындаған және әлеуметтік ақыны төлеу туралы өтініш білдірген тұлға «процестік келісім» жасасуға құқығы бар.

Айыпталушы прокурор анықтаған соманы төлегеннен кейін сот отырысында он бес күнге үзіліс жарияланады. Бұл уақыт ішінде сот айыпталушының әлеуметтік ақысын қабылдау қабылдамау мәселесін шешеді.

Біздің елде сот өндірісін жеңілдету мәселелері құқық саласында мемлекеттік саясатты айқындайтын бағдарламалық құжаттарда қарастырылған.

2009 жылы 24 тамызда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевпен бекітілген 2010-2020 жылдарына арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Тұжырымдамасында қылмыстық іс жүргізу құқығының негізгі даму бағыттарының бірі процестік келісім институтының әрі қарай дамуы болып келетіні нақты айтылып кеткен.

Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша келісім институтына қылмыстық-процестік кодекстің 13 бөлім берілген.

Жасалған процестік келісім шеңберінде қылмыстық істерді тергеп-тексеру мынадай:

1) онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда – кінәні мойындау туралы мәміле нысанында;

2) қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім нысанында жүргізіледі.

Процестік келісімнің әр нысанын егжей-тегжейлі қарастырайық.

Жасалған процестік келісім шеңберінде қылмыстық істерді тергеп-тексеруді кінәні мойындау туралы мәміле нысанында жүргізу жоғарыда

айтылғандай онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда жүзеге асырылады.

Осыған қоса, процестік келісім жәбірленушіні және азаматтық талапкерді осы қылмыстық істе немесе азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен азаматтық талап қою құқығынан айырмайды.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім мынадай шарттар болған: күдікті, айыпталушы процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдірген; күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпаған; процестік келісім жасасуға жәбірленуші келіскен кезде жасалуы мүмкін.

Және керісінше. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім: қылмыстардың жиынтығына қатысты, егер олардың ең болмағанда біреуі ҚПК-тің 613 бабында және 612-бабында көзделген талаптарға сәйкес келмесе; егер жәбірленушілердің ең болмағанда біреуі процестік келісім жасасуға келіспесе, жасала алмайды (Қазақстан Республикасының ҚПК 613 б.).

Күдікті, айыпталушы, сотталушы қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін мәміле нысанында кінәні мойындау туралы процестік келісім жасасу туралы өтініш мәлімдеуге құқылы.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктіден, айыпталушыдан не қорғаушыдан кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасу туралы өтінішхатты алып, ҚПК-тің 613-бабында көзделген негіздерді ескере отырып, процестік келісім жасасу туралы мәселені шешу үшін келіп түскен өтінішхатты қылмыстық іс материалдарымен бірге үш тәулік ішінде прокурорға жібереді.

Процестік келісім прокурордың бастамасы бойынша жасалуы мүмкін. Процестік келісімге прокурор, күдікті, айыпталушы, оның қорғаушысы қол қояды. Процестік келісімге қол қойылғанға дейін күдіктінің, айыпталушының

өз қорғаушысымен бірге оның ережелерін оңаша және құпия талқылауға құқығы бар. Процестік келісімде:

- 1) оның жасалған күні мен орны;
- 2) процестік келісімді жасасушы прокуратура органының лауазымды адамы;
- 3) келісім жасасушы күдіктінің, айыпталушының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні мен жері, тұрғылықты жері және айналысатын кәсібі, оның қорғаушысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);
- 4) қылмысты оның жасалған уақытын, орнын, сондай-ақ ҚПК-тің ережелеріне сәйкес дәлелденуге жататын басқа да мән-жайларды көрсете отырып сипаттау;
- 5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің осы қылмыс үшін жауаптылық көздейтін тармағы, бөлігі, бабы;
- 6) процестік келісімде көрсетілген шарттарды сақтаған және міндеттемелерді орындаған кезде күдіктіге, айыпталушыға қатысты қолданылуы мүмкін, қылмыстық жауаптылық пен жазалауды жеңілдететін мән-жайлар және қылмыстық заңның нормалары;
- 7) процестік келісім жасасқаннан кейін күдікті, айыпталушы жасауға міндеттенетін әрекеттер;
- 8) прокурор сот алдында ол туралы өтінішхат беретін жазаның түрі мен мөлшері;
- 9) процестік келісім жасасудың ҚПК-тің 614-бабында көзделген салдары;
- 10) жәбірленушінің процестік келісім жасасуға келісетіні туралы көрсетілуге тиіс (Қазақстан Республикасының ҚПК 616 б.).

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасасудың салдарлары мыналар болып табылады: процестік келісім жасасқан кезден бастап, ҚПК-тің 192-бабында белгіленген мерзімдерде аяқталатын сотқа дейінгі іс жүргізу; ҚПК-тің 382-бабының екінші бөлігіне және 64-тарауына сәйкес кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы істі сотта талқылау; процестік келісім жасасуға келісім берген жәбірленушіні залалды өтеу мөлшері

туралы талапты одан әрі өзгерту құқығынан айыру (Қазақстан Республикасының ҚПК 614 б.).

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімге қол қойғаннан кейін прокурор күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасының күшін жою не оны өзгерту қажеттігі туралы мәселені қарайды. Іс бойынша тергеу және процестік әрекеттер жүргізу қажет болған кезде прокурор істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына жібереді. Тергеуші, анықтаушы күдіктінің, айыпталушының кінәсін растауға жеткілікті көлемде дәлелдемелер жинауды жүзеге асырады.

Қадағалау функцияларын атқарушы тұлға ретінде прокурорға да осы келісімді жүргізу барысында бірқатар міндеттер жүктеледі, олар:

- 1) адамның жасаған іс-әрекетінің кінәні мойындау туралы мәміле нысанында іс жүргізу туралы процестік келісім аясына жататын-жатпайтынын;
- 2) процестік келісім жасасу туралы өтінішхатты адамның ерікті түрде мәлімдегенін және оны жасасудың салдарлары туралы білетінін;
- 3) адамның жиналған дәлелдемелерге және іс-әрекеттің саралануына дауласпайтынын;
- 4) адамның өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне және азаматтық талап қоюға келісетінін;
- 5) істе қылмыстық қудалауды тоқтатуға әкеп соғатын мән-жайлардың жоқтығын тексеруге міндетті (Қазақстан Республикасының ҚПК 615 б.).

Көрсетілген мән-жайларды анықтау үшін прокурор күдіктіні, айыпталушыны (күзетпен ұсталып отырғанды жеткізуді талап етеді), оның қорғаушысын және жәбірленушіні шақырады, олардың процестік келісім жасасу мүмкіндігі туралы пікірін анықтайды. Өтінішхатты берген адамға прокурор процестік келісім жасасудың салдарын, оны жасасудан бас тарту құқығын түсіндіреді.

Прокурордың процестік келісім жасасудан бас тартуы шағым жасалуға жатпайды, дегенмен бұл одан әрі процестік келісім жасасуға кедергі келтірмейді.

Прокурордың кінәсін мойындау нысанындағы процестік келісімге қол қою бірқатар салдарларға әкеліп соғады.

Мысалы, ол бұлтартпау шарасын өзгерту туралы немесе жою туралы қажеттілігі мәселесін қарастырады, немесе істің толық еместігіне байланысты оны сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына қайтарады. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасалғаннан кейін тергеу және процестік әрекеттерді жүргізу қажеттігі болмаған жағдайда, іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталды деп есептеледі және прокурор оны айыптау актісінсіз дереу сотқа жібереді, бұл туралы жәбірленушіге хабарланады.

Осылайша, сол сәттен бастап сотқа дейінгі іс жүргізу аяқталды деп есептеледі.

Жасалған процестік келісім шеңберінде қылмыстық істерді тергеп-тексеруді ынтымақтастық туралы келісім нысанында жүргізуін қарастырайық (Қазақстан Республикасының ҚПК 618 б.).

Процестік келісімнің бірінші нысанын бұл нысан субъектісі бойынша ажыратылады. Бұл жерде жоғарыда қарастырылған нысанның субъектілеріне жаңа субъект – сотталған қосылады.

Сәйкесінше, процестік келісімге келуді жүзеге асырудың ұйымдастырушылық қызметі өзгеріске ұшырайды.

Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының және сотталған адамның қылмыстық процесті жүргізетін органға немесе прокурорға ҚПК-тің 612-бабы бірінші бөлігінің 2) тармағына және ҚПК 619-бабына сәйкес ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу туралы өтінішхатпен жүгінуге құқығы бар.

Күдіктімен, айыпталушымен, сотталушы мен ынтымақтастық туралы процестік келісімді тиісінше облыстың прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, ал сотталған адаммен – Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры не оның орынбасары бекітеді.

Іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан тергеуші, анықтаушы, жазаны орындайтын мекеменің немесе органның басшысы ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу туралы өтінішхатты алған кезде оны бір тәулік ішінде

прокурорға жібереді. Сотталушының ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу туралы өтініш хатын сот ол келіп түскен кезден бастап үш тәулік ішінде прокурорға жібереді.

Ынтымақтастық туралы процестік келісім ҚПК-тің 615-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағында, 616-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақтарында, екінші бөлігінде көзделген талаптар сақтала отырып, қажет болған кезде 47-бабының қағидалары бойынша оның құпиялығын сақтай отырып және 12-тарауына сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, прокурор мен күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның арасында жасалады және бекіту үшін тиісінше облыстың прокурорына немесе оған теңестірілген прокурорға, олардың орынбасарларына, ал сотталған адаммен келісім – Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына не оның орынбасарына жіберіледі.

Сонымен қоса, прокурорлардың алдында сотталғандардың конституциялық құқықтарын қорғау бойынша міндеттер туындайды:

- ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу құқығы бар барлық субъектілер өз құқықтарымен, талаптары және шарттарымен таныстырылды ма;

- жазалаудың қатаң және қарым-қатынастың зорлық-зомбылық, қорлық көрсету түріндегі, адамгершілік қағидаларына қайшы келетін қатынас арқылы келісімге итермеленген жоқ па;

- процестік келісімге өз еркімен келісті ме және оның салдарларын ұғынады ма.

Бекітуге келіп түскен процестік келісім бойынша күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты – облыстың прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, ал сотталған адамға қатысты – Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры не оның орынбасары:

- 1) қылмыстық істі және ұсынылған (талап етіліп алдырылған) қосымша материалдарды зерделейді, ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасудың заңдық және нақты негіздерін тексереді, сондай-ақ күдіктінің,

айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның келісім нысанасы болып табылған әрекеттерді орындау жөніндегі ниетінің сипатын бағалайды;

2) күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның ынтымақтастық туралы процестік келісіммен байланысты барлық шарттармен және талаптарымен танысқанын, азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас пен жазалау түрлеріне ұшырағанын-ұшырамағанын, ынтымақтастық туралы процестік келісімді өз еркімен жасасқанын-жасаспағанын, оның құқықтық салдарын білетінін-білмейтінін анықтайды;

3) ынтымақтастық туралы процестік келісімді бекіту не бекітуден бас тарту туралы қаулы шығарады.

Облыс прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, ал сотталған адамға қатысты – Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның орынбасары ынтымақтастық туралы процестік келісімді бекіткеннен кейін ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған прокурор жасалған келісімнің нысанасы болып табылатын қылмыстардың ашылуын ұйымдастыруға және кінәлі адамдардың әшкереленуіне дереу шаралар қолданады, сондай-ақ ҚПК-тің 153-бабында көзделген тәртіппен күдіктіге, айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасының күшін жою не оны өзгерту қажеттігі туралы мәселені қарайды.

Егер ынтымақтастық туралы процестік келісімнің нысанасына қатысты қылмыстарға жүргізілген тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның ықпал етуімен аса ауыр қылмыстар, қылмыстық топ құрамында қылмыстар, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстар жасаған адамдар әшкереленсе және кінәлі адамдарға қатысты айыптау үкімі шығарылса, онда прокурор ынтымақтастық туралы процестік келісімнің талаптарын орындауға шаралар қолданады.

Заң шығарушы ынтымақтастық туралы процестік келісімге өз еркімен келген сотталғандарға және оның барлық талаптарын орындаған сотталғандарға мадақтау шараларын қарастырды.

Жекелей алғанда, олар Қазақстан Республикасының Бас прокурорының және оның орынбасарларының ынтымақтастық туралы процестік келісім шегінде өтініштері арқылы келесі мәселелер қарастырыла алады:

- жазаны өткеруден шартты түрде мерзімінен тыс босаты (Қазақстан Республикасының ҚК 72 б.);

- өтелмеген жазасының бөлігін мейілінше жұмсақ жаза түрімен ауыстыру немесе тағайындалған жаза мерзімін қысқарту (Қазақстан Республикасының ҚК 72 б.).

Қорытынды. Жасалған әрекетті саяси-әлеуметтік және заңи бағалай келе, күдіктінің іс-әрекетін саралауды нақты анықтауға жатады:

- мемлекетпен және қоғаммен жасалған әрекетті қоғамдық қауіптілік деңгейі мен ауырлығын есепке ала отырып қылмыстық деп танудың теріс бағалауы;

- бұзылған қоғамдық қатынастардың мазмұнын және олармен қамтамасыз етіліп отырған әлеуметтік құндылықтарға келтірілген зардаптың сипаты мен бағытталғандығын, кінә нысанын және т.б. бекітеді;

- жасалған әрекеттің белгілерін Қазақстан Республикасының ҚК Ерекше бөлімінде көзделген нақты бабының диспозициясындағы қылмыстың белгілерімен ұқсастыру.

Күдіктінің іс-әрекетін нақты саралауды анықтау барысында қылмыстық жауаптылық пен жазаны жекелеу және оның нәтижесінде болатын құқықтық салдардың арқасында кінәлінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуына кепіл болады, себебі келесілерді қолдану қамтамасыз етіледі:

Біріншіден, Қазақстан Республикасының ҚК нақты бабының жасалған әрекеттің белгілерімен сәйкес келуі;

Екіншіден, қылмысқа дайындалу үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігін реттейтін Қазақстан Республикасының ҚК Жалпы бөлімінің нормалары, нақты жасалғанның қоғамға қауіптілік деңгейін және кінәлінің тұлғасын есепке ала отырып жаза тағайындау, жекелей алғанда, аталған әрекет үшін көзделген жазадан мейілінше жұмсақ жаза тағайындау және т.б.

Күдіктінің әрекетін дұрыс саралауды анықтау күдіктінің Қазақстан Республикасының ҚПК Жалпы бөлімімен қарастырылған қылмыстық жауаптылықтан және жазадан заңды және негізді босатылуы мен соттылықты жоюды алдын ала анықталады.

Бұл да өркениетті мемлекеттің адам және азаматтың конституциялық құқықтарын сақтауға жатады.

Осылайша, бүгін біз Сіздермен күдікті ретінде танудың негіздерімен, күдіктінің іс-әрекетін саралауын анықтаудың түсінігі мен маңызымен, қылмыстық-процестік заңнамасының жаңа институты – процестік келісіммен және оны жүргізудің тәртібі мен шарттарымен таныстық.

2.6. Анықтаудың, алды ала тергеудің және хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуының түсінігі мен түрлері.

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық іс-жүргізу кодексіне сәйкес, сотқа дейінгі іс жүргізудің барлығы да бір іс жүргізу нысанында – сотқа дейінгі тергеп-тексеру түрінде жүргізіледі. Ол басталуы, жүргізілуі және аяқталуы бойынша бір ғана қағидамен жүргізіледі.

Сотқа дейінгі іс жүргізу – қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаннан бастап оны прокурор мәні бойынша қарау не іс бойынша іс жүргізуді тоқтату үшін сотқа жібергенге дейін іс бойынша іс жүргізу, сондай-ақ жекеше айыптаушының және қорғаушы тараптың қылмыстық іс бойынша материалдар дайындауы.

Қылмыстық іс сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай реестрына тіркелген сәттен басталатын қылмыстық іс жүргізу сатысынан бастау алып, қылмыстық істің тоқтатылуымен немесе сотқа айыптау актісінің, иә болмаса медициналық немесе тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қолдау хаттың жолдануымен не болмаса тұлғаны қылмыстық жауапкершіліктен босатумен аяқталады.

Сонымен бірге, қазіргі қолданыстағы қылмыстық іс-жүргізу заңнамаларымен алдын ала тергеудің аяқталуының басқа да түрлеріне, соның ішінде істі сотқа жолдамай-ақ іс барысында пайда болған жайттар салдарынан қылмыстық істі тоқтатуға жол беріледі.

Қазіргі таңдағы заң әдебиеттерінің ішіндегі таралған, және де А.С. Кобликов, Н.А. Якубович, Н. Жогин, Ф. Фаткулин секілділер ұстанатын сотқа дейінгі алдын ала тергеудің аяқталуы туралы анықтама ол:

- Алдын ала анықтау мен алдын ала тергеудің аяқталуы дегеніміз – ол анықтаушы мен тергеушінің өздерінің қарауындағы қылмыстық іс бойынша жұмыстарының қорытындылау сатысы. Ол қылмыстық іс қашан жан-жақты, толық және объективті қаралып, тергелгенде ғана өз орынын тапты деп есептеледі.

Алайда бұл пікірмен барлық авторлар келісе бермейді, сондықтан да және Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің өзгеріп кетуіне байланысты, заң шығарушылар бұл мәселеге байыппен қараулары қажет.

Л.Даншинаның ойынша, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуының түрлерінің бірі – ол қылмыстық істі прокурорға айыптау қорытындысымен жолдау болып табылады. Ал Г.Минскийдің пікірінше, айыптау қорытындысы толтырылуменн бітетін жағдайдағы, алдын ала тергеу дегеніміз – жиналған материалдар көлемі мен одан тергеушінің шығарған қорытындысы ретіндегі алдын ала тергеу емес, оның істің болашағына қосатын үлесі есебіндегі алдын ала тергеу болып табылады.

Алайда бұл пікірлердің қай-қайсысы да негізсіз болып табылады, себебі олар Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамаларына қайшы келеді (ҚР ҚПК алдын ала тергеудің мұндай түрлерін атамайды). Сонымен бірге, қылмыстық істі прокурорға жолдау – ол тергеушінің шығарған шешімі емес, ол заң аясындағы басқа да атқаруға міндетті жұмыстарынан кейін атқарған іс - әрекеті болып табылады.

Бұрынғы 1997 жылғы 13 желтоқсандағы ҚР ҚІЖК бойынша алдын ала тергеу тергеушінің айыптау қорытындысымен және анықтаушының айыптау

хаттамасымен аяқталатын. Ал жаңадан қабылданған ҚР ҚПК бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру тергеушінің айыптау хаттамасы жасауымен де, анықтаушының айыптау хаттамасын толтыруымен де аяқталады. Аталмыш процессуалдық құжаттар бекітілгеннен кейін, сотпен іс бойынша қаралуы үшін материал прокурормен жолданады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы, тек сотқа дейінгі тергеудің соңғы сатысы ғана емес, сонымен бірге қылмыстық іс бойынша барлық сотқа дейінгі іс өндірісінің аяқталуы болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеудің соңғы сатысы дегеніміз – ол төмендегі функцияларды атқаруға бағытталған процесстік іс әрекеттердің жиынтығы:

- іс бойынша жинақталған айғақтарды жүйелендіру мен сараптау;
- соттың істі қарауы үшін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтайтын басқа да бір шешім шығаруы үшін істі жолдауға материалдық толықтылығын анықтау;
- қолда бар материалдың толықтығын тексеріп, ол толық болмаған жағдайда тотыру жолын қарау;
- күдікті мен оның қорғаушысына өзіне қатысты қылмыстық істің барлық материалдарымен танысуына мүмкіндік беру;
- Егер де қаласа материалмен басқа да іске қатысушыларды таныстыру;
- Іске қатысты осал және істің бұлыңғыр тұстарын барлық қатысушылардың көмегімен айқындап, анықтап алу;
- Қылмыстық істі қарау кезде күдікті мен басқа да қатысушылардың өз құқықтарын қорғауға септігі тиетін ақпараттармен қамтамасыз ету.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы оның аяқталуы туралы шешім шығарылуынан, қорытынды процесстік құжаттың толтырылуынан басталып, қылмыстық істің прокурорға жолданған сәтімен аяқталады. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бұл сатысы, тергеушіні, тергеу органының басшысын, анықтаушы мен анықтау органын қоса алғандағы сот өндірісіне қатысушылардың барлығының көптүрлі шешімдері мен іс-әрекеттерінен,

сонымен бірге қылмыстық іс жүргізу заңнамаларымен қарастырылған құжаттарды жасақтаудан тұрады.

Сотқа дейінгі тергеуді – сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы қылмыстық іс өндірісінің аяқталуы мен қорытындылау құжатын толтыру бойынша, билік субъектілерінің рөлін анықтаудағы қылмыстық процеске қатысушылар арасындағы қатынасты реттейтін қылмыстық іс жүргізу институты десе де болады.

ҚР жаңа КПК-нің енгізілуімен сотқа дейінгі тергеудің тағы да бір формасы – хаттама нысаны пайда болғандықтан, бұл жаңадан енгізілген өзгеріске кеңінен тоқталып өтетін боламыз.

Хаттамалық нысан (қылмыстық әрекетті тергеу үшін). Анықтаушы орган анықталған жағдайда тез арада күдіктіге қатысты қылмыстық теріс қылық туралы хаттама толтырады. Тұлғалар болмаған жағдайда оның анықталған сәтінен бастап, жауапкершілікке тарту мерзімін ескере отырып толтырады.

Қылмыстық теріс қылық болып, оны жасаған күдіктіге, жасалған жерге қатысты мәліметтерді, басқа да жайттарды анықтау қажеттілігі туындаған жағдайда қылмыстық теріс қылық туралы хаттама үш күннен қалдырылмай толтырылуы тиіс.

Сараптама жүргізудің немесе маманның қорытындысын алу қажет болған жағдайда, қылмыстық теріс қылық туралы хаттама аталмыш тиісті қорытынды алынған сәттен бастап, 1 тәулік ішінде толтырылуы тиіс.

Арасында қылмыстық теріс қылық немесе қылмыстық теріс қылықтар кездесетін бірнеше қылмыстық құқыбұзушылықтарға қатысты қылмыстық іс бойынша, қылмыстық іс өндірісі анықтау формасында немесе алдын ала тергеу түрінде жүргізіледі.

Жасалған қылмыстық теріс қылықтың күдіктіге қатысты мән-жайлары туралы хаттама жасалады, онда: хаттаманың жасалған уақыты мен орны, хаттаманы кімнің жасағаны, күдіктінің жеке басы туралы деректер, қылмыстық теріс қылық жасалған орын мен уақыт, оқиға, оның тәсілдері, себептері, салдары және басқа да елеулі мән-жайлар, қылмыстық теріс қылықтың

болғанын және құқық бұзушының кінәсін растайтын нақты деректер, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылық құрамының белгілері, жәбірленуші туралы деректер, оған келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері көрсетіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық теріс қылықтың мән-жайларын анықтау және хаттама жасау үшін күдіктіден, жәбірленушіден, куәлерден жауап алады, күдіктінің жеке басы туралы мәліметтерді талап етіп алдыру және хаттамаға қосып тігу шараларын қолданады, қажет болған кезде – қарап-тексеруді, алуды, осы Кодексте көзделген басқа да процестік әрекеттер мен тергеу әрекеттерін жүргізеді. Күдіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан анықтау органдары мен соттың шақыруы бойынша келу және өзінің тұрғылықты жерін ауыстырғаны туралы хабарлау міндеттемесі алынуы мүмкін.

ҚР ҚПК-нің 528 бабында хаттаманы сотқа жолдаудың тәртібі былайша көрсетілген:

Біріншіден, анықтау органының бастығы хаттаманы және оған қоса берілген материалдарды зерделеп, хаттаманы келіседі, содан соң барлық материалдар танысу үшін күдіктіге беріледі, бұл туралы хаттамада күдіктінің және қорғаушының (ол қатысқан кезде) қойған қолымен куәландырылған тиісті белгі жасалады.

Екіншіден, күдікті хаттамамен және іс материалдарымен танысқаннан кейін анықтау органының бастығы қылмыстық істі дереу прокурорға жібереді.

Үшіншіден, прокурор қылмыстық істі зерделей отырып – бір тәуліктен кешіктірмей, ал күдікті ҚПК-тің 128-бабының тәртібімен ұсталған істер бойынша сегіз сағаттан кешіктірмей, мынадай әрекеттердің бірін жүргізеді:

- 1) қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекітеді және қылмыстық істі сотқа жібереді;
- 2) хаттаманы бекітуден бас тартады және қылмыстық істі ҚПК-тің 35 және 36-баптарында көзделген негіздер бойынша тоқтатады;
- 3) анықтау не алдын ала тергеу жүргізу үшін қылмыстық істі қайтарады;

4) қылмыстық істі жекелеген күдіктілерге қатысты тоқтатады, ол туралы тиісті қаулы шығарып, оның көшірмелерін мүдделі тұлғаларға жібереді және қылмыстық істі сотқа жібереді.

Күдікті ҚПК-тің 128-бабының тәртібімен ұстап алынған жағдайда, қылмыстық теріс қылық туралы іс күдікті нақты ұстап алған кезден бастап отыз алты сағаттан кешіктірілмей прокурорға жіберіледі.

Сонымен бірге, сотқа дейінгі тергеу қылмыстық істі тоқтату туралы үкімнің шығарылуымен немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеп емдеу шарасын қолдану үшін қылмыстық істі сотқа жолдаумен аяқталады. Бұл жерде, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуынаң аталмыш түрлерінің екеуі де анықтау сипатында емес, алдын ала тергеу сипатында екенін айта кеткен жөн. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс өндірісі алдын ала тергеу формасында болатындықтан, анықтау іс өндірісі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы үкім шығарумен аяқталмайтыны аян.

Қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасаған соң жаза тағайындау немесе оны орындау мүмкін болмайтын дәрежеде психикасы бұзылып ауырған адамдарға қатысты істердің іс өндірісі мен оның аяқталуы осыған арналған арнайы өндірістер туралы тарауда, кейінірек басқа дәріс кезінде оқып, танысатын боламыз.

Егер де іс сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тоқтатылмаса, онда ол айыпталушының кінәлілігін сот анықтайтын болады. Алайда бұл сөз, тергеушінің бұл мәселені шешпей жатып, алдын ала тергеудің аяқталуы туралы шешімін шығарады дегенді білдірмейді. Күдіктінің кінәлілігі жөніндегі байламға толық көз жеткізбей, тергеуші сотқа дейінгі алдын ала тергеуді аяқтап, істі сотқа жолдау туралы тоқтамға келе алмайды. Алдын ала тергеу кезіндегі қорытындылардың қай-қайсысы да сот үшін міндетті болып табылмайды. Әрине, толыққанды зерттелген іс ашық және жан-жақты қаралған сот процесі кезінде басқаша көрінуі мүмкін. Бұрын объективті себептермен

белгілі болмаған кейбір айғақтар, кейін сотпен анықталуы мүмкін. Бірақ, бұған қарамастан, тергеуші сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтар шақта, істі өзінің жан-жақты қарап шыққанына, және бұл үшін барлық нәрсені жасағанына, кейін сот барысында жаңа айғақтардың шығып қалу мүмкіндігі жоқтығына әбден көз жеткізіп барып қорытынды шешім жасауы тиіс. Тергеудің аяқталу тәртібі тергеушілердің өздері жасаған жұмыстарына деген критикалық сараптамаларына, іс бойынша жинақталған материалдардың жүйелендірілуіне, тергеудің дұрыс жүргізілуі мен негізделуіне бағытталуы тиіс.

Сотқа дейінгі тергеу жұмысы тек тергеуші мен анықтаушының процестік әрекетінен ғана емес, сонымен бірге прокурордың әрекетінен де тұрады. Бұрын айтқанымыздай, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы дегеніміз – бұл жекелеген тергеу жұмысы емес, бұл мемлекеттің осындай процессуалдық құқық қатынасына құзыретті органдарының – тергеушінің, анықтаушы органдарының және прокурордың процестік іс-әрекеті, және бұл іс-әрекеттер өз бетінше жүргізілетін, әрі сотқа дейінгі тергеу жұмыстарының ең маңызды сатысы болып табылады.

Дегенмен, көптеген жетекші құқықтанушылар алдын ала тергеудің аяқталуын алдын ала тергеудің өз бетінше жүргізілетін, ерікті сатысы деп қарамайды.

Кейбір авторлардың алдын ала тергеудің қорытынды сатысының маңыздылығын ескере отырып, оның қылмыстық іс-жүргізудің ерікті сатысы деген пікірлерімен де келісе беруге болмайды. Себебі, қандай да болмасын сотқа дейінгі тергеп-тексеру өндірісінің бір бөлігін бөлек, жекешелеп алып қарауға болмайды. Өйткені, ол бар болғаны сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бір сатысы, бір бөлшегі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қандай түрде аяқталмасын, тергеуші немесе анықтаушы барлық жинақталған айғақтар мен дәлелді заттардың қылмыстық іс бойынша дәлел келтіре алатындай толықтығына қашанда сенімді болулары тиіс.

Сотқа дейінгі тергеудің соңы – ол тиісті тергеу амалдарының барлығының да жасалып, ендігі кезекте істің келешектегі тағдырын шешу үшін шешім шығаруға тура келетін, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің сатыларының қорытынды бөлігі (этап).

Сондықтан, сотқа дейінгі тергеудің аяқталуын қылмыстық істің ерікті сатысына келтірмей, бұл сатының іс өндірісінің аяқталуын білдіретіндігі турасындағы ерекшелігін елемеу мүмкін емес.

Бұндай түрлілік сотқа дейінгі тергеу іс өндірісіне қатысушыларының барлықтарына да қылмыстық іс бойынша материалмен толық танысуларына құқық беріп, және олардың өз білгендерінше іске жетпеген айғақтарды ұсынуларына мүмкіндік береді.

Сотқа дейінгі тергеудің аяқталуына, іс бойынша тергеудің аяқталғанын хабарлау туралы хаттама түрінде, танысу үшін оларға материалдар ұсыну хаттамасы түрінде, олардың орнын толтыру бойынша қолдау хатты қабылдау мен қарау бойынша, айыптау актісі түрінде, қылмыстық істі тоқтату бойынша қаулы түріндегі, прокурордың іс бойынша шешімі түріндегі процестік құжаттардың танымал түрлеріне сай келеді.

Келтірілген ерекшеліктердің барлығы да сотқа дейінгі тергеудің қорытынды сатысының еріктілігін көрсетеді. Сотқа дейінгі тергеудің өзіндік спецификасы болуына салыстырмалы түрде қарағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуының ерекше екені түсінікті. Бұл дәлелдеуге жататын жайттарды анықтауға бағытталған процестік әрекеттердің маңыздылығын сызып көрсетіп, олардың іштей бірлігі мен «бір идеяда» екенін білдіріп, бұл әрекеттердің бірінен соң бірі жай ғана қайталанатындығын емес, керісінше бір-бірімен тығыз байланыста екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Демек, бұдан кейін сотқа дейінгі тергеп – тексерудің аяқталуын – аталмыш кезеңнің процестік іс-әрекеттердің жиынтығы мен материалдарды жинауға және жетіспей тұрған жерлерін толтыруға бағытталған құқықтық қатынастарынан, іс өндірісін соңғы рет, әрі нақты рәсімдеуден, сотқа дейінгі тергеудің қорытындыларын тізуден және оны негіздеуден, процеске қатысушы

тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуден, прокурорлық қадағалау әдісімен тергеу қорытындыларын тексеруден және қылмыстық істі одан әрі жолдау туралы шешім шығарулардан тұратын қорытынды сатысы ретінде қарауымызға болады.

Тергеуші алдын ала тергеуді аяқталды деп шешкеннен кейін, іс бойынша жиналған барлық материалды эпизод бойынша немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлға бойынша бір жүйеге келтіруге міндетті.

Сұрақты қорытындылай келе, алдын ала тергеу, анықтау және хаттамалық нысан – сотқа дейінгі тергеу ісінің қорытынды сатысы деуге болады. Бұл жерде құзыретті мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалар, процеске қатысы бар басқа да қатысушылармен бірге қылмыстық іс жүргізу қатынасы аясында жинақталған материалдарды тексеріп, оған істі одан әрі жолдауға шешім шығаруға керекті негіздің жеткіліктілігіне баға береді. Керек кезінде, материалдағы жетіспейтін дәлелді заттар мен айғақтардың орнын толтыру үшін түрлі шаралар қолданып, іс бойынша қорытынды шешімді рәсімдейді және оның орындалуын қамтамасыз етеді.

2.7. Айыптау актісімен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтау және қылмыстық істі тоқтату негіздері, процессуалдық тәртібі.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің үш түрін қарастырады: анықтау, алдын ала тергеу және хаттамалық нысанда. Алдын ала тергеу мен анықтау заңда айтылған жағдайлар болған кезде айыптау актісін толтырумен, ал хаттамалық нысан – қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманың толтырылуымен аяқталады. Бұл дәрісте біз сотқа дейінгі тергеп-тексерудің айыптау актісін толтырумен аяқталуы туралы айтатын боламыз.

Жаңа Қылмыстық процесстік кодексі бұрынғы айыптау қорытындысын қысқаша айыптау актісіне алмастырып жіберді. Іс үрдісін қысқарту мен оны үнемдеу мақсатында тергеу мен анықтау органдарымен айыпталушыға айыптау мен «айыптау қорытындысы» деген іс жүргізу актісі алынып тасталды.

Оның орнына күдікті туралы мәліметтер мен оның жасаған теріс қылығы мен оның саралануы, сондай-ақ дәлелдемелер берілген құжаттар жазылған айыптау актісі толтырылады. Бұл осыған дейінгі тәжірибелерде көрсетілгендей күрделі, әрі көп эпизодты қылмыстық істердің көп уақыт пен көп көлемді (500 және одан да көп парақтан тұратын) алуына байланысты болды. Айыптау қорытындысында іс материалдарының мазмұны толығырақ келтіріледі. Сонымен бірге, сот қылмыстық істі қарау барысында алдын ала тергеу кезінде жинақталған дәлелдемелерді дербес зерттеп, оларға баға береді. Осыған байланысты, тергеудің қорытындысы бойынша, күдікті туралы мәліметтер мен оның жасаған теріс қылығы мен оның саралануы, сондай-ақ дәлелдемелер берілген құжаттар жазылған айыптау актісі толтырылады. Аталмыш айыптау актісі прокурормен бекітілгеннен кейін, тұлға айыпталушы болып саналады. Анықтаушымен толтырылған айыптау актісі, міндетті түрде анықтау органының бастығымен келісілуі тиіс. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ақтамайтын негіз бойынша аяқталуы туралы қаулысы міндетті түрде прокурормен бекітілуі тиіс.

ҚР ҚПК 294 бабына сай, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық іс бойынша ҚПК-тің 113- бабының талаптарына сәйкес дәлелденуге жататын барлық мән-жайлардың анықталғанын мойындап, күдіктіні, егер оның қорғаушысы, заңды өкілі іске қатысып отырған болса, оларды, сондай-ақ жәбірленушіні, оның өкілін, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді, олардың өкілдерін іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

Материалмен танысу ҚР ҚПК 295 бабы мен 296 баптарында көрсетілген ережеге сәйкес жүргізіледі. Жәбірленушінің немесе оның өкілінің ауызша немесе жазбаша өтінішхаты болған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам осы адамдарды іс материалдарымен немесе олардың танысқысы келген бір бөлігімен таныстырады. Азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері, егер олар өтінішхатты мәлімдеген болса, іс материалдарының азаматтық талап қоюға қатысты бөлігімен танысады

Күдікті және қорғаушы іс материалдарымен танысу процесінде, егер ол бірнеше томнан тұратын болса, олардың кез келгеніне қайта оралуға, сондай-ақ кез келген мәліметті және кез келген көлемде көшіріп алуға, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын мәліметтерді қоспағанда, құжаттардың көшірмелерін түсіріп алуға, оның ішінде ғылыми-техникалық құралдардың көмегімен түсіріп алуға құқылы. Істің мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтері бар құжаттарынан үзінділер мен көшірмелер іспен бірге сақталады және күдіктіге не оның қорғаушысына сот отырысы уақытында беріледі.

Күдікті мен қорғаушыға істің барлық материалдарымен танысу үшін қажетті уақыт шектелмейді. Егер күдікті мен қорғаушы істің материалдарымен танысу уақытын көрінеу созбаласа, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам белгілі бір мерзімді белгілей отырып, прокурор бекіткен іс материалдарымен танысу графигін жасауға құқылы (ҚР ҚПК 296 б. 3 т.).

Күдікті мен қорғаушы іс материалдарымен танысып болғаннан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам олардың нақты не туралы өтінішхат мәлімдегісі келетінін және қандай мәлімдеме жасағысы келетінін анықтауға міндетті. Бұл ретте күдікті мен оның қорғаушысынан жауап алынған куәлардың, сондай-ақ іске қатысатын сарапшылардың, мамандардың және куәгерлердің нақты қайсысын сот отырысында жауап алу және қорғану ұстанымын растау үшін шақыртқысы келетінін анықтау қажет (ҚР ҚПК 296 б. 4 т.).

Іске қатысушылар қылмыстық іс материалдармен танысқаннан кейін қосымша процестік іс әрекеттер өндірісін жүргізуге өтінішхат жазуларына болады. Оларға рұқсат ҚР ҚПК 99 бабы мен 297 баптарына сәйкес беріледі. Мәлімделген өтінішхаттарды қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартылған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тиісті қаулы шығарады, оның көшірмесін өтінішхатты мәлімдеген адамның жеке өзіне бір тәулік ішінде табыс етеді немесе оған байланыстың қолжетімді құралдары арқылы жібереді (ҚР ҚПК 297 б. 5 т.).

ҚР ҚПК 299 бабында көрсетілген ережеге сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам процеске қатысушылар қылмыстық іс материалдарымен танысқаннан және олардың өтінішхаттарын шешкеннен кейін айыптау актісін жасайды.

Айыптау актісі – тек қана сотқа дейінгі тергеп-тексеруде ғана болатын, процестік қорытындылау құжаты.

Айыптау актісі – қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс өндірісін аяқтайтын, іс жүргізу құжаты. Мұнда сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс өндірісін жүргізген тұлғамен атқарылған жұмыстар көрсетіліп, жасалған қылмыстық оқиға туралы ұйғарымдар мен жауапкершілікке тартылған тұлғалардың кінәсі, және олардың теріс қылықтарының заңи саралануы жазылады.

Айыптау актісінің жасақталуына бірнеше талаптар қойылады.

1. Айыптау актісі заңды және негізді болуы тиіс.
2. Айыптау актісінде қылмыстық құқыбұзушылықтың барлық жайттары жан-жақтылық, толықтық және объективтілік сақтала отырып, көрсетілуі тиіс.
3. Айыптау актісі заңмен бекітілген құрылымда, кіріспе, сипаттау-уәждеу және қарар бөліктерінен тұруы тиіс (ҚР ҚПК 299 бабы).

Айыптау актісі, егер ол қылмыстық іс-жүргізу заңнамаларының талаптарына сай болса және қылмыстық-құқықтық нормалардың дұрыс қолдануы арқылы жасалса заңды болып есептеледі.

Айыптау актісі, олмұқит әрі Жан-жақты зерттелген дәлелдемелер мен жасалған қылмыстық әрекеттің нақты жайттарына сүйеніп жасалған жағдайда, негізді болып есептеледі.

Жан-жақты қарастыру деген сөздің астарында, жасалған қылмысты зерттеуде тек қана айыптаушының көзімен ғана емес, сонымен қатар, қорғаушы тараптың көзімен де қарау керек деген сөз, екіұшты талдаудың болмауы, айыпты мен қорғаушы келтірген барлық жайттың босқа қалуына әкеліп соғады.

Дәлелдердің толық келтірілуі (дәлелдемелердің саны бойынша) әрбір дәлелденуге тиісті аргументтердің нақты дәлелденуіне септігін тигізеді.

Айыптау актісінде дәлелдердің саны соншалықты, ол қылмысты жасаған басқа емес, сол тұлғаның нақ өзі екенін бұлтартпай дәлелдейтіндей болуы керек. Тергеу барысында анық болған және сотпен істі қарап, зерттеуге септігі тиетін барлық фактілер мен жайттар тап осындай толымдылықпен жазылуы тиіс.

Әділдік – айыпталушының жауаптылығының ауырлататын да, жеңілдететін де, сонымен бірге оны қорғау үшін келтірілген барлық дәлелдердің келтірілгенін қалайды.

ҚР ҚПК 299 бабының 1 тармағына сәйкес, айыптау актісінің кіріспе бөліміне актінің толтырылған уақыты мен жері; айыптау актісін толтырған тұлғаның лауазымы мен фамилиясы және инициалдары; күдіктінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, айы, жылы, туған жері жазылады.

ҚР ҚПК 299 бабының 2 тармағында көрсетілген

Сипаттау-уәждеу бөлігінде:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтың оқиғасы, жасалған уақыты, орны, оның тәсілі, себебі, салдары, саралануы және өзге де мән-жайлар;

2) жәбірленуші, оған келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы мәліметтер;

3) қылмыстық құқық бұзушылық жасау жолымен алынған мүлік туралы мәліметтер;

4) күдіктінің жауаптылығын ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар;

5) күдікті туралы мәліметтер (азаматтығы, отбасылық жағдайы, айналысатын кәсібі, білімі, тұрғылықты жері, сотталғандығының бар-жоғы), оны сипаттаушы өзге де деректер, оған қатысты таңдалған бұлтартпау шарасы;

6) адамды айыптау үшін негіз болып табылатын мән-жайларды растайтын дәлелдемелердің тізбесі;

7) алкогольдік, нашақорлық немесе өзге де тәуелділіктен емдеуді қолданудың алғышарттары болып табылатын мән-жайлар туралы мәліметтер баяндалады.

Айыптау актісінің үшінші бөлігі – қарар бөлігі, онда күдіктінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), оған жасады деп айып тағылып отырған іс-

әрекет сараланатын қылмыстық заңның нақты бабы, бабының бөлігі және тармағы және айыптау актісін бекіту туралы мәселені шешу үшін қылмыстық істі прокурорға жіберу және қылмыстық істі мәні бойынша қарау үшін сотқа жіберу туралы көрсетіледі.

Айыптау актісіне оны жасаған адам қол қояды.

Адам қылмыстық заңның әртүрлі баптарында, бөліктерінде немесе тармақтарында көзделген бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деп айыпталған кезде айыптау актісінде осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрқайсысы жеке-жеке сараланып көрсетілуге тиіс.

Бір қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп бірнеше адам айыпталған кезде айыптау актісінде қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы күдіктінің әрқайсысына қатысты көрсетіледі.

ҚР ҚПК 299 бабына сай, айыптау актісіне сотқа шақыртылуға тиіс тұлғалар тізімі қоса жалғанады. Тізімде адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), оның процестік жағдайы, тұрғылықты жері көрсетіледі, оның айғақтары берілген қылмыстық іс парағының және томының нөміріне сілтемежасалады.

Тізім екі бөліктен: күдікті және қорғаушы атаған адамдардың тізімінен (қорғау тізімінен) және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасаған тізімнен (айыптау тізімінен) тұруға тиіс.

Тізім мөрленген конвертке салынып, қылмыстық іске қоса тігіледі.

Айыптау актісіне анықтама қоса беріледі, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі, бұлтартпау шарасы, күдіктіні күзетпен ұстау мерзімі, қолда бар заттай дәлелдемелер және оларды сақтау орны, азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету және сот үкімін орындау үшін қолданылған шаралар, айыпталушыдан өндіріп алынуға жататын процестік шығындар мен сомалар, мәлімделген талап қою көрсетіледі.

Бұдан кейін ҚР ҚПК-нің 300 бабына сай айыптау актісі қылмыстық іспен бірге прокурорға жіберіледі. Ол түскен қылмыстық істі қарап, тексеріп, ҚР

ҚПК-нің 301 бабында көрсетілген қылмыстық іс жүргізу заңнамаларының талаптары бұзылмағанын қадағалайды.

Айыптау актісімен бірге түскен істі қарап, 10 тәуліктен асырмаған мерзімде ҚР ҚПК-нің 302 бабында көрсетілген шешімдердің бірін қабылдайды:

1) айыптау актісін бекітеді;
2) жаңа айыптау актісін жасайды;
3) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға қылмыстық істі қосымша тергеу жүргізу үшін жібереді;

4) ҚПК-тің 35 және 36-баптарында көзделген негіздер бойынша қылмыстық істі толық көлемде немесе оның бір бөлігін қысқартады;

5) өз қалауы немесе қорғаушы тараптың өтінішхаты бойынша процестік келісім жасасу туралы мәселені шешеді;

6) қорғаушы куәлардың тізімін қоспағанда, сотқа шақырылуға жататын адамдардың тізімін толықтырады немесе қысқартады.

7) айыптау актісіне келісімін беріп, айыпталушыны сотқа береді; және ол туралы 284 бапқа сай шешім шығарады;

1. Қаулымен жоюға немесе оны өзгертуге не, егер ондай қолданылмаған болса, бұлтартпау шарасын таңдауға құқылы (ст.303 ҚР ҚПК 303 б.).

Екінші сұрақты қорытындылай келе, мынадай тұжырымға келуге болады.

1. Айыптау актісі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ең маңызды құжаты болып табылады. Онда жүргізілген алдын ала тергеу мен анықтау жұмыстарының қорытындылары жазылып, іс материалдарымен айғақталған, сотпен қарау нысаны болып табылатын кінә тағылады.

2. Айыптау актісінде тергеуші, анықтаушы күдікті туралы мәліметтерді; оның жасаған теріс қылығын, оның саралануын және сонымен қатар дәлелдемелерге жататын құжаттар туралы жазады.

3. Айыптау актісі болатын соттың көлемі мен аясын анықтап, сотталушының өз-өзін сотта қорғануына қажетті, тиімді жағдай туғызады.

4. Айыптау актісі сотпен қарау кезінде зерттелуге жататын фактілер мен сотта іс-әрекеттері сот қарауының нысанына айналатын тұлғаларды анықтайды.

Бұл дегеніміз, сот тек айыптау актісінде көрсетілген тұлғаларды ғана соттайды және олар осы айыптау актісі бойынша көрсетілген құқықбұзушылықтары үшін ғана жауапқа тартылады деген сөз.

5. Айыптау актісінің алдын ала тергеп-тексеру материалдарын жүйелендіруінің де маңыздылығы бар. Алдын ала тергеу мен анықтаудың материалдары жүйелендірілген түрде көрсетіледі. Бұл прокурорға, сотқа және басқа да тараптарға тергеу мен анықтау материалымен тезірек, әрі оңай танысып, істің анық-қанығына тезірек енуі үшін де қолайлырақ.

6. Айыптау актісі – айыптаушы биліктің актісі және тергеуші мен анықтаушының айыптаушы қорытындысы болғанымен, егер де істе айыпталушының пайдасына жарайтын немесе оның кінәсін жеңілдететін мән-жайлар болса, онда ол тек біржақты болмауы да керек. Бұл мән-жайлар айыптау актісінде жазылуы тиіс және ол туралы міндетті түрде айтылуы керек. Осыған байланысты, айыпталушының жеке басына мінездеме беретін мәліметтер де берілуі тиіс. Оны қылмыстық құқықбұзушылыққа итермелеген жайттар мен оның себеп – салдары, қылмысының көздегені мен мақсаты және т.б.

7. Тергеушімен толтырылған айыптау актісі – дербес жасалған сотқа дейінгі тергеп-тексерудің соңғы, әрі нақты шешімі болып табылады, ал анықтаушымен толтырылған акт – сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нақты дербес шешімі болып табыла алмайды, себебі, ол анықтаушы органның басшысымен бекітілуі тиіс.

2.8. Қылмыстық істің тоқтатылуының негізі мен оның процестік тәртібі.

ҚР Конституциясымен және ҚР ҚПК-мен бекітілген қағидатарға сәйкес, қылмыстық сот өндірісінің негізгі мақсаты – қылмыстан зардар шеккен жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, тұлғаларды негізсіз және заңсыз айыптаулардан, заңсыз соттан, олардың құқықтары мен бостандықтарының шектелуінен сақтайды.

Осылайша, сотқа дейінгі тергеудің басталысымен, сотқа дейінгі тергеуді жүргізуші тұлғаның алдына – қылмыстық құқықбұзушылықты жасаған кінәлі адамды жауапкершілікке тарту үшін дәлелдемелер жинау немесе кінәсіз адамды қорғайтын заң талаптарын іске асыру мақсат етіп қойылады. Десекте, тәжірибе сараптап көрсеткендей, көп жағдайларда қылмыстық іс негізді түрде басталып жүргізілсе де, кейде оның орта тұсында ол істің алға басуына кедергі келтіретін жайттар туындап жатады. Кез келген сотқа дейінгі тергеу ісі, басқа процестік шешімнің және заңмен қарастырылған басқа да нормалар негізінде, іс жүзінде аяқталып және ол іске қатысты тұлғаны қылмыстық қудалау тоқтатылуы мүмкін.

Қылмыстық істің тоқтатылуының сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүйесіндегі орнын анықтауда, «қылмыстық істің тоқтатылуы» деген терминнің іс-жүргізу әдебиетінде әртүрлі мағынада қолданыла беретінін де айта кеткен жөн. Мысалға, А.Я. Дубинский қылмыстық істің тоқтатылуын – құзыретті органның іс бойынша жасалған жұмыстың қорытындысын шығарып, іс бойынша жинақталған барлық дәлелдемелерді сараптап, оған баға беріп, істі одан әрі жүргізудің мүмкін еместігі мен оның тоқтатылуына заңда көрсетілген негіздердің бар екеніне сілтей отырып шешім шығаратын және сол шешімге байланысты шығатын барлық мәселелердің шешілетін, сотқа дейінгі тергеудің қорытынды сатысы деп түсіндірген. Н.В.Жогин мен Ф.Н. Фаткуллин өз кезегінде бұл түсінікті – істі тоқтатуға құзыреті бар лауазымды тұлғаның қылмыстық іс жүргізу өндірісін одан әрі жүргізбейтінін және оны жүргізуге негіз болмауына байланысты шығаратын шешімін білдіретін іс-жүргізу актісі (әрекеті) деп түсіндірген.

Аталмыш пікірлер мен көзқарастар «қылмыстық істің тоқтатылуы» деген түсініктің анықтамасын қиындата түседі және бұл әрқайсысына белгілі бір шарт қояды. Сондықтан да, қылмыстық істің тоқтатылуын тек бір жағынан ғана іс-жүргізу шешімі деп қарастыруға болады. ҚР ҚПК 36 тарауына байланысты, аталмыш түсінік – анықтаушы мен тергеушінің қылмыстық істі тоқтату тіралы

қаулысының формасындағы іс-жүргізушілік шешімін шығару туралы кесімі мен әрекеттерінің жиынтығы деп түсіндіріледі.

Міне, сондықтан да, қылмыстық істі тоқтату - тергеуші мен анықтаушының, анықтау органының қылмыстық-іс жүргізушілік қызметімен, прокурордың жинақталған материалдардың жиынтығын бағалау негізінде шығарған тұлғаға қатысты қылмыстық істі заң аясында тоқтатудың мүмкін еместігін білдіретін немесе ол тұлғаға қатысты қылмыстық істі тоқтатып тұлғаны ақтап алуы секілді шешіміне қатысты тергеудің соңғы сатысы болып табылады.

Қылмыстық іс белгілі бір нақты негіздер мен заңды себептер болғанда ғана тоқтатылуы мүмкін. Және қылмыстық істі тоқтату жолдарының анық, әрі нақты тізбектей жазылуы, оның заңдылықпен жүргізілуіне және ол істі тоқтату кезіндегі тергеуші мен анықтаушы жұмысының заңды, негізді іске асырылуына мүмкіндік береді.

Заңи әдебиеттерде қылмыстық істі тоқтатудың негіздері мен (немесе) қылмыстық қудалаудың негіздерінің саралануы турасында әртүрлі көқарастар кездеседі.

Мысалға, В.В. Несвит мынадай саралау жолдарын ұсынады: қылмыстық іс пен қылмыстық қудалау қылмыстық жауапкершілік туғызбайтын негізде және қылмыстық жауапкершіліктен босататын негіздерде тоқтатылады. Тұлға қылмыстық жауапкершіліктен оның жасаған әрекеті қылмыс болып және ол үшін қылмыстық жаза қарастырылғанда ғана босатылады, - бұл қылмыстық жауапкершілік туғызбайтын негізде қылмыстық жауапкершіліктен босату түрлерін бір бірінен ажыратып қарауға мүмкіндік береді.

Қылмыстық істі тоқтату негіздерінің басқа да түрлі критерийлер бойынша ажырату нұсқалары да бар. Мысалға, М.С. Строгович, қылмыстық істі тоқтату негіздерінің істің міндетті түрде тоқтатылуына әкеліп соғатын да түрі бар, және құзырлы органдарға осындай шешімді қабылдауға мүмкіндік беретін де түрі бер деп есептейді. Ал басқа авторлар ол негіздерді шешімнің кіммен

шығатынына - тергеушімен бе, әлде прокурормен бе, және ол шешім келісуге жата ма, жатпай ма деген мәселелері бойынша ажыратып қарайды.

Іс-жүргізушілікті танушылардың көбісі (Ефимичев С.П., Степичев В.Г., Сарсенбаев Т.Е., Шимановски В.В.) негіздерді ақтайтын және ақтамайтын қылып екіге бөледі.

Ақтайтын – өзінің құқықтық салдарымен ақтаушы үкіммен теңестірілетін (қылмыстық жайттың болмауы, қылмыстық құқықбұзушылықтың құрамының болмауы; қылмыстық іс бойынша жәбірленушінің шағымының болмауы; жеке айыптаушының қылмыстық іс бойынша айыптан бас тартуы, әлде болмаса ұйымның немесе құзырлы органның тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы арызын қайтарып алуы; жасаған қылмысы үшін қарастырылған қылмыстық жауапкершілікті тоқтататын заңның шығуы, әлде болмаса, осы қылмыстық істе басшылыққа алатын заңды немесе құқықтық норманы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің конституциялық емес деп таныған жағдайда; сотпен тұлғаға қатысты үкім жойылған жағдайда; тұлғаға қатысты қылмыстық қудалау органының сол күдік бойынша қылмыстық істі тоқтату бойынша қаулысы болғанда);

Ақтамайтын – прокурордан міндетті түрде келісім ала отырып, тұлғаны қылмыстық жауапкершіліктен босатудан келіп шығатын қылмыстық іс өндірісінің тоқтатылуының негіздері (ҚР ҚПК 35, 36 баптарында көрсетілген басқа қалған негіздердің барлығы).

Сот бойынша ақталған адам, сол сияқты өздеріне қатысты қылмыстық істі тоқтату туралы соттың, қылмыстық қудалау органының қаулысы шығарылған күдікті, айыпталушы, сотталушы ақталуға, яғни олардың құқықтары қалпына келтірілуге тиіс және оның Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір шектеуге болмайды.

Егер де, өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған күдікті, айыпты немесе сотталушы мына жағдайларда жауапкершіліктен босатылып немес сотпен ақталып шықса: қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауынан; іс-

әрекетте қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауынан; егер рақымшылық жасау актісі жасалған іс-әрекет үшін жаза қолдануды жойса, соның салдарынан; қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай; ҚПК-тің 32-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚПК-тің 32-бабының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жәбірленушінің шағымының болмауынан, сондай-ақ ҚПК-тің 32-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚПК-тің 32-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша жекеше айыптаушы айыптаудан бас тартқан не коммерциялық немесе өзге де ұйымның немесе уәкілетті органның басшысы адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы арызды кері қайтарып алған кезде; егер жасаған іс-әрекеті үшін қылмыстық жауаптылықтың күшін жоятын заң қолданысқа енгізілген болса не Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі осы қылмыстық іс бойынша қолданылуға жататын, іс-әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық ретінде саралануы оған байланысты болатын заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні конституциялық емес деп таныған жағдайда; егер адамға қатысты соттың нақ осы айыптау бойынша заңды күшіне енген үкімі не соттың қылмыстық қудалаудың мүмкін еместігін белгілейтін, күші жойылмаған қаулысы бар болса; егер адамға қатысты қылмыстық қудалау органының нақ осы күдік бойынша қылмыстық қудалауды тоқтату туралы күші жойылмаған қаулысы бар болса тұлға ақталуға жатады, яғни барлық құқықтары мен мүдделері заңды қалпына келтіріліп, сот, қылмыстық қудалау органдары ол тұлғаға қатысты ақтау шараларын жүзеге асырып, ол тұлғаға қатысты қылмыстық істі жүргізген органның заңсыз әрекетімен келтірілген залалдың орнын толтырулары тиіс (ҚР ҚПК 376., 288б., 2т.).

Жоғарыда көрсетілген негіздерге қарай отырып, келесі анықтаманы шығаруға болады:

- Қылмыстық істі тоқтату – қылмыстық істі одан әрі жүргізуге немесе сотқа жолдауға негіздің жоқтығынан уәжді қаулы шығару жолымен сотқа

дейінгі тергеуді қорытындылау болып табылатын сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуының бір формасы,

Қылмыстық іс толықтай немесе жартылай тоқтатылуы мүмкін.

Жартылай тоқтатылған кезде (мысалға, келтірілген айып бөлігінде) бұл шешім тергеудің аяқталу актісі болып саналмайды, тек уақытша аралық акт болып қана саналады (ҚР ҚПК 288 б., 5т.)

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші тұлға қылмыстық істі тоқтату туралы ҚР ҚПК-нің 288 бабының 1 тармағына сай, уәжді қаулы шығарады.

Қаулы ҚР ҚПК 288 бабына сәйкес толтырылып, және ол мынадай үш бөліктен тұрады:

Кіріспе (оны жасау уақыты мен орны, тоқтату туралы шешім қабылдаған адамның тегі және лауазымы көрсетіледі – ҚР ҚПК 288 б., 2т.).

Сипаттау-уәждеу бөлігі (қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адам туралы, күдіктің мәні, қылмыстық заңға сәйкес саралануы және қолданылған бұлтартпау шарасы көрсетіле отырып, қылмыстық істі тоқтатуға негіз болған мән-жайлар жазылады – ҚР ҚПК 288 б., 3 т.).

Қарар бөлігі (сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтатуға негіз болған осы Кодекстің бабына (бөлігіне, тармағына) сілтеме жасала отырып, істі тоқтату туралы шешім, сондай-ақ бұлтартпау, мүлікке тыйым салу, лауазымынан уақытша шеттету, сөйлесулерді тыңдау мен жазу шарасының, процеске қатысушылардың құқықтарын шектейтін басқа да процестік мәжбүрлеу, тергеу және процестік әрекеттер шараларының күшін жою туралы нұсқау, заттай дәлелдемелердің тағдыры туралы, сондай-ақ адамға қатысты қауіпсіздік шараларының күшін жою немесе оны одан әрі жүзеге асыру туралы шешім баяндалады – ҚР ҚПК 288 б.,4т.).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сотқа дейінгі тергеп-тексеруді ҚПК-тің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9) – 12) тармақтарында және 36-бабында көзделген негіздер бойынша, атап айтқанда:

- егер рақымшылық жасау актісі жасалған іс-әрекет үшін жаза қолдануды жойса, соның салдарынан;

- қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне орай;
- іс бойынша іс жүргізу өзіне медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, егер қылмыстық заң тыйым салатын іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған адамға қатысты болса;

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің ережелеріне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататын адамға қатысты тоқтатылуға жатады тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда, қылмыстық іс қаулыны бекіту үшін прокурорға жіберіледі. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғаларды іс бойынша қабылданған шешім туралы хабардар ету прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулыны бекіткеннен кейін жүргізіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық іс бойынша ҚПК-тің 113-бабының талаптарына сәйкес дәлелденуге жататын барлық мән-жайлардың анықталғанын мойындап, күдіктіні, егер оның қорғаушысы, заңды өкілі іске қатысып отырған болса, оларды, сондай-ақ жәбірленушіні, оның өкілін, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді, олардың өкілдерін іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізудің аяқталғаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді (ҚР ҚПК 296 б.).

Қылмыстық іс тараптардың бітімге келуіне байланысты тоқтатылуы мүмкін. Мұндай шешім келесі тараптар орындалғанда ғана шығарылады: өлімге соқтырмаған орташа ауыр, жеңіл қылмысты немесе қылмыстық теріс қылықты жасаған тұлға арызданушымен, медиациялық тәртіпті қоса алғанда татуласса және кінәсін жуып, шайған жағдайда. Істі тоқтату туралы шешімді сот, сонымен қатар заңда көрсетілген жағдайларда өз құзыреті шегінде қылмыстық қудалау органы шығара алады.

Өзі жасаған қылмысы туралы өкініп, түсінген жағдайда қылмыстық істің тоқтатылуы туралы жеке бап қарастырылған.

Күдіктінің немесе айыпталушының өзі кінәсін мойындауы деп – көбіне жасаған теріс қылығы туралы айтып, өзінің беріліп, келуін, және қылмыстың

ашылуына көмек көрсетіп, жағдай жасауды, қылмыспен келтірілген шығынды өтеу мен кінәсін жуып шаюды айтамыз (ҚР ҚПК 36 бабы).

Іс бұндай негізбен тек қана қылмыстық теріс қылық жасаған тұлғаға, немесе қылмысты бірінші рет жасап тұрған тұлғаға қатысты болған жағдайда ғана тоқтатылады. Лаңкестік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топтың құрамында жүріп қылмыс жасаушы, жас сәбилерге қатысты жыныстық қылмыс, тұлғаларға қатысты ауыр, аса ауыр қылмыс жасаған тұлғалар осы Кодекстің ерекше бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда қылмыстық жауапкершіліктен босатылмайды.

Қылмыстық істің заңсыз тоқтатылуын растайтын куә боларлықтай негіз болған жағдайда, прокурор немесе сот сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісін жүргізген тұлғаның істі тоқтату туралы қаулысын бұзып, қылмыстық іс өндірісін қайта қалпына келтіруі мүмкін (ҚР ҚПК 291 бабының 1 тармағы). Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қайта бастау, егер адамды қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі аяқталмаса ғана орын алуы мүмкін (ҚР ҚПК-нің 291 баптың 3 тармағы).

Басталған кез келген сотқа дейінгі тергеу жұмыстарының тоқтатылуына негіз болатын нәрселер заңмен анық, әрі нақты жазылып қойылған.

1. Қылмыстық іс ақтайтын және ақтамайтын негізде тоқтатылуы мүмкін, және ақтамайтын негізде тоқтатылған жағдайда міндетті түрде қадағалаушы прокурордың келісімі керек болады.

2. Ақтаушы негізде іс тоқтатылған жағдайда, тұлғаны ақтау бойынша барлық шралар алынуы тиіс, және оған келтірілген залалмен келген шығын өтелуі тиіс.

3. Қылмыстық істі тоқтату жөнінде уәжді қаулы шығарылады, және онымен барлық мүдделі тұлғалар хабардар етіледі.

Қорытынды. Дәрісіміздің соңын қорытындылай келе, мыналарды айта кеткен жөн.

Тергеудің соңғы сатысындағы тергеуші мен анықтаушының қылмыстық – іс жүргізушілік қызметі оны қорытындылап, істің әрбір бөлшегі мен әрбір

дәлелді айғақ заттары бойынша өзінің ішкі түйсігімен іс жүргізу құжатын соңғы рет, әрі нақты жасақтап, осал тұстарын тауып, оны түзетуінде.

Қылмыстық процестік кодексіне сай, сотқа дейінгі тергеп-тексеру үш формада: анықтау, алдын ала тергеп тексеру және хаттамалық нысанда жүргізіледі. Сонымен бірге, алдын ала тергеу айыптау актісін жасақтау арқылы да, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығару арқылы немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін сот қаулысын шығаруға жолданумен де аяқталуы мүмкін. Анықтаудың аяқталуының екі формасы: айыптау актісін шығару бойынша немесе қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығару түрі бар.

Жоғарыда тізбектелген шешімдердің қай-қайсысы да заңда көрсетілген шарттар мен негіздер сақтала отырып жасалғанда ғана мүмкін болады. Сонымен бірге, олардың әрқайсысын шығарғанда, олардың әрқайсысына тиісті қылмыстық-іс жүргізу заңнамаларымен бекітілген тәртіп сақталуы мүмкін.

Айыптау актісін толтыра отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтау – көбіне сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуының көп таралған түрі болып саналады. Тергеуші мен анықтаушының мұндай шешімге тоқтауы, олардың бір бірімен өте тығыз байланысты бірнеше әрекеттерді жүзеге асыруларын міндеттейді. Бұл негізінен, шығарылған шешім туралы мүдделі тұлғаларды хабардар етуге және олардың материалмен танысуға қатысты құқықтарымен таныстыруға, айыптау актісін толтыруға, сондай-ақ осы іс бойынша бұл этаптағы іс-жүргізуді қадағалауы үшін материалмен қоса оларды прокурорға жолдауына қатысты.

Қылмыстық істің тоқтатылуы – сотқа дейінгі тергеудің аяқталуының іс жүргізу формаларының бірі болып табылады. Сол немесе басқа да негіздерге сәйкес қылмыстық істің тоқтатылуы, тергеушінің, анықтаушының құқықтық негіздермен қаралған пікірі негізіндегі оның толық шешілуі болып табылады. Сонымен бірге, қылмыстық қудалауды тоқтатуға қатысты негіз қылмыстық іс бойынша күдіктілердің, айыптылардың барлығына қатысты болмаса, ондай кезде лауазымды тұлға қылмыстық қудалауды тоқтату туралы шешімді нақты

бір тұлғаға қатысты шығарады. Сонымен бірге, басқаларға қатысты қылмыстық іс бойынша іс өндірісі, тергеу барысында жинақталған дәлелдемелерге орай, жалпы тәртіппен белгілі бір іс-жүргізу шешімі шыққанша жалғаса береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында (2.9 тармақ) (бұдан әрі – Құқықтық саясат тұжырымдамасы) мемлекеттің тиімді қылмыстық саясаты қылмыстық сот ісін жүргізудің оңтайлы моделінсіз мүмкін емес делінген. Жаңа заманғы демократиялық, құқықтық мемлекеттің сипаттамаларына сәйкес заң шығарушының басты мақсаты жеке адамның құқықтары мен бостандықтары туралы конституциялық нормаларды тікелей қолданыстағы, заңдардың мәнін, мазмұны мен қолданылуын айқындайтын және сот әділдігімен қамтамасыз етілетін нормалар ретінде тануға негізделген қылмыстық-іс жүргізу заңын қалыптастыру болып табылады.

Сондықтан адамның құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз қорғауға бағытталған қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі қағидаларын әрі қарай дәйекті іске асыру қылмыстық-іс жүргізу құқығын дамытудың басымдығы болып қалады.

Өткен жылдар ішінде Қазақстанда жоғары халықаралық стандарттарға жауап беретін қылмыстық сот ісін жүргізудің жаңа заманғы жүйесін қалыптастыру үшін көп нәрсе жасалды.

Алайда оны реформалау бойынша қол жеткізген елеулі ілгерілеуге қарамастан сот ісін жүргізу және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласында бірқатар проблемалар бар.

Жалпы таныған халықаралық стандарттарға қол жеткізуге талпынатын кез келген мемлекеттің аса маңызды даму көрсеткіші азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау тиімділігі, сот әділдігінің қол жетімділігі мен айқындығы болып табылады.

Сот әділдігінің жұмыс жасау сапасы, бірінші кезекте, қылмыстық сот ісін жүргізуді ұйымдастыруға және сот билігінің тәуелсіз болуына байланысты.

Бұл үшін қылмыстарды жылдам ашу, оларды жасаған адамдарды қылмыстық жауапқа тарту және сот талқылауының әділ болуы мақсатында қылмыстық-іс жүргізу заңнамасын тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық механизмді әзірлеу қажет.

Құқықтық саясат тұжырымдамасында қылмыстық іс жүргізуді жеңілдету және оның тиімділігін арттыру, оның ішінде сотқа дейінгі іс жүргізу тәртібін жеңілдету қылмыстық-іс жүргізу құқығын жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде айқындалған.

Сонымен қатар, сотқа дейінгі және сот ісін жүргізуді жеңілдету туралы мәселені шешу кезінде сот әділдігін тек әкімшілік етуге жол беруге болмайтындықтан азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған іс жүргізу нормаларына ерекше назар аудару керек.

Әлемдегі әлеуметтік-саяси, экономикалық өзгерістер заңнаманы жаңа заманның талаптарына сәйкес келтіруді баса талап етеді.

Монографияда қылмыстық істерді тергеу проблемалары баяндалған және практикалық тәжірибе негізінде оны жетілдіру жөніндегі бірқатар ұсыныстар келтірілген.

ҚОСЫМША

Оқиға орнын қарап-тексеру ХАТТАМАСЫ

20__ жылғы 12 қаңтар

Астана қ.

Қарап-тексеру басталған уақыт: 03сағат30 мин.
Қарап-тексеру аяқталған уақыт: 05 сағат 00 мин.

Астана қ. САІБ тергеушісі (анықтаушысы) полиция аға лейтенанты А. Ахметов

03 сағ. 10 минутта С. Мадиярованың белгісіз біреу Сатпаев көшесі №1 үйдің жанында оның САМСУНГ Галакси маркалы ұялы телефонын ашық түрде тартып алғаны туралы хабарлама алдым.

Мына: Сатпаев көшесі №1 үй мекен-жайындағы оқиға орнына келіп, ҚР ҚПК 219 және 220-баптарын басшылыққа ала отырып, төмендегілердің қатысуымен:

1. жедел уәкіл А. Сапаров,
2. криминалист-маман А. Иванов,
3. кинолог А. Сандыбек,

мына куәгерлердің қатысуымен:

1) Айбарша Шұбарқызы Сұлтанова, 01.01.1990 ж.т., мекенжайы Астана қ., Иманов көш., 5 үй, №5 пәтер

2) Салтанат Сұлтанқызы Айбарова, 01.01.1991 ж.т., мекенжайы Астана қ. Абай көш., 8 үй, №15 пәтер

иегер _____ қатысуымен және келісуімен оқиға орнын қарап-тексеру жүргізілді, бұл туралы ҚР ҚПК 199 және 224-баптарына сәйкес осы хаттама жасалды.

Қарап-тексеру басталар алдында жоғарыда аталған адамдарға олардың тергеу әрекетін жүргізуге қатысуы; тергеу әрекеттеріне орай хаттамаға енгізуге жататын өтініштер мен ескертпелер жасау; өздері қатысатын тергеу әрекеттерінің хаттамасымен танысу; қылмыстық қудалау органының әрекетіне шағым келтіру; қылмыстық іс бойынша оны жүргізу кезінде олар шеккен шығыстарға өтем алу; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхат мәлімдеу құқықтары түсіндірілді. Оларға қарап-тексеру жүргізу кезінде қажетті жағдайларда оның барысы мен нәтижелерін тіркеудің техникалық құралдары қолданылатыны туралы да хабарланды.

Оған қоса, куәгер С. Айбароваға және А. Сұлтановаға ҚР ҚПК 82-бабына сәйкес қылмыстық қудалау органының шақыртуы бойынша олардың келу; тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысу; бұл әрекеттер жүргізу, оның барысы мен нәтижелері фактісін тергеу әрекеті хаттамасында өзінің қолымен куәландыру; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың рұқсатынсыз сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын жария етпеу; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тәртіп

сақтау міндеттері түсіндірілді және оларға өз міндеттерін орындаудан дәлелсіз себептермен бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін ҚР ҚПК 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылатыны туралы ескертілді.

Куәгерлер 1. _____ А. Сұлтанова
2. _____ С. Айбарова

Криминалист-маман А. Ивановқа ҚР ҚПК 80-бабында көзделген құқықтар мен міндеттер түсіндірілді және оған өз міндеттерін орындаудан дәлелсіз себептермен бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін ҚР ҚПК 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылатыны туралы ескертілді.

Криминалист-маман _____

Қарап-тексеру кезінде мыналар анықталды:

Қарап-тексеру процесінде «Самсунг» маркасын анықтау барысы мен нәтижелерін тіркеудің ғылыми-техникалық құралдары қолданылды.

Қарап-тексеру ауа-райы ашық күні (*ашық, жаңбырлы, қар жауып тұрған кезде*), табиғи (жасанды) жарық және ауа температурасы – 20 С кезінде жүргізілді.

Оқиға орнын қарап-тексеру кезінде мына нәрселер табылып, алынды:

1. аяқ киім іздері;
2. _____;
3. _____;
4. _____;

Қарап-тексеру процесінде нәрселер мен заттардың орналасуының _____ жоспары мен сұлбасы жасалды.

Қарап-тексеру кезінде қарап-тексеру тәртібі, хаттама мазмұны, жоспарлар мен схемалар бойынша қатысушылардан өтініштер мен ескертпелер **түскен жоқ**(*түсті*):

_____ болған жоқ.

Куәгерлер: _____ А. Сұлтанова
_____ С. Айбарова

Қатысушылар: _____

Криминалист-маман _____

Қарап-тексеру жүргізген:

Астана қ. Сарыарқа ауданы

САИБ тергеушісі

аға лейтенанты

(қолы)

А. Ахметов

Астана қаласы

Сарыарқа ауданының прокуроры

әділет кеңесшісі

(қолы)

А.А. Алиев

ҚАУЛЫ
адамды күдікті деп тану туралы

20__ жылғы 19 қыркүйек

Астана қ.

Астана қ. САІБ тергеушісі (анықтаушысы) полиция аға лейтенанты А. Ахметов СДБТТ тіркелген №16353203100010 қылмыстық іс материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

03 сағ. 10 минутта белгісіз адам Астана қ Сатпаев к №1 үйдің жанында болып Мадияроваға күш қолданып маркасы САМСУНГ Галакси ұялы телефонын ашық түрде тартып алған. Содан Мадияроваға соммасы 15000 тенге материалдық залал келтірген.

Осы дерег ҚР ҚК 191-бабы. 2-б. 1-т. бойынша №16353203100010 СДБТТ тіркелген. Сонымен қатар осы қылмыстық құқық бұзушылық жасауда И.С.Петровты күдікті деп тану үшін негіз болатын айғақтардың жеткілікті жиналғанын назарға алып,

ҚР ҚПК 198, 202, 205-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. №16353203100010 СДБТТ қылмыстық ісі бойынша Иван Сергеевич Петровты 25.02.1999. ж.т. күдікті ретінде танылсын.

2. Осы қаулының көшірмесі Астана қаласының прокурорына жіберілсін.

3. Қабылданған шешім туралы күдіктіні және оның қорғаушысына хабарлансын.

Астана қ. САІБ тергеушісі (анықтаушысы)
полиция аға лейтенанты

А. Ахметов

Осы қаулымен маған 20__ жылғы 19 қыркүйекте жарияланды және оның мәні түсіндірілді _____ И.С.Петров

ҚР ҚПК-нің 202-бабының талаптарына сәйкес маған ҚР ҚПК-нің 64-бабында көзделген мынадай: ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіме тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алу; өзіме не үшін күдік келтірілгенін білу; өз бетімше немесе өзімнің туыстарым немесе сенім білдірген адамдарым арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы ҚПК-тің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті; іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзімді азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның

құқықтарын пайдалану; таңдаған немесе тағайындалған қорғаушымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесу; күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушым қатысып отырған кезде ғана айғақ беру; күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алу; айғақ беруден бас тарту; дәлелдемелерді ұсыну; өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеу; ана тілінде немесе өзім білетін тілде айғақ беру; аудармашының тегін көмегін пайдалану; өз өтінішхатым бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысу; заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға; тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарымды баяндай отырып, прокурорға процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіру және процестік келісімді жасасу; өзімнің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беру; тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіру; өзімнің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғау; сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіме сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде ҚПК-тің 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыру; тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысу және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алу, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіру; қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіру; жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзімнің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік шешімдердің қабылданғаны туралы өзімді қылмыстық процесті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуі, сондай-ақ олардың көшірмелерін алу; өзіме қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзім көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беру құқықтары түсіндірілді.

Күдікті _____ Қорғаушы _____

**Астана қ. САІБ тергеушісі (анықтаушысы)
полиция аға лейтенанты**

А. Ахметов

Көшірмесін алдым _____ И.С. Петров

Күдіктінің әрекетін саралау туралы
ҚАУЛЫ

20__ жылғы 25 қыркүйек

Астана қ.

Астана қ. САІБ тергеушісі (анықтаушысы) полиция аға лейтенанты А. Ахметов СДБТТ тіркелген №16353203100010 қылмыстық іс материалдарын қарап,

АНЫҚТАЛДЫ:

2016 жылы 1 қыркүйекте шамамен сағат 03:10-де И.С. Петров, мына мекенжай бойынша: Астана қ. Сатпаев көшесі 1-үйдің жанында алкогольдік мас күйінде азамат Мадиярованы кездестірген болатын. Осы сағатта Мадиярова өзіне тиесілі маркасы Самсунг Галакси ұялы телефонымен сөйлесіп келе жатқан болатын. Содан И.С. Петров аз. Мадиярованың қолынан маркасы Самсунг Галакси ұялы телефонын көріп, И.С. Петровтың ойына қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ниеті пайда болды. Өзінің ниетін жүзеге асыра Мадияроваға дене жарақатын келтіріп, Мадияроваға тиесілі маркасы самсунг галакси ұялы телефоның ашық түрде иеленген. Содан Мадияроваға соммасы 15 000 тенге материалдық шығын келтірген.

ҚР ҚПК-тің 198, 203 және 204-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Осы іс бойынша 11.11.1991 жылы туған Игорь Сергеевич Петровтың іс әрекетінің ҚР ҚК-ның 191-бабының 2-бөлігі 1-тармағы бойынша жасалған іс-әрекеттер саралансын.
2. Осы қаулының көшірмесі прокурорға жіберілсін.
3. Қабылданған шешімдер туралы күдікті мен оның қорғаушысына хабарласын.

Астана қ. САІБ тергеушісі (анықтаушысы)
полиция аға лейтенанты

А. Ахметов

Қаулымен танысты:

Күдікті: И.С. Петров _____

Қорғаушы: _____

Сауалнамалық деректерді нақтылау туралы
ҚАУЛЫ

20__ жылғы 25 қыркүйек

Астана қ.

Астана қ. САІБ тергеушісі (анықтаушысы) полиция аға лейтенанты А. Ахметов СДБТТ тіркелген №16353203100010 қылмыстық іс материалдарын қарап,

АНЫҚТАЛДЫ:

03 сағ. 10 минутта белгісіз адам Астана қ Сатпаев к №1 үйдің жанында болып Мадияроваға күш қолданып маркасы САМСУНГ Галакси ұялы телефонын ашық түрде тартып алған. Содан Мадияроваға соммасы 15000 тенге материалдық залал келтірген.

Осы дерег ҚР ҚК 191-бабы. 2-б. 1-т. бойынша №16353203100010 СДБТТ тіркелген.

Сонымен қатар, кейбір процестік құжаттарда, атап айтқанда қылмыстық істі өз өндірісіне алу туралы қаулыда күдікті И.С. Петровтың сауалнамалық деректері «Петрев» деп жазылса, онда жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес: Қазақстан Республикасы азаматының жеке басының куәлігі №123456789, 11.11.2007 жылы ҚР ІІМ берген 11.11.1991 жылы туған Игорь Сергеевич Петров дегенді ресми жеке деректер деп есептеген жөн.

Жазылғандардың негізінде, ҚР ҚПК-ның 24, 198-баптарын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне 20__ жылғы «02» қыркүйекте №16353203100010 енгізілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдары бойынша 11.11.1991 жылы туған Игорь Сергеевич Петров деген дұрыс деп есептелсін.

2. Күдікті И.С. Петровқа қатысты жүргізілген тергеу әрекетін және қабылданып отырған бұрмаланған процестік шешімдер қабылданды деп есептелсін.

3. Қабылданған шешімдер туралы мүдделі тұлғалар хабарласын.

4. Осы қаулының көшірмесі прокурорға жіберілсін.

Астана қ. САІБ тергеушісі (анықтаушысы)
полиция аға лейтенанты

А. Ахметов

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы
ҚАУЛЫ

«15» қазан 2016 ж.

Қарағанды қ.

Қарағанды ПД ТБ-ның тергеушісі полиция капитаны И.И. Иванов № 16353203100010 қылмыстық іс материалдарын қарай отырып,

АНЫҚТАДЫМ:

Сонымен, А.А. Санталин, 22.02.1978 ж.т., «*Опиоид қолдану салдарынан психикасының және тәртібінің бұзылуы. Тәуелділік синдромы*» диагнозымен «Облыстық наркологиялық диспансер» МҚКК-де 05.02.2012 жылдан бері есепте тұратындығын анық біле тұра, жүргізуші куәлігін алу мақсатында, «Здравие» ЖШС-да медициналық тексеруден өту кезінде оның наркологиялық диспансерде есепте тұрмағандығы туралы 09.09.2010 жылғы №27653 жалған құжатты көрсеткен.

Кейіннен, «Здравие» ЖШС-ның медициналық анықтамасының негізінде А.А.Санталин «Облыстық наркологиялық диспансер» МҚКК-де есепте тұрмайтын тұлға ретінде жүргізуші куәлігін алған.

Осылайша А.А. Санталиннің іс-әрекетінде ҚР ҚК 3-бөлімінің 385-бабында көзделген қылмыс құрамының белгілері, яғни жүргізуші куәлігін алуға құқық беретін жалған құжатты пайдалану байқалады.

ҚР ҚК 71-бабына сәйкес тұлға егер жеңіл қылмыс жасағаннан кейін қылмыс жасаған күнінен бастап екі жыл өтсе, онда ол қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.

ҚР ҚК 11-бабының 2-тармағына сәйкес, ҚР ҚК 3-бөлімінің 325-бабында көзделген қылмыс жеңіл қылмыс санатына жатады, ол үшін берілетін жаза 2 жыл бас бостандығынан айырудан аспайды.

А.А.Санталиннің 2011 жылы қылмыс жасағандығын және содан бері 3 жылдан аса уақыт өткендегін ескере отырып, ол қылмыстық жауапкершілікке тартылған мерзімінің өткені үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, ҚР ҚПК 35, 198, 288-баптары 1-бөлімінің 4-тармағын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. ҚР ҚК 3-бөлімінің 385-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бойынша № 16353203100010 қылмыстық іс жөніндегі іс жүргізу, А.А.Санталинге қатысты, оны қылмыстық жауапкершілікке тартқан мерзімнің өтуіне байланысты тоқтатылсын.

2. А.А.Санталинге қатысты, көріну түріндегі міндеттеме түріндегі процессуалдық мәжбүрлеу шарасының күші жойылсын.
3. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарлансын.
4. Осы қаулының көшірмесі прокурорға жіберілсін.

Қарағанды ІД ТБ-ның тергеушісі, (қолы)
полиция капитаны

И.И.Иванов

Осы қаулымен таныстым, қаулыға шағымдану құқығы маған түсіндірілді:

«_____» _____ 20__ ж. _____ (Аты-жөні)

Ынтымақтастық туралы
ПРОЦЕССУАЛДЫ КЕЛІСІМ

«18» мамыр 20__ ж.

Переметное кенті

Бір жағынан Солтүстік Қазақстан облысы прокуроры әділет аға кеңесшісі А.В. Попов №14270001100057 қылмыстық ісі бойынша ҚР ҚПК 193-бабы 1-бөлімі 19-тармағының негізінде және 612-бабы 1-бөлімінің 2-тармағын және 619-бабын басшылыққа ала отырып және екінші жақтан күдікті Орал қаласының тумасы, жұмыс істемейтін В.В. Кузнецов (25.07.1982 ж.),
Қорғаушы: А.А. Сергеев

ҚР ҚПК 615-бабы 3-бөлімінің 2-тармағында, 616-бабтың 1 және 2-бөлімдері 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген, қажеттілік туындаған жағдайда ҚР ҚПК 47-бабы ережесі бойынша құпиялығын сақтай отырып және оның 12-тарауына сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, Батыс Қазақстан облысы, Зеленов ауданы, Переметное кентіндегі Некрасов көшесі 23 үйде орналасқан прокуратура ғимаратында төмендегі келесі шарттарды сақтай отырып күнәні мойындау туралы мәміле түріндегі келісімді жасады:

Кузнецов Владимир Витальевич
БҚО Зеленов ауданы Рубежка кенті
Коммунисттік көшесі, 14 үй
жұмыс істемейді, бұрын сотталмаған

В.В. Кузнецов 20__ жылдың 25. 04. Зеленов ауданының Рубежка кентінде болған кезінде Заводская көшесіндегі азаматша А.В. Сидороваға тиесілі №45 үйдің сарайына жасырынып кіріп, үш тауық ұрлап, артынан қылмыс орнынан жасырынған.

20__ жылдың 28.04. күні В.В. Кузнецов өзі ұрлаған үш тауықты Даринское ауылының тұрғыны А.В. Воронцовқа 5000 теңгеге сатады, мұны соңғы аталған тұлғаның жауабы растайды.

1. Күдікті күнәні мойындау туралы мәміле түріндегі процессуалды келісімге байланысты барлық шарттар мен талаптармен танысты.

2. Жәбірлеу және өзгеде адами емес қатаң немесе адам намысын таптайтын қатынастар немесе жазалауға ұшыраған жоқ және бірігәп жұмыс істеу туралы процессуалды келісімді өз еркімен жасады әрі оның құқықтық әсерін түсінеді.

Күдікті Кузнецов В.В.

_____ (қолы)

Күдікті В.В. Кузнецов міндетіне алады:

- а) құқық қорғау органдарымен құқық бұзушылықты ашу және тергеу бойынша бірігіп жұмыс істеуді;
- б) қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты жағдайларды анықтау барысында қылмыстық іс жүргізуді тексеруге көмектесуді
- в) қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сол сияқты экстремистік және террористік қылмыстарды ашу мен тергеуге болысуды
- г) басқа жағдайлар:

3. Тараптар жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты босату туралы ҚР ҚПК 476 бабы 1 тарауының 5 бөлімін қолдануға (ҚР ҚК 72 бабы), жазаның өтелмеген бір бөлігін жазаның жеңіл түрімен ауыстыруға немесе тағайындалған жазаның мерзімін қысқартуға (ҚР ҚК 73 бабы) келіседі.

Ұсыныспен келісемін:

Күдікті В.В.Кузнецов

_____ (қолы)

Күдікті В.В.Кузнецовтың процессуалды келісімнен бас тартуға құқығы бар. Тараптардың процессуалды келісім жасаудан бас тартуы ҚР ҚПК 614 бабының 3 және 4 бөлімдеріне сай қайта келісім жасау туралы өтініш беруіне кедергі жасамайды.

Күдікті В.В.Кузнецов _____ (қолы)

4. Күдікті В.В. Кузнецов осы келісім аясында басқа тараптың міндеттерді орындауы, толығымен өзінің Заңды және осы жасалған келісімнің кез-келген ережесін сақтауына байланысты екенін түсінеді.

Күнәні мойындау туралы мәміле түріндегі процессуалды келісім орындалмаған жағдайда прокурор ҚР ҚПК көрсетілген тәртіппен қылмыстық жауапкершілікке тартуға болатын мерзім ішінде сотқа үкімді өзгерту және қылмыстық іс жүргізуді жалпы тәртіппен қарастыру туралы өтініш беруге құқылы.

5. Күдікті В.В. Кузнецов келісіміді қасақана орындамаудың ҚР ҚК 419 бабына сай өзін қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болатынын түсінеді.

Келісім 20__ жылдың «18» мамырында 3 данамен жасалды (1-данасы айыптау актісіне қосылып, сотқа жіберіледі, 2-данасы прокурорға, 3-данасы күдіктіге (күдіктіге) жіберіледі).

Тараптар:

**Солтүстік Қазақстан облысының
прокуроры
аға әділет кеңесшісі**

(қол)

А.В. Попов

Күдікті

(қол)

В.В. Кузнецов

Келісім күдіктінің қорғаушысының қатысуымен жасалды

Қорғаушы

(қол)

А.А.Сергеев

**«Бекітемін»
Астана қаласының
прокуроры
әділет кеңесшісі
Е.К. Маратов**

«___» _____ 20__ жыл

АЙЫПТАУ АКТІСІ

10.10.20__ ж.

Астана қаласы

Астана қ. САІБ тергеушісі (анықтаушысы) полиция аға лейтенанты А. Ахметов 10.10.20__ жылы 16:00 сағатта Астана қаласы САІБ полиция бөлімінің ТБ тіркелген №16353203100010 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын қарап, ҚР ҚПК-нің 298, 299, 300-баптарының талаптарын сақтай отырып, мына төменде көрсетілген адамға күдіктену бойынша айыптау актісін жасады:

**Игорь Сергеевич Петров
11.11.1991 жылы туған
орыс, бұрын сотталмаған
Ақмола облысының тумасы
Астана қаласы, Сатпаев көш.,
12-63 мекежайы бойынша тұрады
ҚР ҚК-нің 191-бабының 2-бөлігінің
1-тармағы бойынша қылмыс жасады
деген күдік бойынша**

Игорь Сергеевич Петров 11.11.1991 жылы 2016 жылы 1 қыркүйекте шамамен сағат 03:10-де И.С. Петров, мына мекенжай бойынша: Астана қ. Сатпаев көшесі 1-үйдің жанында алкогольдік мас күйінде азамат Мадиярованы кездестірген болатын. Осы сағатта Мадиярова өзіне тиесілі маркасы Самсунг Галакси ұялы телефонымен сөйлесіп келе жатқан болатын. Содан И.С. Петров аз. Мадиярованың қолынан маркасы Самсунг Галакси ұялы телефонын көріп, И.С. Петровтың ойына қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ниеті пайда болды. Өзінің ниетін жүзеге асыра Мадияроваға дене жарақатын келтіріп, Мадияроваға тиесілі маркасы самсунг галакси ұялы телефоның ашық түрде иеленген. Содан Мадияроваға соммасы 15 000 тенге материалдық шығын келтірген.

Күдікті И.С. Петровтың қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдетін мән-жайлар сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында анықталмаған.

Күдікті И.С. Петровтың қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар ҚР ҚК 54 б 1 б 12 т сай қылмыстық құқық бұзушылықты алкогольдік мас күйінде жасауы.

Жазылғандардың негізінде И.С. Петров ҚР ҚК-нің 191-бабының 2-бөлігі 1-тармағымен көзделген күш қолдана отырып бөтеннің мүлкін ашық ұрлады деген күдік тағылды, 11.11.1991 ж.т., бұрын сотталмаған, орыс, үйленбеген, білімі орта, ҚР азаматы РК, Астана қаласы, Сатпаев көш., 12-63 мекенжайы бойынша тұрады, жұмыс істемейді. Бұлтартпау шарасы: «ешқайта кетпеу туралы қолхат». Тұрғылықты жері бойынша қанағаттанарлық мінезделеді. Қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған, ІБ есептерінде тұрған жоқ.

Күдікті И.С.Петровтың кінәсі қылмыстық істің мынадай материалдарымен дәлелденді:

- кінәсін жартылай мойындаған, сондай-ақ келтірілген зиян сипаты мен мөлшерін жартылай таныған 11.11.1991 ж.т.күдікті И.С. Петровтан жауап алу хаттамасы.

і.п. №32-34, 79-81

- 07.10.20__ жылы жәбірленуші ретінде Мадияровадан жауап алу хаттамасы, онда ол өзінің мүлкін ашық ұрлаудың мән-жайлары туралы түсіндірген.

і.п. №11-12

- 07.10.20__ жылы оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасы

і.п. №4-7

- 07.10.20__ жылы нәрселерді тану үшін көрсету хаттамасы, оның барысында жәбірленуші Мадиярова өзінің қара түсті «Самсунг Галакси» ұялы телефонын таныды.

і.п. №18-20

- 08.10.20__ жылы IMEI коды №011623849517601 қара түсті «Самсунг Галакси» маркалы ұялы телефонды алу хаттамасы.

і.п. №61-62

- 07.10.20__ жылы жеке адамды тану хаттамасы, оның барысында жәбірленуші Мадиярова өзіне қатысты жасалған қылмыс бойынша Петровты таныды

і.п. №18-20

- 07.10.20__ жылы жеке жәбірленуші Мадиярова мен күдікті Петровтың арасында болған беттестіру хаттамасы.

і.п. №18-20

Мінездеме-анықтамаға сәйкес И.С. Петров тұрғылықты жері бойынша қанағаттанарлық сипатталады.

і.п. №90

Нарколог дәрігер мен психатр дәрігердің анықтамалары бойынша оларда есепте тұрған жоқ.

і.п. №88

ҚР БС ҚСЖАЕК-тің ШҚО бойынша Басқармасының талаптарына сәйкес бұрын сотталмаған.

і.п. №91

11.11.1991 ж.т. Игорь Сергеевич Петров ҚР ҚК-нің 191-бабының 2-бөлігі 1-тармағымен күдіктену бойынша айыптау актісі 10.10.20__ жылы жасалды және №16353203100010 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен бірге ҚР ҚПК-нің 300-бабының тәртібімен Астана қаласының прокурорына жіберіледі.

Осы үш парақтаға айыптау актісі маған 10.10.20__ жылы 19 сағат 00 минутта жарияланды.

Күдікті: _____
(қолы)

Қорғаушы: _____ *И.И.Иванов*
(қолы)

Сонымен қатар маған ҚПК 64-бабының тоғызыншы бөлігінде көзделген құқықтар, сондай-ақ:

- 1) өзінің не үшін айыпталып отырғанын білуге;
- 2) прокурор бекіткен айыптау актісінің, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманың көшірмесін алуға;
- 3) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыт пен мүмкіндікке ие болуға;
- 4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға;

5) тергеп-тексерудің кез келген сатысында процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге немесе оған келісім білдіруге және процестік келісім жасасуға, процестік келісімнің көшірмесін алуға;

6) ҚПК көзделген жағдайларда, қылмыстық істі алқабилер қатысатын соттың қарауы туралы өтінішхат мәлімдеуге құқылы екенім түсіндірілді.

Күдікті: _____
(қолы)

**Астана қ. САІБ тергеушісі (анықтаушысы)
полиция аға лейтенанты**

А. Ахметов

№16353203100010 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдары бойынша
АНЫҚТАМА

№16353203100010 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдары Бірыңғай тізілімде 07.10.20__ жылы №16353203100010 тіркелген.

і.п. №1, 48

- 08.10.2013 жылы күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылды.

і.п. №82-84

- 07.10.20__ жылы И.С. ПЕТРОВ күдікті ретінде танылды.

і.п. №28-29, 75-76

- 07.10.20__ жылы және 08.10.20__ жылы мына төменде көрсетілген нәрселер заттай дәлелдемелер ретінде танылды және сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарына қоса тіркелді:

қара түсті «Самсунг Галакси» маркалы ол сақтау қолхатына сәйкес жәбірленуші Мадияровада сақталуда.

і.п. №41-42, 85-86

- 07.11.20__ жылы И.С. Петровке қатысты ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық түріндегі бұлтартпау шарасы таңдап алынды.

і.п. №39

- 10.10.20__ жылы жәбірленуші Мадиярова сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен танысты.

і.п. №95-96

- 10.10.20__ жылы күдікті Петров И.С. оның қорғаушы сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен танысты.

і.п. №98

- сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалы бойынша процестік шығындар жоқ.

і.п. №89

- айыптау актісі 10.10.20__ жылы Астана қаласында жасалды.

і.п. №99-103

**Астана қ. САІБ тергеушісі (анықтаушысы)
полиция аға лейтенанты**

А. АХМЕТОВ

Сот отырысына шақырылуға жататын адамдардың
ТІЗІМІ

Қорғау жағы:

- Күдікті: Петров И.С., Астана қаласы, Сатпаев көш., 12-63 мекенжайы бойынша тұрады.

і.п. №32-34, 79-81, 35-36, 82-84

- Қорғаушы: Иванов И.И., Ақмола облыстық заң консультациясы.

і.п. №26-27, 73-74

Айыптау жағы:

- Жәбірленуші: Мадиярова Астана қ, Рыков көш., 63.

і.п. №11-12

- Жәбірленуші: Мадиярова Астана қаласы, Орджоникидзе көш., 45-15.

і.п. №58-59

- Куәлар: Қоңырбаев М.С., Астана қаласы, Қабанбай Батыр көш., 78-95.

і.п. №43-45

**Астана қ. САІБ тергеушісі (анықтаушысы)
полиция аға лейтенанты**

А. Ахметов

«Келісемін»
Астана станциясындағы
ЖІБ бастығы
полиция подполковнигі
__қолы__ А.А.Абаев
1 қаңтар 20__ жыл

«Бекітемін»
Ақмола
көлік прокуроры
әділет кеңесшісі
__қолы__ Б.Б.Бейсенов
2 қаңтар 20__ жыл

Қылмыстық теріс қылық жасағаны туралы
ХАТТАМА

1 қаңтар 20__ жыл

Астана қаласы

Басталды 10 сағат 30 минут
Аяқталды 10 сағат 55 минут

Астана станциясы ЖІБ АБ анықтаушысы полиция аға лейтенанты М.М.Миронов Бірыңғай тізілімде 01.01.20__ жылы №0001 тіркелген сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалын ҚР ҚПК-нің 527-бабына сәйкес қарап, осы хаттаманы мыналарға қатысты жасады

Тегі, аты әкесінің аты:	Айдаров Айдар Айдарович
туған күні:	15.02.1988
туған жері:	Қырғызстан Республикасы
ұлты:	Қырғыз
білімі:	орта
азаматтығы:	Қазақстан Республикасы
отбасы жағдайы:	үйленбеген
соттылығы:	сотталмаған
тұрғылықты жері:	Астана қаласы, Федоров көш., 25
жұмыс(оқу)орны:	уақытша жұмыс істемейді

Айдаров Айдар Айдарович 20__ жылы 1 қаңтарда шамамен 09.00 сағатта Астана қаласында темір жол вокзалы ауданында өзінің танысы Роман Романович Романовтан 25 гр. мөлшерінде «кептірілмеген марихуана» есірткі құралын ірі мөлшерде (01.01.20__ж. №001 СХС қорытындысына сәйкес) заңсыз сатып алып, оны өзінде заңсыз сақтаған.

Жазылғандар мыналармен расталады:

Куә И.И.Ивановтың айғақтары	і.п. № 5
Куә П.П. Петровтың айғақтары	і.п.№ 6
01.01.20__ жылғы №001 сот-химиялық сараптама қорытындысы і.п. № 7-9	

Сонымен, Айдаров Айдар Айдарович, 15.02.1988 жылы туған, 25 гр. мөлшерінде «кептірілмеген марихуана» есірткі құралын ірі мөлшерде заңсыз

сатып алып, оны сату мақсатынсыз заңсыз сақтаған, яғни ҚР ҚК-нің 296-бабының 2-бөлігімен көзделген қылмыстық теріс қылық жасаған.

Осы 2 парақтағы хаттама маған 20__ жылы 1 қаңтарда 10 сағ. 50 мин. жарияланды.

Күдікті: ___қолы___ **А.А. Айдаров**

Қорғаушы: _____қолы_____ **З.З. Захаров**

Астана станциясы
ЖІБ АБ анықтаушысы
полицияға лейтенанты

(қолы)

М. Миронов